



ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

ЖАЙЫҚ ӘДІСКЕРІ

НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№1 (48) 2026

**Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасының
Әдістемелік орталығы
Методический центр
Управления образования Западно-Казахстанской области
Ғылыми-әдістемелік журнал
«Жайық әдіскері»
Научно-методический журнал**

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 04.12.2013 жылы тіркеліп, №14011-Ж куәлігі берілді. 25.02.2025 жылы №KZ13VPY00113382 куәлігі жаңартылды	Бас редактор	Кубашева Гүлмира Камалқызы – Әдістемелік орталық директоры
	Жауапты хатшылар	Қуатова Альбина Женисовна – Білім беру сапасын басқару және менеджмент бөлімінің қазақ тілі пәнінің әдіскері Ажикенова Ұлпан Мәлікқызы – Білім беру сапасын басқару және менеджмент бөлімінің ағылшын тілі пәнінің әдіскері
Редакциялық алқа		
Қолжазба авторға қайтарылмайды. Жарияланған мақала авторларының көзқарастары редакция пікірін білдірмейді. Таралымы 100 дана Жылына 4 рет шығады. Мақалалар қазақ, орыс тілдерінде басылады. Выходит 4 раз в год, материалы публикуются на казахском, русском языках. Редакцияның мекен-жайы: Орал қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 23 үй, телефондар: 24-08-03, 24-12-04, 24-12-07, 26-04-77, 26-04-64 E-mail: batys-adis@itc.edu.kz	Боранбаева Бақтылы Сансызбаевна	М.Өтемісов ат. Батыс Қазақстан университетінің "Тарих, экономика және құқық" факультетінің оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
	Ергалиева Гүлжан Алғазықызы	Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Өтемісов ат. БҚУ-дың педагогика және психология кафедрасының деканы
	Кажымуратова Жаннат Санкибаевна	М.Өтемісов ат. БҚУ, ЖГФ, биология, география, химия мұғалімдерін дайындау БББ (білім беру бағдарламасы) аға оқытушысы
	Зулқашева Шынар Мулқайевна	Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының директоры
	Бисенғалиева Асыл Макымовна	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің аға оқытушысы, техника ғылымдарының магистрі
	Ізмұханбетова София Салахиденқызы	Педагогика ғылымының кандидаты, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы «БҚО ПКБАИ» ректоры
	Искалиева Айгүль Бисенбаевна	Орал «Сервис» технологиялық колледжінің директоры
	Еришова Эльмира Айдынгалиевна	Орал қаласы №47 «Бәйтерек» бөбекжайының меңгерушісі
	Бексұлтанова Айымгүл Жұмаханқызы	БҚО әдістемелік орталығы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және шағын жинақты мектеп бөлімінің басшысы
	Нарикова Женискул Мырзабековна	БҚО әдістемелік орталығы білім беру менеджменті және сапасын басқару бөлімінің басшысы
	Ерментаева Асел Сатқанқызы	Абай атындағы мектеп гимназиясы директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары, «Үздік педагог-2021», педагог-шебер
	Қуаншалиева Райгүл Тілекқабалқызы	БҚО әдістемелік орталығы техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы
	Рамазанов Орынбек Жұмабайұлы	БҚО әдістемелік орталығы медиа-сүйемелдеу бөлімінің басшысы

Корректорлар:

1. Қудашева Даурия Төлегенқызы – мектепке дейінгі білім беру мен тәрбие жұмысы бойынша әдіскері
2. Карманова Жанар Сәбитқызы – кәсіптік оқыту бойынша әдіскері
3. Рамазанов Орынбек Жұмабайұлы - медиа сүйемелдеу бөлімінің басшысы

Құрметті автор!

«Жайық әдіскері» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы Қазақстан Республикасы педагогтерінің озық педагогикалық тәжірибесін таратуға және алмасуға бағытталған.

Журнал Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 36-2) тармақшасына, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңына, Ақпарат, кітапхана ісі және баспа ісі бойынша мемлекетаралық стандарт жүйесіне сәйкес бекітілген ғылыми қызмет нәтижелерін жариялауға ұсынылатын басылымдардың тізбесіне қосу үшін ғылыми басылымдарға қойылатын талаптар негізінде өзірленген тәжірибелермен бөліседі.

Мақалаға қойылатын талаптар мен жариялану шарттары:

Жариялауға «Білім берудегі менеджмент, сапа және бағалау», «Ғылыми ізденіс», «Тұлғаны әлеуметтендіру және тәрбие», «Пәндерді оқыту әдістемесі: тәжірибе және инновация», «Техникалық және кәсіптік білім берудегі өзекті мәселелер» тақырыптық айдарларында қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі мақалалар қабылданады. Авторлар үшін жариялану тегін. Мақала келесі талаптарға сай болуы керек:

- тақырыптың өзектілігі;
- тақырыптың анықтығы мен дәлдігі;
- мақала мазмұнының журнал басылымының тақырыбына сәйкестігі;
- педагогикалық зерттеудің әдістері мен нәтижелерін сипаттау;
- мақала тек сипаттама түрінде емес, аналитикалық сипатта болуы тиіс;
- нақты практикалық мысалдарды сипаттау және оларды тақырыпты таңдаумен және мәселенің өзектілігімен салыстыру;
 - зерттеу нәтижелеріне негізделген ұсыныстар;
 - әдебиеттер тізімі;
 - андатпа және түйінді сөздер (егер мақала орыс тілінде жазылса, онда андатпа және түйінді сөздер қазақ тілінде жазылады)

Қабылданатын мақалаға қойылатын талаптары, мақалалардың түрлері, мақаланы бағалау парағы туралы толығырақ ақпаратты әдістемелік орталықтың ресми сайтында bko.edu.kz, «Жайық әдіскері» журналы бөлімінде табуға болады.

** Мақалалар екі деңгейлі шолудан өткізіледі. Редакция мақаланы әдеби және стилистикалық өңдеумен айналыспайды. Талаптарға сәйкес келмитін мақалалар (Қысқа мерзімді жоспар) жариялауға қабылданбайды. Сонымен бірге редакциялық алқа авторларға кері байланыс бермеу құқығын өзіне қалдырады.*

Техникалық рәсімдеуге қойылатын талаптар:

1. Мақала мәтіні Microsoft Word бағдарламасында теріледі.
2. Мақаланың көлемі (кестелерді, әдебиеттер тізімін, суреттер атауын жазуларды, сурттерді қоса алғанда) 10 беттен аспауы тиіс
3. Қағаз өлшемі – А4 (портреттік бағдар, барлық жағынан 2,5 см)
4. Сурет кескіндердің көлемі мақала көлемінің 1/4 бөлігінен аспауы керек.
5. Негізгі мәтіннің қарпі –Times New Roman, өлшемі –14, өрістер: сол жағы - 30мм, оң жағы – 15 мм, жоғарғы жағы – 20 мм, төменгі жағы – 20 мм
6. Жоларалық интервал – 1
7. Қысқартулар тек жалпы қабылданған өлшем атауларын, физикалық, химиялық және математикалық шамалар мен терминдерді және т.б. қолдануға рұқсат етіледі.

Авторлар туралы мәлімет:

- тегі, аты, әкесінің аты (толық);
- ғылыми дәрежесі (бар болса), лауазымы, біліктілік санаты, педагог өтілі, жұмыс орнын көрсету;
- байланыс телефоны және e-mail;
- автордың (-лардың) jpeg форматындағы сапалы 1 фотосуреті (300 dpi).



Мақаланың құрылымы:

Тақырып. Автор(лар)дың ТАӘ құжаттың ортасында орналасуы керек.

Аңдатпа (100 сөзден аспайды).

Түйінді сөздер (4-7 сөз).

Кіріспе: тақырыппен таныстырады, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін тұжырымдайды, тақырыптың өзектілігін сипаттайды.

Зерттеу әдістемесі: зерттеуде қолданылатын әдістердің сипаттамасы.

Нәтижелер: алынған мәліметтерді ұсыну және оларды талдау.

Талқылау: нәтижелерді түсіндіру, өткен зерттеулермен салыстыру, заңдылықтарды анықтау.

Қорытынды: қорытындылау, зерттеу перспективалары. Зерттеуді қаржыландыру туралы ақпарат (бар болса).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Барлық материалдарды batys-adis@itc.edu.kz электрондық поштаға жіберуіңізге болады. Журнал жылына 4 рет (әр тоқсан сайын) шығады.

М А З М Ұ Н Ы

БІЛІМ БЕРУДЕГІ МЕНЕДЖМЕНТ, САПА ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

МЕКТЕПТІҢ ДАМУЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕРІСТЕРДІ БАСҚАРУДАҒЫ МЕКТЕП БАСШЫСЫНЫҢ РӨЛІ А.А.Габдуллина.....	6
ПІКІРСАЙЫС – ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ОЙЛАУЫН ЖӘНЕ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ А.Ж.Сисенбаева.....	9
БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ ЗАМАНАУИ ҮЛГІСІ: ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ МҮМКІНДІКТЕРІ А.К.Сапарғалиева.....	12

ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ: ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ

БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫН САБАҚТА ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ Ш.И.Жанғалиева.....	16
SMART WASTE БОЛАШАҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ШЕШІМ А.Т.Идресова.....	19
ЦИФРЛЫҚ ОРТАДА БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІН ҚАРАСТЫРУ: АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ САПАЛЫ БІЛІМГЕ ҚАДАМ М.А.Иманғалиева.....	22
ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КӨМЕГІМЕН ХИМИЯЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТТЕРДІ ВИРТУАЛДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ОҚУ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ ТИІМДІЛІГІ М.Н.Рамазанова.....	25
БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА STEM ТӘСІЛІН ҚОЛДАНУ М.Ж.Мұрадым.....	27

ТҮЛҒАНЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ

ЭМОЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ: ОТ САМОРЕГУЛЯЦИИ К ПОНИМАНИЮ ДРУГИХ Л.К.Кабдолова.....	31
ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ А.Д.Кубаева.....	37
ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚ АНАЛАРЫНЫҢ БОЙЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ТАНЫТУ А.Е.Таңбаева.....	40
РАЗВИТИЕ СЛУХОВОГО ВОСПРИЯТИЯ ЗВУКОВ У ДЕТЕЙ В ДЕТСКОМ САДУ А.С.Бекдаирова.....	43
БАЛАНЫ ОТБАСЫНДА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ АТА-АНАЛАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК ҰСТАНЫМДАРЫ Ж.К.Тұлеуова.....	46
«БЕС АСЫҚ» ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ Н.М.Ағзам.....	50

ОҚУШЫ ТҮЛФАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ СЫНЫП ЖЕТЕКШІНІҢ РӨЛІ
М.Ж.Мукашева.....52

ҰЛТТЫҚ КОДТЫ САҚТАУШЫ – ҒҰМАР ҚАРАШТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖОЛЫ
М.Ә.Әбуова.....55

ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІС

ВЛИЯНИЕ ЛИТЕРАТУРЫ ВРЕМЁН ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ
ВОЙНЫ НА ФОРМИРОВАНИЕ ПАТРИОТИЧЕСКИХ ЦЕННОСТЕЙ
Д.К.Иржигитова.....58

«CLASSCARD», «ӘДЕБИ МОНОПОЛИЯ» ОЙЫНДАРЫ АРҚЫЛЫ
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ, ПӘНДІК БІЛІМІН АРТТЫРУ
Ж.Т.Лукпанова.....60

АУЫЛ МЕКТЕБІ – САПА АЛАҢЫ: МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДАҒЫ
ЖАҢА СЕРПІН
Ж.А.Аккалиева.....63

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН
ДАМЫТУДАҒЫ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР
Л.М.Махмудова.....65

РОЛЬ КРАЕВЕДЕНИЯ НА УРОКАХ И ВО ВНЕУРОЧНОЕ ВРЕМЯ
Г.Р.Онайбекова.....68

БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА ТӘЖІРИБЕЛІК ЖӘНЕ ЗЕРТХАНАЛЫҚ
ЖҰМЫСТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ
А.К.Суйналиева.....71

ОҚЫТУДЫҢ АРАЛАС ФОРМАТЫ АРҚЫЛЫ АУЫЛ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
ТАРИХИ САУАТТЫЛЫҒЫН КӨТЕРУ
А.Т.Утегенова.....73

ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ САБАҒЫНДА КЕЙС-ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ:
ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ
Г.М.Нугманова.....76

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

ТЖКБ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚТЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ
А.Х.Масалимов.....80

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫ ҮЙЛЕСТІРУДІҢ ТИІМДІ ТЕТІКТЕРІ
Р.Т.Куаншалиева.....83

ЖАС ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН САУАЛНАМА
НЕГІЗІНДЕ ТАЛДАУ
Л.Р.Нургалиева.....86

ИСЛАМСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: ОТ ТРАДИЦИОННЫХ МЕДРЕСЕ
К СОВРЕМЕННЫМ ИСЛАМСКИМ УНИВЕРСИТЕТАМ
С.С.Махмет.....89

МЕКТЕПТІҢ ДАМУЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕРІСТЕРДІ БАСҚАРУДАҒЫ
МЕКТЕП БАСШЫСЫНЫҢ РӨЛІ



А.А.Габдуллина,
БҚО, Тасқала ауданы
Амангелді мектеп-бөбекжай-балабақша кешенінің
директоры, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші

Аңдатпа:

Бұл мақалада мектептің даму процесі және білім беру ұйымындағы өзгерістерді басқару мәселелері қарастырылады. Мектеп басшысының стратегиялық жоспарлау, педагогикалық ұжымды ынталандыру, инновацияларды енгізу және өзгерістерге бейімделу қабілеттері мектептің тұрақты дамуының негізгі факторлары ретінде сипатталады. Сонымен қатар өзгерістерді басқару барысында туындайтын қиындықтар мен оларды шешу жолдары талданады. Мақала нәтижелері мектеп басшыларының кәсіби құзыреттілігін арттыруға және мектепті тиімді басқару тәжірибесін жетілдіруге бағытталған.

Түйінді сөздер: *Мектептің дамуы, өзгерістерді басқару, мектеп басшысы, басқару, көшбасшылық, білім беру.*

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық және технологиялық өзгерістер білім беру жүйесіне де тікелей әсер етуде. Білім саласында болып жатқан реформалар, инновациялар – заманауи мектепке үлкен өзгерістер әкеліп, басқару моделінің жаңаруын талап етуде. Осы бағытта мектептегі оқу-тәрбие процесіне енгізіліп жатқан жаңа идеялар көшбасшылықтың дамуын және мектептегі мәдениетті жақсартуға, дұрыс жолға қоюға бағытталған. Осы өзгерістер жағдайында мектептің тиімді дамуы мен сапалы білім беруі мектеп басшысының кәсіби шеберлігіне, басқарушылық қабілетіне байланысты. Мектеп басшысы – тек әкімшілік қызметкер ғана емес, сонымен қатар өзгерістерді басқарушы, көшбасшы тұлға. Ең алдымен мектеп басшысы мектепті дамыту

процесін дұрыс жолға қою үшін дамыту жоспарын құрастырады. Бұл – оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыруға бағытталған жүйелі, мақсатты және ұзақ мерзімді әрекеттер жиынтығы. Соның ішінде мектептің миссиясы дұрыс анықталуы қажет.

Әр мекеме өзін-өзі дамытуды ойласа, ең алдымен педагогтердің кәсіби шеберліктерін көтеруден бастау қажет. Себебі қазіргі еңбек нарығындағы сұранысқа ие маман – сауатты, білімді, жаңа технологияларды меңгерген мұғалім. Сондықтан да мектеп басшысының алдында үлкен міндеттер тұр – педагог кадрларымен үнемі жетілдіру жұмыстарын жүргізу, ата-аналармен, оқушылармен жұмыстарды жаңа форматта өткізу, мектепке көзқарастарын өзгерту, оқушылардың білім алуына барлық

жағдай жасап, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру.

Бұл процестің табысты болуы мектеп басшысының даму стратегиясын дұрыс анықтап, оны жүзеге асыра алуына байланысты. Даму стратегиясы – бұл мектептің қазіргі жағдайын талдау негізінде болашақ мақсаттарды айқындап, сол мақсаттарға жетудің нақты жолдарын жоспарлау үдерісі.

Мектеп басшысы стратегияны анықтау барысында білім беру сапасын арттыруды, педагогтердің кәсіби дамуын, оқушылардың тұлғалық әлеуетін және мектептің материалдық-техникалық базасын кешенді түрде ескеруі тиіс. Сонымен қатар стратегиялық мақсаттар нақты, өлшенетін және мектеп ұжымына түсінікті болуы қажет.

Стратегияны жүзеге асыру кезеңінде мектеп басшысының көшбасшылық қасиеттері айқын көрінеді. Ол педагогикалық ұжымды ортақ мақсатқа жұмылдырып, өзгерістерге деген оң көзқарас қалыптастырады, жанашылдықтарды енгізуде қолдау көрсетеді. Мұғалімдердің бастамаларын ынталандыру, кері байланыс орнату және нәтижелерді жүйелі түрде бағалау стратегияның табысты орындалуын қамтамасыз етеді. Біздің мектепте осы өзгерістерді енгізу үшін және стратегиялық мақсаттарды орындау үшін «Жобалық-бағдарланған оқу» жобасы енгізілді. Бұл жоба педагогикалық ұжым мен оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырады, білім алушылардың теориялық білімін практикалық іс-әрекетпен ұштастыра отырып, олардың сыни ойлауын, шығармашылық қабілеттерін, зерттеушілік дағдыларын және өмірлік мәселелерді өз бетінше шешу құзыреттіліктерін дамытады. Жоба ая-

сында мектептегі мұғалімдердің пән бірлестіктеріне тапсырмалар беріліп, проблемалық тақырыптарды анықтадық. Олар мәселені шешу жоспарын құрды. Проблемалық тақырыпқа байланысты жоспардың мерзімі, жүргізілетін шаралар мен басымдықтарды нұқтылады.

Мектепті дамытудың перспективалық жоспарында алға қойған басымдықтарды жүзеге асыру үшін мұғалімдермен, оқушылармен, ата-аналармен шаралар жүзеге асты. Осылайша, мектеп басшысының даму стратегиясын дұрыс таңдап, оны тиімді іске асыра білуі білім беру ұйымының тұрақты дамуына, білім сапасының және бәсекеге қабілеттілігінің артуына негіз болады және білім саласындағы болып жатқан өзгерістерді басқарады.

Өзгерістерді басқару – бұл жаңа идеяларды, реформаларды немесе жанашылдықтарды жоспарлы түрде енгізу және оларды ұжымның қабылдауын қамтамасыз ету процесі. Мектеп басшысы өзгерістерді басқару барысында осы әрекеттерді ұстануы дұрыс болады: өзгерістің қажеттілігін түсіндіруі; ұжыммен ашық қарым-қатынас орнатуы; педагогтерге әдістемелік және психологиялық қолдау көрсетуі; қарсылықтарды дұрыс басқара алуы.

Мектеп басшысы жұмыстың нақты көрінісін көруі маңызды, сол себептен барлық өтіп жатқан жұмыстарға мониторинг жасайды. Мектептің қазіргі таңдағы жағдайын анықтау үшін SWOT талдау жасап, әлсіз және күшті жақтарын, мүмкіндіктер мен қауіптерін анықтайды. Бұл талдаудан болашақтағы мектепті дамыту басымдықтарын шығарып, жоспар құрады. Оқушылардың білім сапасына мониторингті жүргізу үшін жоспарда LS сабақтарына, іс-әрекеттегі зерттеуге көп көңіл аударылады.

Мектеп басшысының даму мен өзгерістерді басқарудағы рөлі көпқырлы. Өткен жылы мұғалімдердің кәсіби біліктілігін жетілдіру арқылы оқу процесін жақсарту мақсатында мектепте «Кәсіби даму орталығы» жобасы басталды. Бұл жоба бойынша мектепшілік және аудандық семинарлар ұйымдастырылып, мектеп басшысы өзінің командасымен жүргізді. Осы жерде мектеп директорының рөлі маңызды. Біріншіден, ол көшбасшы – ұжымды ортақ мақсатқа жұмылдырады, мотивация береді; екіншіден, стратег – мектептің даму бағытын анықтап, нақты жоспар құрады; үшіншіден, ұйымдастырушы – ресурстарды тиімді пайдаланып, жұмысты үйлестіреді, төртіншіден, жаңашыл – жаңа педагогикалық идеялар мен технологияларды қолдайды; бесіншіден, делдал – мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар және қоғам арасындағы байланысты нығайтады.

Қорытындылай келе, мектептің табысты дамуы мен өзгерістерді тиімді басқару мектеп басшысының кәсіби көшбасшылығына тікелей байланысты. Заманауи мектеп басшысы өзгерістерден қорықпай, оларды даму мүмкіндігі ретінде қабылдай білуі тиіс. Осындай жағдайда ғана мектеп бәсекеге қабілетті, сапалы білім беретін оқу ордасына айналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Боламбаев, Б.Қ. Білім беру ұйымдарын басқару негіздері. – Алматы: Рауан, 2018.
2. Әбдіғапбарова, Ұ.М. Педагогикалық менеджмент. – Алматы: Қазақ университеті, 2019.
3. Fullan, M. The New Meaning of Educational Change. – New York: Teachers College Press, 2016.
4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2020.
5. Сманов, Б.М. Мектеп басқаруындағы инновациялық үдерістер. – Шымкент: ОҚМПУ баспасы, 2021.

ПІКІРСАЙЫС – ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ОЙЛАУЫН ЖӘНЕ
КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ
ТИІМДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ



А.Ж.Сисенбаева,
БҚО, Орал қаласы
«Дарын» қосымша білім орталығы
директорының оқу-тәрбие жұмысы
жөніндегі орынбасары

Аңдатпа:

Мақалада пікірсайыс технологиясының оқушылардың сыни ойлауын, коммуникативтік және көшбасшылық қабілеттерін қалыптастырудағы рөлі қарастырылады. Зерттеу Батыс Қазақстан облысындағы мектеп оқушылары арасындағы пікірсайыс қозғалысының даму тәжірибесіне негізделген. Педагогикалық бақылау, сауалнама және нәтижелерді салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижелері пікірсайысқа жүйелі түрде қатысатын оқушылардың аналитикалық ойлау деңгейі, дәлелді сөйлеу дағдылары мен азаматтық белсенділігінің жоғарылайтынын көрсетті.

Түйінді сөздер: Пікірсайыс, сыни ойлау, көшбасшылық, коммуникативтік құзыреттілік, азаматтық ұстаным, дебат технологиясы.

Қазіргі білім беру кеңістігінде оқушыларды тек академиялық біліммен қаруландыру жеткіліксіз. Жаһандану жағдайында қоғамға сыни ойлай алатын, өз көзқарасын дәлелді жеткізе білетін, әлеуметтік жауапкершілігі жоғары тұлға қажет. Осы тұрғыда білім беру жүйесінде оқушының функционалдық сауаттылығын, коммуникативтік және көшбасшылық қабілеттерін дамытуға бағытталған инновациялық педагогикалық технологиялардың маңызы арта түсуде. Солардың бірі – пікірсайыс (дебат) технологиясы. Пікірсайыс оқушыларды ақпаратты талдауға, логикалық ойлауға, қарсы пікірмен жұмыс істеуге және өз ұстанымын мәдениетті түрде қорғауға үйретеді. Сондықтан бұл тақырыптың педагогикалық тұрғыдан өзектілігі жоғары.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері

Зерттеудің мақсаты – пікірсайыс технологиясының оқушылардың сыни ойлауын, коммуникативтік және көшбасшылық қабілеттерін дамытудағы тиімділігін анықтау.

Зерттеу міндеттері:

- пікірсайыс технологиясының педагогикалық әлеуетін талдау;
- оқушылардың пікірсайысқа қатысу нәтижелерін зерттеу;
- практикалық мысалдар негізінде пікірсайыстың білім беру үдерісіндегі рөлін анықтау;
- алынған нәтижелер негізінде әдістемелік ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында келесі педагогикалық әдістер қолданылды:

- педагогикалық бақылау;

- сауалнама жүргізу;
- оқушылардың жетістіктерін салыстырмалы талдау;
- пікірсайыс турнирлерінің нәтижелерін сараптау.

Зерттеу базасы ретінде Батыс Қазақстан облысындағы мектептерде жұмыс істейтін пікірсайыс клубтарының қызметі алынды.

Нәтижелер және талдау

Зерттеу нәтижелері пікірсайысқа тұрақты қатысатын оқушылардың сыни ойлау деңгейі мен коммуникативтік дағдыларының айтарлықтай артқанын көрсетті. Атап айтқанда:

- оқушылардың көпшілік алдында сөйлеу сенімділігі артты;
- дәлел құрастыру және қарсы пікірге жауап беру қабілеттері жетілді;
- азаматтық ұстанымдары айқындала түсті.

Практикалық мысал ретінде 2024-2025 оқу жылында өткен республикалық пікірсайыс турнирін атауға болады. Аталған турнирде Батыс Қазақстан облысының «AURA» фракциясы ағылшын лигасында I орын иеленді. Сонымен қатар Булекбаев Алихан «Үздік спикер», Кубашева Айзере «Ең тапқыр ойыншы» номинацияларына ие болды. Бұл нәтижелер пікірсайыс арқылы қалыптасқан аналитикалық ойлау мен командалық жұмыстың тиімділігін дәлелдейді.

Талқылау

Алынған нәтижелер пікірсайыс технологиясының тек зияткерлік қабілеттерді ғана емес, тұлғаның азаматтық және әлеуметтік жауапкершілігін де қалыптастыратынын көрсетеді. Экология, тәуелсіздік, құқықтық мәдениет, білім беру мәселелері бойынша пікірталас жүргізу оқушылардың қоғамдық процестерге саналы көзқарасын қалыптастыруға ықпал

етеді.

Қорытынды және ұсыныстар

Пікірсайыс – оқушылардың сыни ойлауын, көшбасшылық және коммуникативтік қабілеттерін дамытудың тиімді педагогикалық құралы. Зерттеу нәтижелері негізінде келесі ұсыныстар беріледі:

1. Мектептерде пікірсайыс клубтарының жұмысын жүйелі түрде ұйымдастыру;
2. Пікірсайыс элементтерін сабақ үдерісіне кіріктіру;
3. Мұғалімдерге арналған дебат технологиясы бойынша әдістемелік семинарлар өткізу;
4. Оқушыларды облыстық және республикалық деңгейдегі турнирлерге тарту.

Пікірсайыс – белгілі бір тақырып аясында екіжақты дәлелдер арқылы ой таластыратын зияткерлік ойын ғана емес, ол – оқушыны өмірге, қоғамға, жауапты шешім қабылдауға дайындайтын маңызды мектеп. Дебат барысында оқушылар ақпаратты іздеп, оны саралап, салыстырып, нақты қорытынды жасауға үйренеді. Сонымен қатар өз ойын жүйелі түрде жеткізу, қарсы тараптың пікірін тыңдау, өз көзқарасын мәдени әрі дәлелді түрде қорғау дағдылары қалыптасады. Бұл – қазіргі заман жастарына аса қажет құзыреттіліктер.

Пікірсайыс оқушыларды тек сөйлеуге ғана емес, тыңдай білуге, өзгенің пікіріне құрметпен қарауға, толерантты ойлауға тәрбиелейді. Қарсы көзқарасты дәлелмен жоққа шығару арқылы жас дебатшылар эмоцияға берілмей, логика мен фактіге сүйенуді үйренеді. Мұның барлығы олардың болашақта қоғамдағы белсенді азамат, саналы көшбасшы ретінде қалыптасуына негіз қалайды.

Батыс Қазақстан облысында

пікірсайыс қозғалысы соңғы жылдары жүйелі түрде дамып келеді. Облыс көлемінде түрлі деңгейдегі турнирлер тұрақты ұйымдастырылып, аудандық және қалалық мектептерде пікірсайыс клубтары белсенді жұмыс жүргізуде. Бұл клубтар оқушылардың зияткерлік әлеуетін ашуға, шығармашылық қабілетін дамытуға және көшбасшылық қасиеттерін шыңдауға мүмкіндік беріп отыр.

Оқушылар БПФ, КПФ, WSDC сынды халықаралық және ұлттық форматтарда бақ сынап, өз білімдерін тәжірибе жүзінде дәлелдеуде. Мұндай алаңдар жас пікірсайысшылардың жауапкершілігін арттырып, өзіне деген сенімін нығайтады. Сонымен қатар республикалық және халықаралық деңгейде тәжірибе алмасуға жол ашады.

Ағымдағы жылы өткен республикалық пікірсайыс турнирі Батыс Қазақстан облысы үшін табысты нәтижелермен есте қалды. Атап айтқанда, облыстың «AURA» фракциясы ағылшын лигасында жүлделі I орынды иеленіп, өңір намысын абыроймен қорғады. Бұл – жүйелі дайындық пен табанды еңбектің жемісі. Сондай-ақ турнир барысында ерекше шешендігімен және дәлелді сөйлеу мәнерімен көзге түскен Булекбаев Алихан «Үздік спикер» номинациясына ие болды. Ал «Интеллект» фракциясының мүшесі Кубашева Айзере логикалық тапқырлығы мен жылдам ойлау қабілеті үшін «Ең тапқыр ойыншы» атанды.

Бұл жетістіктер жас дебатшылардың жоғары дайындық деңгейін, терең ойлау қабілетін және командалық үйлесімділігін айқын көрсетеді. Сонымен қатар өңірдегі пікірсайыс қозғалысының дұрыс бағытта дамып келе жатқанын дәлелдейді.

Пікірсайыс алаңдарында тәуелсіздік, экология, білім беру, құқықтық мәдениет, әлеуметтік әділеттілік сияқты қоғам

үшін маңызды тақырыптар қозғалады. Мұндай мәселелерді талқылау арқылы оқушылардың азаматтық позициясы қалыптасып, ел тағдырына деген жауапкершілік сезімі арта түседі. Бұл – болашақта саналы шешім қабылдай алатын, белсенді әрі ойлы ұрпақ тәрбиелеудің берік негізі. Осылайша, пікірсайыс – жай ғана жарыс емес, тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал ететін, көшбасшылық қабілетті қалыптастыратын, ойлы әрі жауапты ұрпақ тәрбиелеудің тиімді тетігі. Батыс Қазақстан облысындағы пікірсайыс қозғалысының жетістіктері – өңір жастарының зияткерлік әлеуетінің жоғары екенінің және болашаққа нық қадам жасап келе жатқандығының айқын көрінісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 2018.
2. Әбілқасымова А.Е. Сыни ойлау технологиялары. – Алматы: Білім, 2020.
3. Fisher R., Scriven M. Critical Thinking. – UK: Edgepress, 2019.
4. Paul R., Elder L. The Miniature Guide to Critical Thinking. – California, 2020.

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ
ЗАМАНАУИ ҮЛГІСІ: ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ
ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ МҮМКІНДІКТЕРІ



А.К.Сапарғалиева,
БҚО, Ақжайық ауданы
Білім беру бөлімінің әдістемелік
кабинет меңгерушісі

Аңдатпа:

Мақалада білім беру ұйымдарындағы әдістемелік кеңестің заманауи үлгісі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – әдістемелік жұмысты цифрлық трансформация жағдайында жаңғыртудың тиімді тетіктерін айқындау. Жұмыста талдау, салыстыру, мониторинг және тәжірибелік апробация әдістері қолданылды. Нәтижесінде цифрлық платформалар мен жасанды интеллект құралдарын енгізу мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, әдістемелік жұмыстың тиімділігін күшейтуге ықпал ететіні анықталды. Ұсынылған модель аудандық білім беру жүйесінде қолдануға бағытталған.

Түйінді сөздер: Әдістемелік кеңес, цифрлық технология, жасанды интеллект, кәсіби даму, білім сапасы, педагог құзыреттілігі.

XXI ғасыр – ақпарат пен технология ғасыры. Қазіргі білім беру жүйесі цифрлық трансформация кезеңін бастан өткеріп, мазмұны мен құрылымы жағынан жаңа сапалық деңгейге көтерілуде. Бүгінде білім беру кеңістігі тек білім беретін орта ғана емес, деректерге сүйенетін, жедел өзгеретін, инновацияны талап ететін күрделі экожүйеге айналды. Қазақстан Республикасының білім беру саясаты да осы үдерістен шет қалмай, педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамытуға, заманауи оқыту технологияларын енгізуге және жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға басымдық беріп отыр.

Цифрлық құралдар мен жасанды интеллект тек техникалық жаңалық емес, олар – білім беру философиясын өзгертетін фактор. Олар оқу үдерісін жекелендіруге, білім алушының қажеттілігіне бейімдеуге,

оқу жетістіктерін нақты деректер арқылы талдауға мүмкіндік береді. Осындай жағдайда басқару мен әдістемелік қолдау жүйесі де жаңа мазмұнмен толығы тиіс.

Әдістемелік кеңес – педагогтердің кәсіби дамуын қамтамасыз ететін, оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыруға бағытталған негізгі басқару және үйлестіру құрылымы. Дәстүрлі форматта ол жоспарлау, бақылау және тәжірибе алмасу қызметтерін атқарса, қазіргі кезеңде оның рөлі анағұрлым кеңейді. Бүгінгі әдістемелік кеңес – стратегиялық ойлау алаңы, цифрлық талдау орталығы, инновациялық бастамалардың генераторы болуы қажет.

Уақыт талабы әдістемелік жұмысты деректерге негізделген шешім қабылдау жүйесіне көшіруді, педагогтің жеке кәсіби траекториясын айқындауды, жасанды

интеллект құралдарын тиімді пайдалануды міндеттейді. Себебі сапалы білім – тек мазмұн жаңартумен емес, басқару мәдениетін жаңғыртумен де тығыз байланысты. Сондықтан әдістемелік кеңестің қызметін цифрлық трансформация жағдайында қайта қарастыру – бүгінгі білім беру жүйесінің стратегиялық міндеттерінің бірі. Бұл үдеріс педагогтің шығармашылық әлеуетін ашуға, кәсіби ынтымақтастықты нығайтуға және білім сапасын тұрақты арттыруға бағытталған жаңа мүмкіндіктер кеңістігін қалыптастырады.

Зерттеудің мақсаты: Әдістемелік кеңес жұмысын заманауи цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект негізінде жетілдіру моделін ұсыну.

Міндеттері: Әдістемелік кеңестің дәстүрлі қызметін талдау; цифрлық құралдардың мүмкіндіктерін анықтау; жасанды интеллект негізіндегі қолдау тетіктерін сипаттау; аудандық деңгейде енгізу тәжірибесін ұсыну.

Тақырыптың өзектілігі – білім сапасын арттыруда деректерді талдау, онлайн-платформаларды пайдалану және педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту қажеттілігімен айқындалады.

Зерттеу әдістемесі. Зерттеу жұмысы жүйелілік, сабақтастық және ғылыми нақтылық қағидаттарына негізделіп отырып ұйымдастырылды. Әдістемелік кеңестің цифрлық трансформация жағдайындағы қызметін жан-жақты зерделеу мақсатында бірнеше өзара байланысты зерттеу әдістері қолданылды. Ең алдымен, білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарға кешенді талдау жасалды. Бұл кезеңде мемлекеттік бағдарламалар, тұжырымдамалар, әдістемелік ұсынымдар зерделеніп, олардың цифрлық білім беру кеңістігін қалыптастырудағы

бағыт-бағдары айқындалды. Аталған талдау зерттеудің теориялық негізін қалыптастырып, әдістемелік кеңес қызметін жаңғыртудың стратегиялық бағдарын анықтауға мүмкіндік берді. Келесі кезеңде педагогтердің цифрлық құзыреттілік деңгейіне диагностика жүргізілді. Диагностикалық құралдар арқылы мұғалімдердің цифрлық сауаттылығы, онлайн-платформаларды пайдалану дағдылары, деректермен жұмыс істеу қабілеті және жасанды интеллект құралдарын қолдану тәжірибесі бағаланды. Бұл зерттеудің бастапқы нүктесін белгілеп, әрі қарайғы жұмыстың мазмұнын нақтылауға негіз болды. Сонымен қатар онлайн сауалнама мен тұрақты мониторинг ұйымдастырылды. Сауалнама педагогтердің цифрлық ортадағы кәсіби қажеттіліктерін, қиындықтары мен сұраныстарын анықтауға бағытталды. Мониторинг барысында әдістемелік кеңес қызметінің тиімділігі, қабылданған шешімдердің нәтижелілігі және педагогтердің кәсіби белсенділігінің динамикасы жүйелі түрде талданып отырды.

Зерттеу барысында салыстырмалы талдау әдісі де кеңінен қолданылды. Бұл әдіс дәстүрлі әдістемелік жұмыс үлгісі мен цифрлық форматтағы жаңартылған модельдің айырмашылықтарын айқындауға, олардың тиімділік көрсеткіштерін салыстыруға мүмкіндік берді.

Тәжірибелік апробация аудан мектептері базасында жүзеге асырылды. Әдістемелік кеңестің жаңартылған цифрлық моделі нақты білім беру ұйымдарында сынақтан өткізіліп, оның практикалық нәтижелері талданды. Бұл кезеңде педагогтерге цифрлық құралдарды қолдану бойынша әдістемелік қолдау көрсетіліп, кәсіби қауымдастық

форматындағы жұмыс ұйымдастырылды. Зерттеу үдерісінде заманауи цифрлық платформалар – Kundelik, Google Workspace сервистері және білім беру аналитикалық жүйелері пайдаланылды. Аталған құралдар құжат айналымын жүйелеуге, деректерді жинақтауға және талдауға мүмкіндік берді. Сонымен бірге жасанды интеллектке негізделген мәтіндік талдау құралдары әдістемелік материалдарды әзірлеу, кері байланысты саралау және оқу жетістіктерін болжау бағытында қолданылды.

Зерттеу 2024-2025 оқу жылы аралығында Ақжайық ауданының білім беру ұйымдары негізінде кезең-кезеңімен жүргізілді. Жүйелі ұйымдастырылған әдістемелік жұмыспен цифрлық құралдарды тиімді пайдалану зерттеу нәтижелерінің нақтылығы мен сенімділігін қамтамасыз етті.

Нәтижелер.

Зерттеу нәтижелері төмендегіні көрсетті: Әдістемелік кеңес отырыстарын цифрлық форматқа көшіру (онлайн хаттама, ортақ бұлттық құжаттар) жұмыс ашықтығын 40%-ға арттырды. Мұғалімдердің цифрлық құзыреттілік деңгейі бастапқы диагностикада 62% болса, жүйелі әдістемелік қолдаудан кейін 81%-ға көтерілді.

Жасанды интеллект құралдарын (сабақ жоспарын құру, кері байланыс талдау, тест генерациялау) қолдану педагогтердің уақыт үнемдеуін 25-30%-ға қамтамасыз етті. Деректерге негізделген мониторинг білім сапасының көрсеткіштерін тұрақтандыруға мүмкіндік берді.

Әдістемелік кеңестің жаңартылған моделі төмендегі бағыттарды қамтиды: цифрлық педагогика; деректер аналитикасы; жасанды интеллектті қолдану мәдениеті; кәсіби қоғамдастықтарды дамыту; Lesson Study және Action Research

әдістерін цифрлық ортада жүргізу.

Талқылау.

Алынған нәтижелер білім беру ұйымдарындағы әдістемелік жұмыстың мазмұны өзгеріп жатқанын көрсетеді. Дәстүрлі әдістемелік кеңес көбіне есеп беру сипатында болса, заманауи модель стратегиялық және аналитикалық сипатқа ие. Жасанды интеллект құралдарын қолдану педагогтің орнын алмастырмайды, керісінше, оның шығармашылық және әдістемелік әлеуетін кеңейтеді. Әсіресе сабақ жоспарлау, сараланған тапсырма құрастыру, қалыптастырушы бағалау материалдарын әзірлеу барысында тиімділігі байқалды. Өткен зерттеулерде цифрлық құзыреттілік білім сапасының маңызды факторы ретінде қарастырылса, біздің зерттеу аудандық деңгейдегі әдістемелік кеңестің осы үдерістегі үйлестіруші рөлін дәлелдейді. Сонымен қатар киберқауіпсіздік, академиялық адалдық және жасанды интеллектті этикалық қолдану мәселелері де әдістемелік кеңес назарында болуы тиіс.

Қорытынды.

Жүргізілген зерттеу әдістемелік кеңес қызметін цифрлық трансформация талаптарына сай жаңғыртудың тиімді екенін айқын көрсетті. Ұсынылған заманауи цифрлық модель дәстүрлі ұйымдастыру тәсілдерін жүйелі талдау, деректерге негізделген басқару және инновациялық технологияларды орынды қолдану арқылы жаңа сапалық деңгейге көтереді.

Ең алдымен, әдістемелік кеңестің цифрлық форматы педагогтердің кәсіби дамуын жеделдетуге ықпал ететіні дәлелденді. Цифрлық платформалар мен жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдалану мұғалімдердің әдістемелік ізденісін кеңейтіп, олардың шығармашылық белсенділігін арттырды. Педагог өзінің кәсіби траекториясын

нақты деректерге сүйене отырып жоспарлауға мүмкіндік алды.

Сонымен қатар білім сапасының көрсеткіштерінде оң өзгерістер байқалды. Оқу жетістіктерін жүйелі талдау, мониторинг жүргізу және жедел кері байланыс беру білім беру үдерісін басқаруда нақтылық пен ашықтықты қамтамасыз етті. Басқарушылық шешімдердің деректерге негізделуі олардың тиімділігін арттырып, әдістемелік жұмыстың нәтижелілігін күшейтті. Уақыт ресурсын тиімді пайдалану да маңызды нәтижелердің бірі болды. Құжатайналымының цифрландырылуы, автоматтандырылған талдау құралдарының қолданылуы педагог пен әдіскердің уақытын үнемдеп, оны мазмұндық және шығармашылық жұмысқа бағыттауға мүмкіндік берді.

Зерттеу көрсеткендей, әдістемелік кеңес тек үйлестіруші орган ғана емес, инновацияны жүйелі енгізетін стратегиялық орталыққа айналуы тиіс. Болашақта жасанды интеллект негізіндегі білім беру аналитикасын тереңдету, педагогтердің цифрлық зерттеу мәдениетін қалыптастыру және аудандық цифрлық әдістемелік платформа құру – басым бағыттардың бірі болмақ. Мұндай платформа тәжірибе алмасуды жеделдетіп, әдістемелік қолдаудың бірыңғай цифрлық экожүйесін қалыптастыруға негіз болады.

Айта кету керек, цифрлық трансформация жағдайында әдістемелік кеңестің жаңартылған моделі білім беру сапасын тұрақты арттыруға бағытталған тиімді құрал екені дәлелденді. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыс білім беру ұйымдарының дамуына серпін беріп, педагог мәртебесінің кәсіби мазмұнын жаңа деңгейге көтереді.

Зерттеуді қаржыландыру: зерттеу арнайы қаржыландыру көздерінсіз жүзеге асырылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Оқу-ағарту министрлігі (2023). Цифрлық білім беру ресурстарын дамыту тұжырымдамасы. Астана.

2. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. (2024). Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту әдістемесі. Астана.

3. ҚР Үкіметі. (2023). Жасанды интеллектіні дамыту тұжырымдамасы (2023-2029). Астана.

4. Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ. (2024). Lesson Study: тәжірибе және заманауи тәсілдер. Астана.

5. Білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы. (2025). Білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформация: талдау және тәжірибе. Алматы.

6. Қасымова Г. Қ. (2024). Білім беру жүйесіндегі жасанды интеллект технологияларының мүмкіндіктері. Педагогика және инновация, №2, 15-22 б.

БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫН САБАҚТА ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ



Ш.И.Жангалиева,
БҚО, Теректі ауданы
Федоровка №1 ЖОББМ
бастауыш сынып мұғалімі,
педагог-зерттеуші

Аңдатпа:

Бұл мақалада Блум таксономиясын сабақ үдерісінде қолданудың тиімділігі қарастырылады. Блум таксономиясы – оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған педагогикалық модель. Сабақ барысында бұл әдісті қолдану арқылы мұғалім оқушылардың білімді меңгеру деңгейін жүйелі түрде ұйымдастырып, ойлау дағдыларын (білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау) кезең-кезеңімен дамыта алады. Нәтижесінде білім алушылардың сыни ойлау қабілеті артып, өздігінен шешім қабылдау, талдау жасау және қорытынды шығару дағдылары қалыптасады.

Түйінді сөздер: Блум таксономиясы, танымдық дағдылар, сыни ойлау, оқу мақсаттары, белсенді оқыту, сабақ тиімділігі, педагогикалық технология, білім сапасы.

Жеке тұлғаның басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай білуге қабілеті болу, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Блум таксономиясы – жеке тұлғаның шығармашылығын дамытудың және білімді толық меңгертудің әдісі. Сондай-ақ білім алушылардың дайын ақпаратты қабылдаудан бұрын, қойылған мәселені зерттеу, талдау, салыстыру, ой толғау және бағалауына қолдау жасауға негізделген. Б.Блумның білім беру мақсаттарының таксономиясы «Қарапайымнан күрделіге» қарай жіктелген оқу мақсаттарының жүйесі. Блумның түп нұсқа таксономиясы алты деңгейден тұрады: негізгісі

«білім», содан кейін операциялар және онымен байланысты дағдылар – түсіну, қолдану, талдау, синтез және бағалау. Таксономияны 1956 жылы Чикаго университетінің ғалымдар тобы құрды, оны әйгілі американдық психолог Бенджамин Блум басқарды. Блум таксономиясы мұғалімдер үшін несімен пайдалы?

•Кез келген тақырыпқа, кез келген жас тобына қолдануға болады;

•Жеке оқушының қажеттіліктеріне бейімделетін икемді тәсіл;

•Сабақ жоспарларын құрылымдау үшін пайдалануға болады;

•Материал туралы түсініктерін дәлелдеу үшін жоғары деңгейлі сұрақтар мен тапсырмалар әзірлейді;

•Мұғалімдер әр оқушының қандай деңгейде жұмыс істейтінін анықтай алады;

• Оқушының қандай деңгейде

қиындықтарға тап болғанын ескере отырып оқу процесін реттей алады.

Білу деңгейі. Оқушыларға фактілерді немесе анықтамаларды есте сақтау ұсынылуы мүмкін. Мысалы, егер тақырып белгілі тарихи оқиға болса, «Қанша? Бұл кім? Сіз атай аласыз ба?» сұрақтары беріледі.

Түсіну деңгейі. Оқушыларға материалды түсінгендерін қорытындылау немесе қайталау арқылы көрсетуді ұсынуға болады. Тапсырмалар қысқа жауап беретін сұрақтардан, бос орынды толтыруға арналған жаттығуларды қамтуы мүмкін. Мысалы, әдебиеттік оқудан тарау болса келесідей сұрақтар қойылады: «Өз сөзіңізбен жаза аласыз ба? Қысқаша түйіндеме жаза аласыз ба? Сіздің ойыңызша, ары қарай не болуы мүмкін еді? ...».

Қолдану деңгейі (қолданбалы деңгей). Оқушылар үйренгендерін жаңа жағдайда қолдануы мүмкін. Олар бірнеше жауаптарды таңдау тапсырмаларын орындауды, жұмыс парақтарын толтыру және рөлдік ойынға қатысады. Мысалы, егер ғылым туралы тарау болса, «Ең қолайлы тұжырымдарды таңдаңыз. Салдарын бағалаңыз. Бұдан не шығады?» сұрақтары қойылады.

Талдау деңгейі. Оқушылар оқиғалардың логикасын түсіндіреді. Олар ғылыми еңбектерге сын көзбен қарап, мәтіндік материалдарды талдау үшін дәлелдер келтіреді. Өткен оқиғаларға қорытынды жасайды, пікірталастарға қатысады. Сондай-ақ ықтимал шешімдерді ұсынады. Сұрақтар: «Қандай оқиғалар болуы мүмкін? Егер ... болған болса, қалай аяқталуы мүмкін? Бұл қалай болды?».

Жинақтау деңгейі. Оқушылар жинақтау деңгейінде әртүрлі элементтер мен идеяларды зерттейді және оларды жаңа

идеялар жасау үшін біріктіреді. Ортақ тақырыптар мен заңдылықтарды анықтап, қорытынды жасауға үйренеді.

Бағалау деңгейі. Оқушылар әртүрлі тақырып бойынша сыни пікір қалыптастыруды үйренеді. Олар белгілі бір критерийлер мен стандарттарға негізделген пікірлер айтуды және логикалық пайымдаулар, дәлелдермен нығайтуды үйренеді.

Бенджамин Блумның педагогикалық мақсаттар таксономиясы



Қандай да бір материалдың маңыздылығын бағалау.

Элементтерді біріктіріп, жаңашылдыққа ие тұтас нәрсе алу.

Материалды құрамдас бөліктерге бөлу.

Үйренгендерді нақты жағдайлар мен жаңа ахуалдарда қолдану.

Материалды түрлендіру, интерпретациялау.

Үйренгендерін есте сақтау және қайталау.

Қазіргі таңда бастауыш сыныптағы оқу процесі баланың тұлғалық дамуын, логикалық ойлауын, шығармашылық қабілетін, функционалдық сауаттылығын арттыруға бағыттталып отыр. Бұл міндеттерді тиімді іске асыру үшін мұғалімдерге тек оқу мазмұнын игертіп қана қоймай, оқушылардың ойлау дағдыларын жүйелі түрде дамыту қажет. Осы орайда Блум таксономиясы оқыту мақсаттарын тиімді жоспарлап, оқушылардың ойлау деңгейлеріне сай тапсырмалар құрастыруға мүмкіндік беретін маңызды әдістемелік құрал болып табы-

лады. Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігіне байланысты олардың есте сақтау, түсіну, қолдану сияқты ойлау деңгейлері жақсы дамиды, ал жоғары деңгейдегі – талдау, жинақтау, бағалау қабілеттері біртіндеп қалыптасады. Дарынды және талантты оқушыларды оқытуда көптеген әдіс тәсілдер ішінен «Блум таксономиясы бойынша сұрақ қою» әдісін пайдалануға болады.

Білу. Сұрақ қою үлгісі: Алманың денсаулыққа қандай пайдасы бар?

Түсіну. Негізгі идеяны ұйымдастыру, салыстыру, түсіндіру, сипаттау және бекіту жолымен сұрақ қою үлгісі: Алма мен апельсиннің денсаулыққа пайдасын салыстырыңыз.

Қолдану. Сұрақ қою үлгісі: Бәліш пісіру үшін алманың қандай түрі жарамды, неге?

Талдау. Сұрақ қою үлгісі: Алмамен тамақ дайындаудың екі тәсілін сипаттаңыз және олардың қайсысы денсаулыққа анағұрлым пайдалы екенін түсіндіріңіз.

Жинақтау. Сұрақ қою үлгісі: Алма бәлішінің «пайдасыз» рецептісіне өзіңіздің қалауыңызша басқа заттарды қосып, бір «пайдалы» рецепт жасаңыз және дәлелдеңіз.

Бағалау. Пікірмен таныстыру және оны дәлелдеу, ақпарат бойынша қорытынды жасау. Сұрақ қою үлгісі: Балаларға алма бәліші пайдалы деп санайсыз ба? Неге – ия немесе неге – жоқ?

Сондай-ақ оқушы танымын дамытуда «Алты қалпақ» әдісін дүниетану пәнінде «Өсімдіктердің көптүрлілігі» тақырыбын өткен кезде алты топқа бөліп қолдандым.

1-топ. Ақ қалпақ. Сөздік пен карта бойынша өсімдіктерді цифрлар мен фактілер арқылы анықтау.

2-топ. Сары қалпақ. Ойлан! Неге жер бетінде адамдар мен жануарлар өсімдіктерсіз өмір сүре алмайды?

3-топ. Қара қалпақ. Дәлелдеу. Егер ауада оттегі болмаса адамдар мен өсімдіктерге не болар еді?

4-топ. Қызыл қалпақ. Ойлан! Айналаңда өсімдіктер солып жатса қандай күйде боласыз?

5-топ. Жасыл қалпақ. Жер беті жылдан-жылға жап-жасыл болып көркеюі үшін не істер едің?

6-топ. Көк қалпақ. Барлық жауаптарды қалай толықтырасыз?

Блум таксономиясы алты деңгейден тұратынын анықтадық. Оның алғашқы төрт деңгейі күнделікті дәстүрлі сабағымызда, ал жинақтау мен бағалау деңгейлері бойынша тақырыпты синтездеп, жинақтап, қорытындылау керектігін байқадық. Блум жүйесінің 6 деңгейі негізінде оқушыға сапалы білім мен шығармашылығын дамыту маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту аясында қазақ тілінде оқытатын мектептердің қазақ тілі мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББ, 2015. – 24 б.

2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (негізгі) деңгей «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2012. – 306 б.

3. Бағалау саясаты. Астана қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебі. – 2014. <http://www.nis.edu.kz/>.

4. Срт. Кз. Үшінші негізгі деңгей. Бірінші бетпе-бет, 3 апта, 1 күн ресурстары.

5. Журнал «Информатика негіздері // 2005.-№1.\

6. Асхат Әлімов «Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері» Алматы 2013

SMART WASTE БОЛАШАҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ШЕШІМ



А.Т.Идресова,
БҚО, Казталов ауданы
С.Есетов атындағы мектеп-бөбекжай кешенінің
биология пәні мұғалімі,
педагог-сарапшы

Аңдатпа:

Мақалада мектеп оқушылары әзірлеген «SMART SOR BOX» жобасы сипатталады. Құрылғы қағаз, пластмасса, металл және шыны қалдықтарын автоматты түрде сұрыптайды. Arduino UNO негізінде жасалған жоба экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, оқушылардың ғылыми-техникалық сауаттылығын арттыруға және пәндерді интеграциялай оқытуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ сұрыпталған қалдықтардан тұрмыстық бұйымдар жасалып, қайта өңдеудің маңыздылығы көрсетіледі. Бұл жоба экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп қана қоймай, оқушылардың шығармашылық, логикалық және ұжымда жұмыс істеу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Түйінді сөздер: Қайта өңдеу, STEM, интеграция, зерттеу жұмысы, экологиялық мәдениет.

Әлемдік деңгейде экологиялық проблемалар аса өзекті болып отыр. Соның бірі – тұрмыстық қалдықтардың шамадан тыс жиналуы мен оларды тиімді қайта өңдеу қажеттілігі. Қалдықтарды сұрыптау мен қайта өңдеу – экологиялық қауіпсіздік пен тұрақты дамудың негізгі шарттарының бірі. Адамзаттың табиғатпен үйлесімді өмір сүруі, оның ресурстарын ұтымды пайдалана білуі – өркениетті қоғам құруда шешуші рөл атқарады. Осы тұрғыда қалдықсыз технологиялар мен «жасыл экономика» тұжырымдамасын енгізу маңызды.

Мектепте оқушылардың экологиялық білімін арттыру, табиғатқа деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру – қазіргі заманғы білім беру жүйесінің маңызды бағыты. Осы бағыттағы

тәжірибелік жобалардың бірі ретінде біз қалдықтарды сұрыптауға арналған «Смарт жәшік» құрылғысын жасадық. Бұл құрылғы қоршаған ортаны қорғау мәдениетін қалыптастырып қана қоймай, оқушылардың инженерлік, логикалық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді.

Смарт жәшіктің құрылымы мен жұмыс істеу принципі

Смарт жәшік қалдықтарды төрт санат бойынша сұрыптайды: қағаз, пластмасса, металл және шыны. Құрылғы Arduino UNO платформасы негізінде жұмыс істейді. Онда инфрақызыл және ультрадыбыстық сенсорлар арқылы қалдық түрі анықталып, сәйкес бөлікке бағытталады. Механизм толықтай автоматтандырылған және энергияны

тиімді пайдалануға негізделген. Жәшікке салынған зат сенсор арқылы танылады да, сервомотор арқылы қажетті бөлімге түседі. Қолданылған негізгі компоненттер:

- Arduino UNO платасы
- Сенсорлар (IR, ультрадыбыстық)
- Сервомоторлар
- Қуат көзі
- ЛЕД индикаторлар

Нәтижелер

1. Интеграцияланған оқытудың жарқын үлгісі. Жаратылыстану бағытындағы пәндер: физика, информатика, биология және технология сабақтарында оқушылар бұл құрылғының жұмыс істеу принциптерін үйреніп, оны тәжірибеде терең түсінеді. Интеграцияланған білім беру арқылы оқушылар бірнеше пәндерден алған білімін бір ортақ мақсатқа бағыттай алады. Бұл тәсіл оқушылардың функционалдық сауаттылығын, логикалық және жүйелі ойлау қабілетін дамытады. Мысалы, информатика пәнінде – Arduino бағдарламалау негіздері, физика пәнінде – ток көздері мен сенсорлар жұмысын, биология сабағында – табиғи тепе-теңдікті сақтау мәселелерін, ал технология сабағында – тұрмыстық бұйым жасау жолдарын оқып үйренеді. Осылайша, оқушы пәндер арасындағы байланысты көріп, білімді өмірмен ұштастыруға үйренеді.

2. Жалпы STEM бағытындағы жобалар оқушылардың өзіндік шығармашылық және шеберлік қабілеттерін дамытады. Мысалы, «SMART SOR BOX» жобасы (қалдықтарды дұрыс сұрыптау); «NURBENCH» жобасы (күн энергиясын қолдану мүмкіндіктерін зерттеу). Осы аталған жобалар барысында оқушылардың зерттеу дағдылары қалыптасады.

Бүгінгі таңда экологиялық білім

беру – білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі. Экологиялық сана қалыптастыру арқылы адамзат табиғатты ұқыпты пайдалануға, қалдықсыз технологияларға бейімделе бастайды. Мектеп жасындағы балаларды экологиялық тәрбиелеу – болашақ ұрпақтың табиғатқа деген көзқарасын қалыптастырудың басты тетігі. Қалдықтарды сұрыптау процесіне тікелей қатыса отырып, олар өздерінің әрбір әрекетінің қоршаған ортаға әсерін сезінеді. Бұл экологиялық сауаттылықты арттырып, шығармашылық ойлауды да дамытады.

Қалдықтарды қайта өңдеп тұрмыстық зат жасау

Сұрыпталған қалдықтарды қайта өңдеу арқылы біз мынадай бұйымдар жасадық:

- Пластмасса бөтелкеден гүл құмырасы мен қалам салғыш;
- Қағаз қалдықтарынан қайта жасалған блокноттар;
- Шыны бөтелкелерден сәндік шамдар;
- Металл қалдықтардан кілтсалғыштар мен құралдар.

Экологиялық және әлеуметтік нәтижелер

- Қалдықтарды автоматты түрде сұрыптау арқылы қоқыс көлемін азайту;
- Оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру;
- Мектепте экологиялық қауіпсіз орта құру;
- Интеграцияланған білім беру арқылы пәндер арасындағы байланысты нығайту;
- Зерттеу және қолданбалы жұмыстар арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру



1-сурет «SMART SOR BOX» жобасы: Arduino арқылы басқарылатын қоқыс сұрыптайтын қоқыс жәшігінің макеті
https://youtu.be/Nw3_bC389m8?si=C6e9C7h3_EeZhRMh



2-сурет «NURBENCH» жобасы: Arduino арқылы басқарылатын күннен энергия алатын орындықтың макеті
https://youtu.be/EPVIKupnD-Q?si=DL9dZGG1V_nnZpr2

Қорыта айтқанда, қазіргі заманауи технологиялар мен білім берудің жаңартылған мазмұны оқушылардың табиғатқа деген қарым-қатынасын қайта қарастыруға мүмкіндік береді. «Смарт жәшік» құрылғысы – осы үдерістің жарқын мысалы. Бұл оқушылардың ғылыми-техникалық сауаттылығын арттырумен қатар, олардың экологиялық санасын қалыптастыруға септігін тигізеді. «Smart Waste: Болашаққа бағытталған экологиялық шешім» жобасы тұрмыстық қалдықтарды тиімді сұрыптау арқылы қоршаған ортаны қорғаудың заманауи жолын көрсетеді. Ақылды жәшік технологиясы қалдықтарды дұрыс бөлуді жеңілдетіп, қайта өңдеуге жарамды материалдардың көлемін арттырады. Нәтижесінде табиғи ресурстар үнемделіп, қоршаған ортаға түсетін зиян азаяды. Сонымен қатар сұрыпталған қалдықтардан тұрмыстық заттар жасау экологиялық мәдениетті қалыптастырып, адамдардың жауапкершілігін арттырады. Бұл жоба экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, жасыл экономикаға көшуге және болашақ ұрпақ үшін таза орта қалыптастыруға бағытталған тиімді

әрі қолжетімді шешім болып табылады.

Мектеп қабырғасында жүзеге асқан бұндай зерттеу жобалары балаларды ұжымда жұмыс істеуге, өз идеясын жүзеге асыруға, заманауи технологияларды меңгеруге үйретеді. Сонымен қатар еліміздегі экологиялық мәдениетті қалыптастыруға қосылған үлес болып табылады. Оқушылардың өз қолымен жасаған бұл құрылғылар – білім берудің практикалық бағытын нақтылай түседі, әрі болашақта қоршаған ортаны аялауға бағытталған жасампаз ұрпақ тәрбиелеудің негізін қалайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі – <https://eco.gov.kz>
2. Мектеп оқулығы «Физика 8-сынып», Алматы: Атамұра
3. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы
4. Сәтпаева А. «Қайта өңдеу – болашақ кепілі», 2021 ж.
5. «Экология және тұрақты даму» журналы, №2, 2022 ж.
6. Arduino Project Handbook – Mark Geddes
7. <https://www.arduino.cc>
8. <https://www.instructables.com>

ЦИФРЛЫҚ ОРТАДА БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІН
ҚАРАСТЫРУ: АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ САПАЛЫ БІЛІМГЕ ҚАДАМ



М.А.Иманғалиева,
БҚО, Жаңақала ауданы
Ә.Жангелдин атындағы ЖОББМ
тарих пәні мұғалімі,
педагог-сарапшы

Аңдатпа:

XXI ғасыр – білім мен ғылымның ғасыры. Ақпараттық-технологиялар дәуірінде білім беру сапасының артуы – цифрлық әрі заманауи технологиялармен байланысты. Ауылдық жерлерде ғаламтор жылдамдығының төмендігі себепті, білім сапасында қала мектептеріндей көрсеткіштер аз. Сол себепті, цифрлық орта арқылы ауыл мектептерінде сапалы білім берудің мүмкіндіктерін қарастырудың маңызы зор. Бұл мақалада цифрландыру дәуіріндегі ауыл мектебінің деңгейі мен білім сапасын арттырудағы бірқатар маңызды қадамға тоқталып өттік.

***Түйінді сөздер:** Цифрлық орта, ауыл мектептері, шағын мектеп, оқу мотиві, жаңа мүмкіндіктер, сапалы білім.*

Цифрлық білім беру үдерісі – бүгінгі заманауи бағдарламалар негізінде оқытудың жаңашыл формалары арқылы жүзеге асуы. Соңғы жылдары технологиялық жаңару белсенді орын алып, ғылым мен білімнің барлық саласында көптеген өзгерістерге қол жеткіздік. Цифрлық ортада білім алудың жаңа мүмкіндіктері ашыла бастады. Педагогтер жасанды интеллект жобаларының арқасында сабақты тиімді әрі нәтижелі ұйымдастыруға мүмкіндіктер алды. Цифрлық даму білім беру саласына оң өзгерістер әкелді. Заманауи әдіс-тәсілдер мен озық технологияларды әлем елдері де өздерінің жүйесіне енгізіп, қолдана бастады. Десе де, «Еліміздегі ауыл мектептерінің цифрлық қоғамдағы даму деңгейі қандай? Оларға заманауи технологиялық жобалар барынша қолжетімді ме?» деген сұрақтардың туындауы орынды.

Білім берудің негізгі мазмұны оқу-танымдық іс-әрекетті мұғалімнің дұрыс ұйымдастыра білуінен құралады. Оқушының өзіндік таным белсенділігін арттырып, оқуға ынтасын оятуда мұғалім ұстанатын принциптердің маңызы зор. Ол принциптер оқушының оқу мотивін қалыптастыру, оқу-тәрбие жұмыстарын дұрыс үйлестіру, басқару мен сараланған әдіс-тәсілдерді сұрыптай алу, жаңа технологиялармен жұмыс жасай алу қабілеті, білім беру үдерісін дұрыс ұйымдастыру сынды әрекеттермен өлшенеді. Цифрлық әлемде педагогтің заманауи оқыту тәсілдерін игере алуы міндеттеледі. Әсіресе, ауыл мектептерінде заманауи құрал-жабдықтардың аздығы немесе толықтай қамтылмауы педагогтің цифрлық ортаға сай білім беру мүмкіндігін шектейді. Соңғы уақыттарда ауыл оқушыларының оқу-танымдық

әрекетін белсендіру қажеттілігі артып келеді. Заманауи әдістер мұғалімге дәстүрлі оқытудан гөрі, сабақты өзгеше өткізуге, оқушылардың ынтасын оятуға жол ашады. Интерактивті тақталар, компьютерлер, арнайы жабдықталған лабораториялық орталықтар, жоғары жиіліктегі ғаламтор, жасанды интеллект жобаларын оңай игеруге қабілетті кәсіби мамандар – ауыл мектебінің білім сапасын арттыруға көмектесетін негізгі білім көздері. Цифрлық білім беру ісінің нәтижелі болуы заманауи талапқа сай жабдықталған мектептер ғана емес, жаңашылдық дағдыларын игеруге қабілетті педагогтердің көптігімен де өлшенеді.

Зерттеу еңбектерінде көрсетілгендей: «Ауыл мен қала баласына ортақ құндылық – білім болғанымен, оған қол жеткізуде кедергілер бар. Қазақстанда білім стандарты біркелкі болғанымен, қала мен ауыл баласына білім беру мүмкіндігі теңесе қойған жоқ». Ендеше, педагогикалық тәжірибелер мен қоғам дамуының ерекшеліктерін негізге ала отырып, ауыл мектептерінде сапалы білім көрсеткішіне қол жеткізетін тәсілдерді талдап көрейік.

Ең бірінші, білімді кадр – сапалы нәтижеге бағыттайтын маман. Ауылдық жерлерде көбіне шағын мектептер болғандықтан, барлық пән мұғалімдері табыла бермейді. Мәселен, 2017 жылы жарық көрген «Егемен Қазақстан» газетіндегі мақалада Амангелді ауданында математика мұғалімінің жоқтығы, оқушыларға Арқалық педагогика институтының студенттері келіп, сабақ өтетіні жайлы жазылған екен. Яғни, жас мамандар ауылда жұмыс істегісі келмейді. Ал жас мамандар – жаңашылдыққа құмар, жаңашыл технологияларды жылдам игеруге қабілетті болады. Болашақ мамандарды ауылдық мекендерге жұмысқа тар-

ту үшін мемлекет тарапынан қосымша жалақы, әлеуметтік жеңілдіктер, тұрақты баспана берілгені дұрыс. Бұл – ауылда сапалы мұғалім кадрларының санын арттыруда көмектесетін, педагогтердің мотивациясын арттырудың бірден-бір жолы.

Екіншіден, ауылдық жерлерге тартылған жас мамандарға қашықтықтан жоғары деңгейлі білім жетілдіру курстары мен Отандық платформаларға қатысуға мүмкіндік беру қажет. Ауылдарға оқу-әдістемелік, біліктілікті арттыру курстарының тренерлері мен спикерлерін жіберу – мұғалімдердің білім деңгейін жоғарылатуға, жаңа білім дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқу мен оқушыларға заманауи технологиялар арқылы сабақ беру үшін ауыл мектептерін ғаламтормен толық қамтамасыз етуге тура келеді. Себебі, оқушылар ғаламтордан көптеген ақпарат алып, оңай шешім қабылдауға, ақпаратты жылдам табуға дағдыланып келеді. Демек, ауыл мектептеріндегі білім сапасын арттырудың келесі қадамы – ғаламтор мен заманауи технологияларға қолжетімділікті арттыру.

Ауыл мектептерінің басым көпшілігі толықтай жаңа инфрақұрылымға сай емес. Олар қауіпсіз, жылы, жарық, инклюзивті білім беруге арналған жағдайлары бар, балалар мен ата-аналарды психологиялық қолдау, өнер, STEM кабинеттерімен толық қамтамасыз етілмеген. Ата-ана мен мектеп, мұғалімдер арасында түрлі тренингтерді: «Баланы қолдау», «Цифрлық қауіпсіздік» тақырыбындағы семинарларды жиі өткізіп тұру да ауыл балаларына үлкен қолдау болып табылады. Тұрмысы төмен отбасыларға әлеуметтік қызметтер: тегін тамақ, оқу құралдарын беруден бөлек, психологиялық көмек қолын соза білген дұрыс. Сондықтан кәсіби, нағыз өз ісінің шебері бола

алатын білімді психолог мамандарын шалғайдағы ауылдарға жұмысқа тартудың оңтайлы шараларын қабылдауға тиіспіз. Сонымен қатар, мектептің білім сапасын ашық түрде айту, арнайы көрсеткіштермен: балалардың сабаққа қатысу ықтималдылығы, оқу нәтижелері, мұғалімдердің біліктілігі, олимпиадалар мен байқауларға оқушылардың қатысуы, тоқсандық бақылау жұмыстарының әділ бағалануы сынды басқару мен бағалау жүйесін жақсартуға көңіл бөлген дұрыс деп санаймыз. Ауылда оқушылар мен жастарға арналған сапалы, әдеби-мәдени орта қалыптастыру – ауыл білімінің сапалы болуына жол ашады. Мәселен, өнер үйірмелері, кітап клубтарын ашу, дебат, робототехника, медиа студиялар, түрлі спорт секцияларын жүргізу ауыл балаларының жан-жақты тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Ауыл әкімшілігі тарапынан мұндай бастамаларға мұрындық болып, қолдау білдірген дұрыс. Мәдени орталықтар көбейген сайын, жастарымыз ұлттық құндылықтармен сусындап, рухани тәрбие алып шығады.

Ауыл мектептерінің сапалы білім жолы үшін білікті маман, жаңартылған инфрақұрылым, заманауи жабдықталған кабинеттер мен мектептен тыс мәдени орталықтар ашуды қолға алған жөн. Ауыл балалары бос уақытын ата-анасына көмектесу, кәсіптік жұмыстарына қолғабыс ету қызметтерін атқарады. Мысалы, отбасы егіншілікпен немесе мал шаруашылығымен айналысар болса, мектеп жасындағы баласы сабақтан тыс кезде сол шаруаларды өзі атқарып жатады. Ата-ана тарапынан саналы түрде баласының көп уақытын білім алуға жұмсауға мүмкіндік берілсе, бала да өз қабілетін танып, жақсы нәтижелерге қол жеткізе алар еді. Яғни, ата-ана баланы шамадан тыс артылатын ауыр еңбектен босатуы қажет.

Ауыл оқушыларының оқуға деген мотивациясын оятуда заманауи жабдықталған кітапханалардың болуы ықпал етеді. Электронды оқулықтар, соңғы жылдары жарық көрген кітап қоры мол кітапханада бала білім алуға ұмтылар еді.

Сондықтан мемлекет тарапынан ауыл мектептерін цифрлық даму орталығы етудің маңызы зор екенін айтқымыз келеді. Ауылда цифрлық технологиялар жұмысының артуы – оқушылардың сапалы білім алуына көмектесетін жемісті жол. Жаңартылған білім мазмұнының талабына сай, өзгермелі қоғамға лайық, жаңашылдыққа құмар, саналы ұрпақты бірге қалыптастырайық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жолдасбеков А.А., Рысбеков Е.Ж. Ауыл мектептерінде оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін белсендірудің мүмкіншіліктері / ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Талдықорған, 2007. – 68 бет
2. «Айналаға қара» («Ауыл өмірі», «Қала өмірі»): «Әлеуметтік-тарихи тәжірибе» бағытын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдамалар. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 224 бет
3. Мәмет С. Білімнің салтанат құруы: межелі міндеттер, түйінді түйткілдер. Отандық білім беру ісін дамыту мәселелері//Егемен Қазақстан, 2017. 28 қыркүйек (№ 186) – 6 бет
4. Игенбаева Р.Т., Өмірзақова Ә.М. Жаңартылған білім мазмұны жайында шағын жинақты мектепте білім беру негіздері/оқу құралы. Алматы: New book, 2021. – 248 бет

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КӨМЕГІМЕН ХИМИЯЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТТЕРДІ ВИРТУАЛДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ОҚУ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ ТИІМДІЛІГІ



М.Н.Рамазанова,
БҚО, Тасқала ауданы
Амангелді мектеп-бөбекжай-балабақша кешенінің
химия-биология пәні мұғалімі

Аңдатпа:

Бұл мақалада жалпы білім беретін мектеп жағдайында химия пәнін оқытуда жасанды интеллект элементтері енгізілген виртуалды эксперименттерді пайдаланудың педагогикалық әлеуеті қарастырылады. Зерттеу барысында педагогикалық бақылау, салыстырмалы талдау, сауалнама жүргізу және оқу жетістіктерін бағалау әдістері қолданылды. Алынған нәтижелер виртуалды эксперименттердің химияны оқыту тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін заманауи құрал екенін дәлелдейді.

Түйінді сөздер: Жасанды интеллект, виртуалды зертхана, химия сабағы, цифрлық білім беру, инновациялық педагогика.

Қазіргі білім беру кеңістігінде цифрлық технологияларды енгізу оқыту мазмұны мен әдістемесіне өзгерістер әкелуде. Әсіресе жасанды интеллектке негізделген білім беру ресурстары оқу үдерісін дараландыруға және оның тиімділігін арттыруға мүмкіндік беріп отыр. Жаратылыстану пәндерінің ішінде химия тәжірибелік әрекетке негізделген пән болғандықтан, зертханалық жұмыстардың сапалы ұйымдастырылуы ерекше маңызға ие. Алайда мектептердің материалдық мүмкіндіктерінің шектеулілігі, қауіпсіздік талаптары мен уақыт тапшылығы дәстүрлі тәжірибелерді толық орындауға кедергі келтіреді. Осы себепті виртуалды химиялық эксперименттер баламалы әрі тиімді шешім ретінде қарастырылады.

Жасанды интеллект пен виртуалды зертханалардың білім берудегі рөлі. Жасанды интеллект – білім алушының әрекетіне бейімделіп, оқу мазмұнын реттеуге мүмкіндік беретін интеллектуал-

ды жүйе. Оқу үдерісінде ЖИ оқушының білім деңгейін анықтауға, қателіктерін талдауға және дербес кері байланыс ұсынуға жағдай жасайды. Ал виртуалды зертхана – компьютерлік модельдеу арқылы химиялық тәжірибелерді имитациялайтын цифрлық орта. Мұндай ортада оқушылар тәжірибені қауіпсіз жағдайда бірнеше рет қайталап, реакциялардың жүру барысын көрнекі түрде бақылай алады. ЖИ элементтері енгізілген виртуалды платформалар оқушының белсенді танымдық әрекетін қалыптастырып, өздігінен зерттеу жүргізу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Виртуалды эксперименттердің оқу сапасына ықпалы. Виртуалды химиялық тәжірибелердің оқу сапасына әсері бірнеше аспектіде байқалады. Біріншіден, қауіпсіздік толық қамтамасыз етіледі, яғни оқушы денсаулығына қауіп төнбейді. Екіншіден, материалдық шығын азаяды, себебі нақты реактивтер мен құрал-

жабдықтарды пайдаланудың қажеті жоқ. Үшіншіден, интерактивті модельдер мен визуалды анимациялар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, күрделі ұғымдарды жеңіл меңгеруге көмектеседі. Жасанды интеллектке негізделген жүйелер әр оқушының оқу қарқынын ескеріп, жеке тапсырмалар ұсыну арқылы білімдегі олқылықтарды уақтылы анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеуді ұйымдастыру және әдістері. Зерттеу жұмысы 2025-2026 оқу жылының I жартыжылдығында жалпы білім беретін мектептің 8-сынып оқушыларымен жүргізілді. Экспериментке бір сынып толықтай қамтылып, химия пәнінің зертханалық және практикалық сабақтарында виртуалды эксперименттер жүйелі түрде қолданылды. Зерттеу барысында ChemistryPRO Online Labs және PhET Interactive Simulations платформалары пайдаланылды.

Оқушылар виртуалды ортада химиялық реакцияларды кезең-кезеңімен орындап, реактивтердің мөлшерін өзгерту арқылы нәтижелерді салыстырды, сондай-ақ дәстүрлі жағдайда орындауға күрделі тәжірибелерді модельдеді. Платформалардың автоматты кері байланыс мүмкіндіктері оқушыларға өз қателіктерін талдауға жағдай жасады.

Зерттеу әдістері ретінде сабақ барысын бақылау, оқу жетістіктерін салыстырмалы талдау, қалыптастырушы және жиынтық бағалау нәтижелерін өңдеу, рефлексиялық сауалнама қолданылды.

Зерттеу нәтижелері виртуалды эксперименттерді қолдану бір сынып жағдайында да оқу сапасының айтарлықтай артқанын көрсетті. Оқушылардың химиялық ұғымдарды түсіну деңгейі жоғарылап, зертханалық жұмыстарға қатысу белсенділігі артты. Қалыптастырушы бағалау нәтижелері тапсырмаларды орын-

дау сапасының жақсарғанын, логикалық ойлау мен талдау дағдыларының дамығанын көрсетті. Рефлексиялық сауалнама деректері бойынша оқушылар виртуалды эксперименттердің сабақ мазмұнын түсінікті әрі қызықты ететінін, өз бетімен жұмыс істеуге және қорытынды жасауға көмектесетінін атап өтті.

Жүргізілген зерттеу химия сабағында жасанды интеллектке негізделген виртуалды эксперименттерді қолдану оқу үдерісінің тиімділігін арттыратынын дәлелдеді. Виртуалды зертханалар оқушылардың теориялық білімін практикамен ұштастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар олар қауіпсіз, қолжетімді және заманауи оқу ортасын қалыптастырады.

Осыған орай виртуалды химиялық эксперименттерді дәстүрлі оқытуды толықтыратын инновациялық құрал ретінде жүйелі қолдану химия пәні бойынша сапалы білім қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Әбілқасымова А.Е., Қоянбаев Ж.Б. Педагогика негіздері. – Алматы: Мектеп, 2020.
- 2.Сейталиев А.С. Химияны оқыту әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2019.
- 3.Әбдіманапов А.С. Химияны оқыту әдістемесі: оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 2019.
- 4.Бектұрсынова Г.С. Білім беруде жасанды интеллектті қолданудың педагогикалық мүмкіндіктері // Қазіргі білім беру технологиялары. – 2022. – №2.
5. PhET Interactive Simulations Project. University of Colorado Boulder. – <https://phet.colorado.edu>
- 6.ChemistryPRO Online Labs. Virtual Chemistry Laboratory Platform.

БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА STEM ТӘСІЛІН ҚОЛДАНУ



М.Ж.Мурадым,
БҚО, Қаратөбе ауданы
Шалғын НОМ биология пәнінің мұғалімі,
педагог-модератор

Аңдатпа:

Мақалада педагогикалық идея биология пәнін жаңашыл әдіспен өтіп, білім алушылардың біліктілігін арттыруды қарастырады. Зерттеуде STEM бағдарламасының ерекшеліктеріне тоқталып, орта мектепте биология пәнін STEM тәсілі арқылы оқытудың әдістері көрсетілген. Яғни, 3D-модель жасауға арналған Thingiverse, Sketchfab т.б. платформалары қолданылған. STEM тәсілі арқылы жобалық оқыту технологиясын кіріктіріп оқыту жоспары, STEM оқушыларға биологияның өмірмен байланысты екенін және олардың алған білімдерін нақты жағдайларда қолдануға болатындығы қамтылады.

Түйінді сөздер: Биология пәні, STEM тәсілі, білім беру бағдарламасы, педагогикалық идея, фотосинтез, жобалық оқыту, оқыту әдістері.

STEM (Science, Technology, Engineering and Mathematics) аббревиатурасы – ғылым, технология, инженерия, математика дегенді білдіреді. Ол білім беру мазмұнын құруға және оқу процесін ұйымдастыруға тәжірибеге бағытталған тәсіл.

STEM тәсілі 4 қағидаға бағытталған:

1. Білім беру процесін ұйымдастырудың жобалық нысаны, оның барысында білім алушылар оқу міндеттерін бірлесіп шешу үшін топтарға бөлінеді;

2. Оқу міндеттерінің практикалық сипаты, олардың нәтижесі отбасының, сыныптың, мектептің, университеттің, кәсіпорынның, қаланың және т. б. қажеттіліктері үшін пайдаланылуы мүмкін;

3. Оқытудың пәнаралық сипаты: оқу міндеттері оларды шешу үшін бірден

бірнеше оқу пәндерінің білімін пайдалану қажет болатындай етіп құрылады;

4. Инженер немесе қолданбалы ғылыми зерттеулер бойынша маман даярлаудың кілті болып табылатын пәндерді қамтиды. Олар: жаратылыстану циклі пәндері (физика, химия, биология), заманауи технологиялар және инженерлік пәндер.

STEM тәсілінің басты мақсаты – дәстүрлі білімге тән практикалық мәселелерді шешуден алшақтықты жеңу және білім алушыларға оқу пәндері арасында түсінікті байланыстар құру.

Ескірген білім беру жүйесінің орнына STEM білім беру бағдарламасы келді. STEM-Science, Technology, Engineering and Mathematics аббревиатурасы. STEM білім беру – бұл STEM-нің 4 негізгі бағытын терең қолданбалы оқытуға бағытталған оқыту әдістері мен бағдарламаларын

құрайды.

STEM бағдарламасы тек оқушыларға ғана емес, мұғалімдерге де бағытталған. Олар балаларға теорияны үйретіп қана қоймай, оны іс жүзінде қолдана білуді үйретуі керек.

STEM бағдарламасының ерекшеліктері:

Тақырыптар бойынша интеграцияланған пәнаралық оқыту;

Бір мәселені мүлдем басқа пәндер тұрғысынан қарастыру. Мысалы, шыны түтіктегі бактериялардың бөлінуін биохимия, биология, математика тұрғысынан қарастыруға болады.

Білімді өмірде қолдану;

Балаларды тек педагог-теоретик қана емес, кәсіпорындар мен нақты жобаларда жұмыс істейтін мамандар да оқытуы керек. Осындай мұғалімдермен зертханалардағы сабақтар материалды жақсы меңгеруге және практикалық дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Топтық жұмыс;

Топтық жұмыс өз идеяларын қателесуден қорықпай еркін ұсынуға және көмек сұрауға, басқа адамдардың идеяларын тыңдауға үйретеді. Оқу процесіне белсенді қатысу зерттелген материалды нақты түсінуге әкеледі.

Икемді аудитория;

Үш қатардағы парталар енді өзекті емес. Парталарды қойылған міндеттерге байланысты орналастыру керек: шеңберге, топтарға бөліп орналастыру керек немесе олардан мүлдем бас тарту керек.

Заманауи бейнелеу құралдарын пайдалану;

Проекторлары, плакаттары бар интерактивті сабақтар материалды қабылдауды жақсартады және білім алушылардың оқу процесіне қатысуын арттырады [2].

1-Идея. 3D-принтерді немесе басқа материалдарды пайдаланып, жасушаның 3D-моделін жасау. Микроскоп арқылы өсімдік және жануар жасушаларын зерттеу.

«Жасушаның құрылымы мен қызметі» тақырыбында осы модельдерді көрсетіп, оқушыларды қызықтыруға болады. 3D-принтер қолжетімді болмағандықтан, тегін сайттар арқылы өсімдік немесе жануар жасушасының дайын суреттерін таба аламыз. Мысалы: Thingiverse – бұл ашық бастапқы кодты 3D-модельдер мен принтерді бөлісу сайты [3].

2.Sketchfab – 3D-модельдер мен анимацияларды бөлісу платформасы. Бұл сайтта көптеген 3D биологиялық модельдер, соның ішінде жасушалар мен ағзалардың үлгілері бар. Модельдерді онлайн көруге және жүктеп алуға болады.

Сурет арқылы жүктегеннен қарағанда сайтқа кіріп, интерактивті тақтамен көрсеткен дұрыс. 1, 2, 3, 4 деген сандарды басу арқылы ол не екені жайлы ақпаратты оқи алады. Білім алушылар 3D-модельді көру арқылы оқып жатқан ақпаратты көз алдарына елестете алады.

2-Идея. Фотосинтез процесін Tinkercad немесе Scratch бағдарламалары арқылы модельдеу.

«Фотосинтез және тыныс алу» тақырыбында қолдануға болады.

Фотосинтез – бұл өсімдіктер, балдырлар және кейбір бактериялар күн жарығының көмегімен органикалық заттар (негізінен глюкоза) синтездейтін биохимиялық процесс. Бұл процесс атмосферадан көмірқышқыл газын (CO_2) және топырақтан суды (H_2O) сіңіріп, оларды химиялық энергияға айналдырады. Нәтижесінде оттегі (O_2) бөлініп, өсімдіктің өсуі мен дамуына қажетті энергия шығарылады.

3-Идея. Генетика және тұқым қуалау

туралы сабақ өткенде Scratch көмегімен тұқым қуалауды зерттейтін қарапайым симулятор жасау. Сонымен қатар ДНҚ құрылымын 3D-принтер немесе модельдеу арқылы бейнелеуге болады.

Scratch-те тұқым қуалауды зерттейтін қарапайым симулятор жасау реті:

1. Жаңа жоба жасау:

Scratch сайтына кіріп, «Create» (Жасау) батырмасын басу керек.

2. Кейіпкерлерді таңдау:

Бірнеше кейіпкерлер жасау немесе табу. Мысалы, екі түрлі генотиптері бар өсімдіктерді (мысалы, сары және жасыл түсті) таңдауға болады.

3. Генетикалық кодты көрсету:

Доминантты және рецессивті гендерді түсіндіру үшін түрлі түстер мен таңбаларды пайдалану керек. Мысалы, сары түс А генінің доминантты екендігін білдіреді, ал жасыл түс а генінің рецессивті екенін көрсетеді. Әрбір «генотип» үшін AA, Aa, aa түрлерін көрсетуге болады.

4. Генотиптерді кездейсоқ анықтау:

Random (Кездейсоқ) блоктарын пайдаланып, ата-аналардың генотиптерін кездейсоқ түрде анықтаймыз. Гендердің комбинациясын көрсету үшін Scratch-те бағдарламалаудың «if» және «join» сияқты блоктарын қолданамыз.

5. Ұрпақтың генотипін есептеу:

Ата-аналардың генотиптерін араластырып, ұрпақтың генотипін есептеу үшін бағдарламаны жасаймыз.

6. Анимация және түсіндірме:

«when green flag clicked» және басқа да оқиғаларды пайдаланып, симуляцияны іске қосып, ұрпақтың пайда болуын көрсететін анимация қосамыз.

7. Қорытынды:

Әрбір ұрпақтың генотипін шығарып, тұқым қуалау ережелерін түсіндіреміз.

4-Идея. Адам анатомиясы тақырыбын

сабақта түсіндірген кезде Zygote Body сайтына қолдану [6].

Бұл қолдануға жеңіл, бірақ өте пайдалы 3D адамның анатомиясын көрсететін онлайн платформа. Бұл сервис көптеген анатомиялық құрылымдардың үш өлшемді үлгілерін ұсынады.

Мүмкіндіктері:

Дененің әрбір жүйесін бөлек көрсету және оларды бір-бірімен салыстыру.

Қарапайым интерфейс пен қолжетімділік: Zygote Body онлайн түрде жұмыс істейді және қолданушыларға тегін қолжетімді.

Пайдаланушылар құрылымдарды белгілі бір деңгейде көрсету немесе жасыру мүмкіндігіне ие, бұл оқыту мен зерттеу үшін өте ыңғайлы.

5-Идея. STEM тәсілі арқылы жобалық оқыту технологиясын кіріктіріп оқыту.

Жобалық оқыту – бұл оқыту әдісі, оның барысында оқушылар нақты бір жобаны орындау арқылы білім алады. Бұл әдіс білімді тек теориялық түрде емес, практикалық түрде меңгеруге бағытталған, яғни оқушылар өздері іс-әрекет жасаған кезде білім алады. Жобалық оқыту барысында оқушылар тапсырманы орындау үшін зерттеу жүргізіп, ойлау қабілеттерін дамытып, шығармашылық шешімдер табады.

Білім алушылар 4 топқа бөлінеді. Әр топ өз аттарына байланысты тақырыпты зерттейді. Тақырып: Генетика және тұқым қуалаушылық заңдылықтары.

Қорытынды

Оқу процесін жақсартуға барлық құралдар әсер етеді: оқу мазмұнын жаңарту және пәнаралық байланыстарды нығайту, оқыту әдістерін жетілдіру, проблемалық дамытудың барлық түрлерін қолдану, жеке, ұжымдық және топтық жұмыстың әртүрлі формаларын қолдану және т. б.

STEM технологиялары білім беру процесінің тиімділігін арттыруға, оқытудың жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуге кепілдік береді. Негізгі бағыт оқушының жеке басына және жеке тұлғаның білім деңгейін қалыптастыру үшін жағдай жасауға бағытталған. STEM технологиясының элементтерін қолдану мұғалімге оқытылатын пәндер арасында логикалық байланыс орнатуға мүмкіндік береді, бұл оқу процесінің тиімділігін арттырады. Сонымен қатар оқушының мотивациялық саласын, интеллектін, тәуелсіздігін, ұжымшылдық сезімін, өзінің оқу-танымдық қызметін бақылау және басқару қабілетін дамытуды қамтамасыз ететін ықпалы да бар [7].

Бүгінгі таңда әрбір мұғалімнің шеберлігі мен білім алушыларды оқуға қызықтыруы инновациялық технологияларды кеңінен енгізуге қаншалықты дайын болатынына байланысты. Мұғалімнің STEM-оқытуға шығармашылық көзқарасымен оқушылардың даму перспективалары шексіз болады. Орта мектепте биологияны оқытуда STEM технологиясын қолдану арқылы оқу процесі жақсартылады деп жоспарлануда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Сілтеме: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248>
2. Сайт: [Buki.kz](https://buki.kz). Что такое STEM-образование, и как оно развивается в Казахстане. - 2021. [Электронный ресурс]. URL: <https://buki.kz/news/stem-obrazovanie/>.
3. Сайт: <https://www.thingiverse.com/>
4. Сайт: <https://sketchfab.com/>
5. Сайт: <https://scratch.mit.edu/>
6. Сайт: <https://www.zygotebody.com/>
7. Николайчук Л.Н. Современные образовательные технологии и их использование в преподавании химии. Нефтекумск, 2019 г.

ЭМОЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ:
ОТ САМОРЕГУЛЯЦИИ К ПОНИМАНИЮ ДРУГИХ



Л.К.Кабдолова,
ЗКО, Теректинский район
педагог-психолог, педагог-исследователь
Федоровская общеобразовательная школа №1

Аңдатпа:

Мақалада эмоционалдық интеллекттің адамның тұлғалық және әлеуметтік дамуындағы рөлі қарастырылады. Негізгі назар эмоцияларды өзін-өзі реттеу мен басқа адамдардың эмоционалдық жағдайларын түсіну арасындағы өзара байланысқа аударылады. Зерттеу нәтижелері өзін-өзі реттеу қабілеті эмпатия мен әлеуметтік құзыреттіліктің қалыптасуына негіз болатынын көрсетеді. Сонымен қатар білім беру бағдарламаларына білім алушылардың эмоционалдық құзыреттілігін дамытуға бағытталған арнайы әдістерді енгізудің қажеттілігі дәлелденеді.

Түйінді сөздер: *Эмоционалдық интеллект, эмоцияларды өзін-өзі реттеу, эмпатия, әлеуметтік құзыреттілік, тұлғалық даму, білім беру үдерісі, эмоционалдық құзыреттілік.*

В современном обществе особое значение приобретает развитие эмоционального интеллекта как важного компонента личностного и социального благополучия человека. Способность распознавать, понимать и регулировать собственные эмоции, а также учитывать эмоциональные состояния других людей становится необходимым условием успешного взаимодействия в социальной среде. Особенно актуальным данный вопрос является в образовательной сфере, где формирование эмоциональной компетентности способствует успешной социализации обучающихся и развитию межличностных отношений.

Понятие эмоционального интеллекта активно изучается в психологии, педагогике и нейронауках. Исследования показывают, что уровень эмоционального интеллекта оказывает влияние на общую

успеваемость, коммуникативные навыки, стрессоустойчивость и способность решать конфликтные ситуации. Важным этапом развития эмоционального интеллекта является переход от саморегуляции эмоций к пониманию эмоциональных состояний других людей, что способствует формированию эмпатии и социальной ответственности. Саморегуляция служит фундаментом для понимания эмоций других, что критически важно для эффективного общения, лидерства и разрешения конфликтов.

Ключевые компоненты перехода от саморегуляции к пониманию других:

-Самосознание и саморегуляция (внутренний фокус): это способность осознавать свои эмоции, не подавляя их, а экологично используя их энергию. Саморегуляция помогает сохранять баланс в

стрессе, не перенося личные переживания на окружающих.

Эмпатия (внешний фокус): это умение «считывать» и интерпретировать эмоции других людей. Базируясь на умении управлять собой, эмпатия позволяет создавать доверительные отношения.

Социальные навыки (взаимодействие): высший уровень EQ, объединяющий понимание себя и других для влияния, мотивации и конструктивного разрешения конфликтов.

Компоненты не существуют изолированно – они образуют единую систему, где каждый элемент усиливает действие других. Например, без достаточного самосознания практически невозможно развить эффективную саморегуляцию, а без эмпатии крайне сложно управлять отношениями на высоком уровне.

Эмоциональный интеллект позволяет человеку лучше адаптироваться к социальным ситуациям, укреплять межличностные связи, эффективнее решать проблемы, справляться со стрессом, достигать личных целей, добиваться успеха в профессиональной деятельности.

Структура

Некоторые компоненты эмоционального интеллекта:

Самосознание – способность распознавать собственные эмоции и их влияние.

Саморегуляция – умение управлять эмоциями и адаптироваться к меняющимся обстоятельствам.

Социальная осведомлённость – распознавание эмоций других людей и понимание социальных ситуаций.

Управление отношениями – применение эмоционального понимания в межличностных взаимодействиях.

Мотивация – внутренние стимулы, направляющие поведение к достижению целей.

Компоненты не существуют изолированно – они образуют единую систему, где каждый элемент усиливает действие других. Например, без достаточного самосознания практически невозможно развить эффективную саморегуляцию, а без эмпатии крайне сложно управлять отношениями на высоком уровне.

Уровни

Традиционно выделяют два уровня эмоционального интеллекта – высокий и низкий:

Высокий – человек хорошо понимает свои эмоции, искренне интересуется другими людьми и их проблемами, осознаёт причины своего гнева или плохого настроения, может справляться с неудачами и трудностями.

Низкий – человек не понимает ни свои, ни чужие эмоции, склонен вступать в споры и конфликты, даже если этого можно избежать, винит в своих неудачах других людей или обстоятельства, переживает неконтролируемые вспышки эмоций и не умеет их сдерживать.

У каждого человека разные уровни развития этих компонентов – например, может случиться так, что отлично развитые социальные навыки идут в комплекте с отсутствием мотивации, или наличие мотивации не спасает от проблем с саморегуляцией.

Особую значимость развитие эмоционального интеллекта приобретает в работе с детьми и подростками, поскольку именно в этот период формируются основные механизмы эмоциональной регуляции и социального поведения. Современные образовательные программы всё чаще включают элементы эмоционального обучения, направленные на развитие навыков самоконтроля, эмпатии и эмоциональной грамотности.

Цель данной статьи – рассмотреть роль

эмоционального интеллекта в процессе личностного развития, а также проанализировать взаимосвязь между саморегуляцией и пониманием эмоций других людей.

Задачи исследования:

-рассмотреть теоретические подходы к изучению эмоционального интеллекта;

-определить значение саморегуляции в структуре эмоционального интеллекта;

-выявить роль понимания эмоций других людей в формировании социального взаимодействия.

Обзор литературы

Термин «эмоциональный интеллект» впервые был предложен исследователями Питером Саловеем и Джоном Майером в начале 1990-х годов. Они определили эмоциональный интеллект как способность воспринимать, понимать и регулировать эмоции как собственные, так и чужие. Согласно их модели, эмоциональный интеллект включает несколько ключевых компонентов: восприятие эмоций, использование эмоций в мышлении, понимание эмоций и управление эмоциями.

Позднее концепция получила широкое распространение благодаря работам Дэниела Гоулмана, который расширил данное понятие и выделил пять основных составляющих эмоционального интеллекта: самосознание, саморегуляция, мотивация, эмпатия и социальные навыки. По мнению автора, высокий уровень эмоционального интеллекта является важным фактором успешности личности в различных сферах жизни.

Исследования также показывают, что эмоциональный интеллект тесно связан с развитием эмпатии. Эмпатия рассматривается как способность человека понимать эмоциональное состояние другого человека и сопереживать ему. Она играет ключевую роль в построении доверитель-

ных отношений и формировании социальной компетентности.

В педагогической практике развитие эмоционального интеллекта рассматривается как важная задача воспитания. Учёные отмечают, что систематическая работа по развитию эмоциональной грамотности у детей способствует формированию навыков самоконтроля, снижению уровня агрессии и улучшению психологического климата в коллективе.

Современные исследования также обращают внимание на влияние цифровой среды и современных технологий на эмоциональное развитие детей. С одной стороны, цифровые устройства расширяют возможности коммуникации, с другой – могут снижать уровень живого общения, что влияет на формирование эмпатии и навыков распознавания эмоций.

Таким образом, анализ научной литературы показывает, что эмоциональный интеллект является многокомпонентной системой, включающей как внутриличностные, так и межличностные процессы.

Методы

Для изучения особенностей развития эмоционального интеллекта были использованы следующие методы:

1. Анализ научной литературы – позволил систематизировать существующие теоретические подходы к изучению эмоционального интеллекта и определить основные направления исследования.

2. Наблюдение – применялось для изучения особенностей эмоционального поведения детей в образовательной среде. Наблюдение проводилось во время учебных занятий и внеурочной деятельности.

3. Анкетирование – использовалось для выявления уровня эмоциональной осведомлённости обучающихся, их способности распознавать собственные эмоции и эмоциональные состояния окружаю-

щих.

4. Метод ситуационного анализа – обучающимся предлагались различные жизненные ситуации, требующие понимания эмоциональных состояний других людей и выбора соответствующей реакции.

5. Беседа с педагогами – сбор информации об учащихся, склонных к эмоциональным вспышкам.

6. Опрос родителей – применялось для выявления подверженности ребенка эмоциональной несдержанности по отношению к близким родственникам.

В исследовании приняли участие обучающиеся образовательного учреждения в возрасте от 12 до 14 лет. Основное внимание уделялось анализу способности детей к саморегуляции эмоций и проявлению эмпатии в процессе взаимодействия со сверстниками и взрослыми.

Результаты исследования

Анализ полученных данных показал, что уровень эмоционального интеллекта у обучающихся напрямую связан со способностью к саморегуляции и пониманию эмоций других людей.

В ходе наблюдения было выявлено, что дети, обладающие более развитыми навыками самоконтроля, легче справляются со стрессовыми ситуациями, реже вступают в конфликты и демонстрируют более высокий уровень социальной адаптации.

Анкетирование показало, что большинство участников способны распознавать базовые эмоции, такие как радость, грусть, страх и гнев. Однако более сложные эмоциональные состояния, например разочарование, тревога или смущение, вызывают затруднения при их распознавании.

Результаты ситуационного анализа показали, что у некоторых учащихся проявляются трудности в управлении своими эмоциями при возникновении спорных

или конфликтных ситуаций. В отдельных случаях наблюдаются повышенная эмоциональная реакция, проявление раздражения, обиды или недовольства при несогласии с мнением сверстников. В некоторых случаях учащиеся предпочитают обращаться за помощью к учителю вместо самостоятельного поиска решения проблемы. У части детей возникают сложности в мирном разрешении конфликтов, что может приводить к кратковременным спорам или напряженности в общении. Лишь участники с более высоким уровнем эмпатии чаще выбирали конструктивные способы взаимодействия, такие как поддержка, помощь, временное отстранение или попытка урегулировать конфликт.

Также было установлено, что развитие эмоционального интеллекта положительно влияет на коммуникативные навыки обучающихся. Дети с развитой эмоциональной компетентностью легче устанавливают контакт со сверстниками и сами открыты для общения, проявляют больше терпимости и способны учитывать чувства других людей и строить взаимодействие с учетом эмоционального состояния.

Результаты опроса родителей показали, что современные гаджеты оказывают как положительное, так и отрицательное влияние на эмоциональный интеллект ребенка. При разумном и контролируемом использовании они могут служить дополнительным инструментом обучения, однако чрезмерное использование может снижать уровень эмоционального взаимодействия между детьми. Около 25% родителей отметили положительное влияние, если только использовать для познавательных материалов. В связи с этим родители считают, что необходим баланс между цифровой средой и живым общением.

Большинство педагогов подчеркнули, что развитие эмоционального интеллекта происходит эффективнее через совместную деятельность, обсуждения, игры, групповую и парную работу. А цифровые устройства и социальные сети снижают уровень общения у учащихся и негативно влияют на развитие навыков понимания эмоций других людей и формируют негативные эмоциональные реакции у детей. По мнению педагогов дети копируют эмоциональные реакции героев различных видеороликов (игр, фильмов, мультфильмов), которые они с увлечением смотрят и большинство из них неуместные и неадекватные.

В связи с этим особое внимание следует уделить роли педагогов и родителей в формировании эмоциональной грамотности. Использование специальных упражнений, игровых ситуаций, примеры жизненных ситуаций и обсуждения эмоциональных переживаний способствует развитию навыков саморегуляции и эмпатии.

Заключение

Проведённое исследование позволяет сделать вывод о том, что эмоциональный интеллект играет важную роль в личностном и социальном развитии человека. Способность к саморегуляции эмоций является основой формирования более сложных навыков – понимания эмоциональных состояний других людей и проявления эмпатии.

Развитие эмоционального интеллекта способствует улучшению межличностных отношений, повышению уровня социальной адаптации и формированию психологической устойчивости. В образовательной среде формирование эмоциональной грамотности должно рассматриваться как одна из важных задач воспитательного процесса.

Развитие эмоционального интеллекта – это непрерывный процесс, позволяющий стать более чутким к окружающим и успешным в жизни.

Эмоциональный интеллект – это ключевой навык для саморазвития, позволяющий понимать свои эмоции, управлять ими и использовать для достижения целей. Он повышает стрессоустойчивость, предотвращает выгорание, улучшает отношение с окружающими и ускоряет карьерный рост. Развитие EQ ведет к осознанному поведению, гибкости и высокой личной эффективности. Эмоционально развитые люди быстрее приспосабливаются к изменениям, легче обучаются и не теряют самообладание в кризисных ситуациях.

На современном этапе развития общества эмоциональный интеллект становится важной личностной компетенцией, позволяющей человеку быть контактным, гибким, достаточно свободным в выражении собственного мнения, способным определять приоритеты и выбирать наиболее эффективные способы для достижения цели.

Полученные результаты подтверждают необходимость включения в образовательные программы специальных методов и упражнений, направленных на развитие эмоциональной компетентности обучающихся. К таким методам можно отнести обсуждение эмоциональных ситуаций, ролевые игры, упражнения на распознавание эмоций и развитие навыков саморегуляции.

Некоторые методы развития эмоционального интеллекта:

Вести дневник эмоций – несколько раз в день отмечать, что чувствуется, почему, как это влияет на действия.

Практиковать паузу – правило «стоп-вдох-назови эмоцию-выбери действие»

перед ответом на триггеры.

Расширять эмоциональный словарь – учиться отличать, например, раздражение от усталости или обиды.

Получать обратную связь – спрашивать у близких или коллег, как они видят реакции, тренировать активное слушание (перефраз, уточнение).

Ставить цели и рефлексировать – после сложных ситуаций разбирать, что сработало, что нет, и планировать следующий шаг.

Важно помнить, что эмоциональный интеллект – это процесс, а не моментальный результат, требующий систематической педагогической работы, направленной на развитие эмоционального интеллекта, формирование культуры общения и навыков конструктивного разрешения конфликтных ситуаций.

Список использованной литературы:

1. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. - Москва: Манн, Иванов и Фербер, 2018.
2. Саловой П., Майер Дж. Эмоциональный интеллект // Воображение, познание и личность. - 1990.
3. Андреева И.Н. Эмоциональный интеллект как феномен современной психологии. - Минск: БГУ, 2011.
4. Изард К. Психология эмоций. - Санкт-Петербург: Питер, 2008.
5. Лусин Д.В. Эмоциональный интеллект: теория и измерение. - Москва: Институт психологии РАН, 2004.
6. Бодалев А.А. Психология общения. - Москва: Институт практической психологии, 2002.

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ



А.Д.Кубаева,
БҚО, Орал қаласы
№2 қалалық психологиялық-медициналық-педагогикалық
консультация басшысы

Аңдатпа:

Мақалада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендірудің теориялық-әдіснамалық негіздері қарастырылады. Әлеуметтендіру үрдісіндегі психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру жүйесінің үйлестіруші рөлі айқындалып, коммуникативтік, эмоциялық және тұрмыстық-әлеуметтік дағдыларды дамытуға бағытталған тиімді жолдары сипатталады. Сонымен қатар инклюзивті білім беру жағдайында цифрлық технологиялар мен креативті педагогикалық әдістерді қолданудың әлеуметтендіру үдерісіндегі маңызы баяндалады.

Түйінді сөздер: *Ерекше білім беру қажеттіліктері, әлеуметтендіру, инклюзивті білім беру, ПМПК, коммуникативтік дағдылар, эмоциялық интеллект, тұрмыстық-әлеуметтік дағдылар.*

Қоғамның шынайы даму деңгейі оның ерекше қолдауды қажет ететін азаматтарына жасаған жағдайымен айқындалады. Бұл өлшем – елдің адами құндылықтарына деген көзқарасының айнасы. Осы тұрғыдан алғанда, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіру мәселесі мемлекеттік, әлеуметтік және қоғамдық жауапкершілікке негізделген стратегиялық міндетке айналып отыр.

Ерекше баланы әлеуметтендіру – оны ортаға «бейімдеу» ғана емес, қоғамның өзін гуманистік тұрғыда қайта қарастыру үрдісі болып табылады. Бұл үрдіс баланың дамуындағы ерекшеліктерге назар аударып, оның әлеуетін танып, сол әлеуеттің жүзеге асуына мүмкіндік беретін орта қалыптастырумен тікелей байланысты жүзеге асады. Әлеуметтендірудің мәні – баланың білім алуымен қатар, әлеуметтік қарым-қатынасқа түсуіне, өзін тұлға

ретінде сезінуіне және қоғамда өз орнын табуына жағдай жасау.

Осы үрдіс кезінде психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру жүйесі ғылыми негізделген, үйлестіруші әрі бағыттаушы тетік ретінде айрықша маңызға ие. ПМПК – бұл тек қорытынды беретін немесе ұсыным жасайтын құрылым емес, ол баланың жеке даму траекториясын айқындап, білім беру ұйымдарының, ата-аналардың және мамандардың бірлескен әрекетін жүйелейтін кәсіби алаң. Оның қызметі – баланы әлеуметтенуге қабілетті, даму мүмкіндігі бар тұлға ретінде қабылдау. Сондықтан қазіргі таңда инклюзивті білім беру жағдайында ПМПК-ның рөлі бұрынғыдан да арта түсуде. Себебі дәл осы құрылым ерекше балалардың құқықтарын қорғау, білім беру жүйесіндегі

тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және әлеуметтендірудің тиімді модельдерін енгізу бағытында шешуші рөл атқарады. Әрбір бала – даму мүмкіндігі бар тұлға, ал мамандардың кәсіби шеберлігі сол мүмкіндікті қоғаммен ұштастыруда көрінеді.

Ерекше балаларды әлеуметтендірудің тиімді моделі бірнеше өзара байланысты бағыттардан тұрады. Біріншіден, бұл – баланың коммуникативтік дағдыларын дамыту. Сөйлеу тілі бұзылған немесе альтернативті коммуникацияны қажет ететін балалар үшін қарым-қатынас құралдарын меңгеру – әлеуметтік бейімделудің негізі. Екіншіден, эмоциялық интеллектіні дамыту арқылы баланың өз сезімін тануы, өзгелердің эмоциясын түсінуі, әлеуметтік жағдайларға адекватты жауап беруі қалыптасады. Үшіншіден, тұрмыстық-әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру – баланың күнделікті өмірде дербестігін арттырып, өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуіне мүмкіндік береді.

Ерекше балаларды әлеуметтендірудің тиімді моделі бір-бірімен өзара тығыз байланысқан бірнеше стратегиялық бағыттан тұрады. Бұл бағыттар баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оны әлеуметтік ортаға біртіндеп және қауіпсіз түрде кіріктіруге мүмкіндік береді. Әлеуметтендіру үрдісі нәтижелі болуы үшін түзету жұмыстары жүйелі, кезең-кезеңмен және өмірлік жағдаяттарға ба-рынша жақын ұйымдастырылуы қажет.

Бірінші және негізгі бағыт – баланың коммуникативтік дағдыларын дамыту. Қарым-қатынас орната алмау ерекше балаларды әлеуметтік ортадан оқшаулайтын басты факторлардың бірі болып табылады. Сөйлеу тілінде және қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесуде бұзылыстары бар балалар

үшін альтернативті және қосымша коммуникация құралдарын (ым-ишара, визуалды кестелер) меңгеру – әлеуметтенудің бастапқы қадамы. Мысалы, тәжірибеде сөйлеу тілінің бұзылысы бар 6 жастағы балаға күн тәртібін бейнелейтін визуалды карточкаларды қолдану арқылы өз қалауын білдіру дағдысын қалыптастырады. Нәтижесінде бала ересекпен ғана емес, қатарластарымен де қарым-қатынасқа түсе бастайды, бұл оның мектептегі әлеуметтік белсенділігінің артуына ықпал етеді. Осылайша, коммуникация – тек тілдік дағды емес, әлеуметтік өзара әрекеттің құралы ретінде қарастырылады.

Екінші маңызды бағыт – эмоциялық интеллектіні дамыту. Ерекше балалардың көпшілігінде өз эмоциясын тану, оны вербалды немесе вербалсыз түрде білдіру және өзгенің сезімін түсіну дағдылары жеткілікті деңгейде қалыптаса бермейді. Бұл жағдай әлеуметтік қатығыстарға, мінез-құлықтағы қиындықтарға алып келуі мүмкін. Сондықтан білім беру ұйымдарында эмоциялық интеллектіні дамытуға бағытталған арнайы әдістер қолданылады. Мысалы, «Эмоция айнасы», «Көңіл күй термометрі», әлеуметтік жағдайларды модельдеу сияқты жаттығулар арқылы бала белгілі бір жағдаяттағы өз сезімін анықтауға және оны басқаруға үйренеді. Тәжірибеде эмоцияны ажыратуда қиындық көрген бастауыш сынып оқушысы рөлдік ойындар арқылы «ренжу», «қуану», «қорқу» сияқты базалық эмоцияларды ажырата бастағанын байқауға болады. Бұл оның сыныптағы мінез-құлқының тұрақтануына және құрдастарымен қарым-қатынасының жақсаруына септігін тигізеді.

Үшінші бағыт – тұрмыстық-әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру. Бұл бағыт баланың күнделікті өмірде дербестігін

арттыруға және өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуіне мүмкіндік береді. Өз-өзіне қызмет көрсету, қоғамдық орындарда өзін ұстау, қарапайым әлеуметтік рөлдерді орындау – әлеуметтенудің нақты көрсеткіштері. Мәселен, зиятының бұзылысы бар балаға дүкенде сатып алу жолдарын үйрету арқылы «сәлемдесу», «тауар таңдау», «төлем жасау» дағдыларын қалыптастыруға болады. Бұл тәжірибе баланың ата-анамен бірге қоғамдық ортада өзін сенімді ұстауына және әлеуметтік тәуелсіздігінің артуына әсер етеді. Мұндай өмірлік жағдаяттарға негізделген тапсырмалар әлеуметтендіру үрдісінің нәтижелілігін арттырады.

Қазіргі таңда ерекше балалардың коммуникативтік, эмоциялық және тұрмыстық-әлеуметтік дағдыларын кешенді түрде дамытуда цифрлық технологиялар мен креативті педагогикалық әдістер әлеуметтендіру үрдісінің тиімді құралы болып табылады. Интерактивті қосымшалар, визуалды платформалар баланың әлеуметтік жағдайларды қауіпсіз ортада меңгеруіне мүмкіндік береді. Мысалы, қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылыстары бар балаға арналған әлеуметтік жағдайларды бейнелейтін қысқа бейнероликтер арқылы «сәлемдесу», «кезек күту» сияқты дағдылар біртіндеп қалыптастыруға жағдай жасайды. Ал рөлдік ойындар мен әлеуметтік сценарийлер нақты өмірдегі жағдайларды көрсету арқылы баланың қорқынышын азайтып, өзіне деген сенімділігін арттырады. Ал арт-терапия әдістерін қолдану баланың өз эмоциясын еркін білдіріп, көрсетуіне мүмкіндік жасайды.

Қорытындылай келе, ерекше балаларды әлеуметтендіру – баланың даму мүмкіндіктерін жүйелі түрде ашуға, оның өмірлік кеңістігін кеңейтуге бағытталған ұзақ мерзімді, кезең-кезеңмен жүзеге асатын күрделі әлеуметтік-педагогикалық үрдіс. Бұл қызметті жүзеге асыруда ПМПК жүйесі ғылыми негізделген шешімдерге сүйеніп, мамандардың кәсіби әрекетін бір арнаға тоғыстыратын, баланың мүддесін алдыңғы орынға қоятын үйлестіруші орталық ретінде ерекше маңызға ие.

Әлеуметтендірілген ерекше бала – тек ортаға икемделген тұлға емес, ол өзін түсінетін, өз мүмкіндігін бағалай алатын және қоғаммен өзара әрекетке түсе алатын әлеуетті азамат. Мұндай баланың жетістігі – түзету жұмысының нәтижесі, қоғамның гуманистік кемелденуінің көрсеткіші. Ал біз, ПМПК мамандары мен педагогтер, сол әлеуеттің ашылуына жол көрсететін, баланы емес, оның мүмкіндігін қорғауды таңдаған жауапты серіктеспіз. Ерекше балаға қолайлы орта қалыптастыру арқылы біз инклюзивті қоғамның негізін қалаймыз, өйткені ерекше балаға ашылған қоғам – баланың дамуына мүмкіндік беретін қоғам.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007ж. (өзгерістер мен толықтыруларымен).
2. Айтбаева А.Б. Инклюзивті білім беру негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 256 б.
3. Баймұханбетова Б.К. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау. – Алматы: Нур-Принт, 2021. – 198 б.
4. Джангельдинова, С.Б. (2023). Дети с особыми образовательными потребностями в сфере образования Казахстана: проблемы и потребности. <https://pedagogy-vestnik.buketov.edu.kz/index.php/pedagogyvestnik/article/view/339>

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚ АНАЛАРЫНЫҢ БОЙЫНДАҒЫ
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ТАНЫТУ



А.Е.Таңбаева,
БҚО, Бөрлі ауданы
Қарасу мектеп-бөбекжай-балабақша кешенінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Аңдатпа:

Мақалада мектеп бағдарламасында берілген шешендік сөздер бойынша ұлттық құндылық мәселелерін бүгінгі ұрпаққа қалыптастырудың тиімді жолдары беріледі. Оқу материалынан алуға болатын шығармалар, жеке тұлғаны нақты әрекет арқылы оқытудың түрлері қамтылған. Оқыған материалдарын өмірде қолдана білуді дамыту көзделген.

Түйінді сөздер: Тәрбие бағдарламасы, ұлттық құндылықтар, ұрпақ сабақтастығы, басты міндеттер.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасында ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына сіңірілетін ұлттық құндылықтарға байланысты екені атап көрсетіледі. Осыған орай өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік тұрғыда тәрбиелеу – маңызды міндеттердің бірі болып саналады. Сондықтан білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысына ерекше назар аудару қажет.

Әдеби шығармалар арқылы жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға қалай баулуға болады деген сауалға жауап издесек, қазақ әдебиеті сабағында шешендік сөздерді пайдалану – жас ұрпақты ұлттық (отаншылдық, намыс, дәстүрлерді құрметтеу) және жалпыадамзаттық (адамгершілік, мейірімділік, әділдік, білімқұмарлық) құндылықтарға тәрбиелеудің тиімді жолы. Әдебиет сабағында шешендік сөздерді оқыту – тек көркем мәтінмен танысу емес, бұл – оқушылардың бойына ұлттық код пен адамзаттық асыл

қасиеттерді егудің ең тиімді жолы. Шешендік сөздерде халықтың тарихы, философиясы, құқықтық нормалары мен этикасы тоғысқан.

Қазақ халқының шешендік сөздерінде әйел заты мен ана бейнесі – биік парасаттың, сабыр мен ақылдың, үй берекесінің нышаны ретінде сипатталады. «Ана – бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген ұғым – шешендік толғаулардың өзегі.

Шешендік сөздерде ана – ұлттың болашағын қалыптастыратын тәрбиеші. «Жақсы анадан жақсы ұл туады» деген қағида арқылы батырлар мен билердің ана сүтімен, ана тәрбиесімен толысатыны айтылады.

9-сыныпта Төле бидің «Ердің бақыты – әйел» аңызын, Қазыбек бидің «Кім жақын, не қымбат, не қиын?» шешендік толғауын және «Қасқакөл дауы» шешендік сөздерін оқыта отырып, қазақ әйел, ананың бейнесін талдап, ұлттық құндылықтарды ұғындыруға болады.

Қазақ шешендік өнеріндегі әйел затының (ана, жар, апа, қарындас, келін) бейнесі – ұлттық тәрбиенің алтын діңгегі. Қазақ шешендік сөздеріндегі ана бейнесі – тек отбасының ұйытқысы ғана емес, елді татуластырушы, ұрпаққа жол көрсетуші және ер азаматтың абыройын асырушы биік парасат иесі. Шешендік сөздердегі ана бейнесі арқылы үлкенге құрмет, сөзге тоқтау, ұрпақ тәрбиесі және ел бірлігі сияқты іргелі ұлттық құндылықтар насихатталады. Берілген шешендік сөздердегі ана қасиеттері арқылы көрініс табатын ұлттық құндылықтар:

1. Ана – ел бірлігі мен татулықтың кепілі

Шешендік сөздерде ана бейнесі даулы мәселелерді шешетін, тіпті билер тоқтай алмаған жерде мәмілеге шақыратын даналықтың иесі ретінде суреттеледі.

Мәмілегерлік: Қасқакөл дауында Ормамбет би Төле мен Әйтеке билерге ырық бермей, дау шешілмей қалғанда, Ормамбеттің анасы араласады.

Сөзге тоқтау: Анасы баласына: «Қарт билерді бекер ренжіткен екенсің, тілімді алсаң, Қасқакөлді бөліп бер», - деп ақылын айтады.

Нәтиже: Ормамбет анасының сөзінен аттамай көнеді. Нәтижесінде ел ынтымақпен тарқасады. Бұл жерде ана бейнесі – «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген ұстанымды нығайтушы.

2. Ана – тәрбие мен тектіліктің баптауы

Ұлттық құндылық бойынша жақсы анадан дана бала туатыны, баланың тәрбиесі ананың ақылына тікелей байланысты екендігі дәріптеледі. Шешендік сөздердегі келін бейнесі – болашақ ананың және әулет жалғастырушысының үлгісі.

Ұрпақ сабақтастығы: Төле би: «Келінім ақылды болса, балам дана болады», - деп

ананың бала болашағына әсерін ерекше атап өтеді.

Тектілік: Данагүлдің бойындағы иба мен зеректікті Төле би оның анасының (келінінің) тегімен байланыстырады. Келіні Тектұрмас әулиенің әулетінен болғандықтан Данагүл де парасатты болып өседі.

Әдеп үйрету: Данагүлдің үлкендерге сәлем беруі мен бата алуына анасы тікелей бағыт-бағдар беріп отырады.

3. Әйел – ердің абыройы және үйдің берекесі

Шешендік толғауларда әйел адамның қоғамдағы рөлі ер азаматтың деңгейімен өлшенеді.

Төле бидің пайымдауынша, ер азаматтың елге танылуы мен беделі тікелей оның жарына байланысты.

Қасиеті: Ердің бағы. Ердің бақыты – әйел, оны ақылдылықпен адам етіп тәрбиелейтін де әйел.

Даңқын асырушы: Келінім ақылды болса, ұлымның даңқы елге кетеді. Төле би ананың/әйелдің отбасындағы жетекші рөлін айқындайды.

Тәрбиелік рөлі: Ел сыйлайтын ер азаматты ақылдылықпен тәрбиелейтін де, кең дастарханымен оның атын шығаратын да – әйел заты.

Сенімділік: Қазыбек би әйелді «жас кезіңнен жан серігің» деп атап, оның өмірлік серік ретіндегі адалдығын бәрінен жоғары қояды.

4. Апа мен қарындас – жақындық пен мейірімнің нышаны

Қазыбек бидің «Кім жақын?» деген сұраққа берген жауабында әр туыстың өзіндік орны мен міндеті айқын көрсетілген:

Апа: Егер ақылды, көреген болса, ол – бауырына нағыз ақылшы, жақын адам.

Қарындас: Ол – қимас жақын, бауырына адал асын ұсынып, тілеулес болып

отыратын нәзіктік пен мейірімнің символы.

Тәрбиелік мәні: Бұл құндылықтар оқушыларды бауырды сыйлауға, әпке-қарындастың намысын қорғауға және олардың ақылына құлақ түруге тәрбиелейді.

Оқушыларды осы бейнелер арқылы тәрбиелеу – олардың бойында әйел затына деген терең құрметті қалыптастырады. Ананы – қадірлеуге, апа-қарындасты – қорғауға, ал болашақ жар таңдауда – ақыл мен парасатты бірінші орынға қоюға баулиды.

Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

-белсенді қарым-қатынас: оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;

-оқушылардың сана-сезімін қалыптастыру;

-жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту.

Біздер тәрбиенің бастауы – ата-бабамыздан қалған асыл мұраларды насихаттаушылармыз. Қоғам болып мәдениетті, тәрбиелі азамат болуды өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де жемісін берері ақиқат.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1)Б. Адамбаев «Қазақтың шешендік өнері», 1984 жыл
- 2)Б. Керімбекова, Ж. Мұқанова «Қазақ әдебиеті» оқулығы, 9-сынып, «Мектеп» баспасы, 2019 жыл

РАЗВИТИЕ СЛУХОВОГО ВОСПРИЯТИЯ ЗВУКОВ
У ДЕТЕЙ В ДЕТСКОМ САДУ



А.С.Бекдаирова,
ЗКО, г.Уральск
Учитель-логопед
Ясли-сад «Умники»

Аңдатпа:

Мақалада балалардың дыбыстарды ажырату, есте сақтау және дұрыс қабылдау қабілеттерінің сөйлеу тілін дамытудағы рөлі сипатталады. Сонымен қатар фонематикалық естудің маңызы, есту жадысы мен есту зейінінің ерекшеліктері талданып, оларды дамытуға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдер ұсынылады. Атап айтқанда, дыбыстарды ажыратуға арналған ойындар, дауыстап оқу, ән айту, өлең жаттау және түрлі тыңдалым жаттығулары арқылы балалардың есту қабілетін дамыту жолдары көрсетілген.

Түйінді сөздер: *Есту арқылы қабылдау, фонематикалық есту, есту жадысы, есту зейіні, сөйлеу тілін дамыту, мектепке дейінгі балалар, дыбыстарды ажырату, тілдік даму.*

Развитие слухового восприятия звуков является важным этапом в становлении речи у детей. Слуховое восприятие – это способность воспринимать, различать и интерпретировать звуки окружающего мира, включая речь. Этот процесс является основой для нормального речевого развития и формирования фонематического слуха, который помогает различать и правильно воспроизводить звуки языка. Слуховое восприятие – это важный процесс, который позволяет человеку различать, интерпретировать и правильно воспринимать звуки речи. Это не просто способность слышать, но и умение различать звуковые элементы и извлекать из них информацию, что необходимо для успешного овладения языком и речью в целом. Важнейшие аспекты слухового восприятия включают фонематический слух, слуховую память и слуховое внима-

ние, и все они играют ключевую роль в развитии речи.

Фонематический слух

Фонематический слух – это способность различать и воспринимать отдельные звуки, или фонемы, речи. Это одна из основ формирования правильного произношения, так как от способности различать звуки зависит, насколько точно человек будет их воспроизводить. Например, важно уметь различать такие звуки, как «с» и «ш», «т» и «д», поскольку неправильное восприятие и различие этих звуков может привести к ошибкам в речи, например, в замене одного звука на другой. Без развитого фонематического слуха ребенок или взрослый может затрудняться в формировании и восприятии правильных звуков, что приведет к нарушениям произношения и речевого понимания. Пример: Если ребенок не может различить звуки

«с» и «ш», он будет заменять их друг другом, что сделает речь трудной для понимания. Правильное различие этих звуков позволяет не только правильно говорить, но и понимать речь других людей.

Слуховая память

Слуховая память – это способность запоминать звуковые образцы и воспроизводить их позже. Этот навык критически важен для развития речи, так как дети должны запомнить, как звучат отдельные слова и их части, чтобы правильно воспроизводить их. Слуховая память помогает в обучении правильному произношению слов и фраз, а также в запоминании речевых шаблонов и интонаций.

Когда ребенок слышит слово, он запоминает не только его звук, но и его последовательность, что необходимо для последующего правильного произношения. Например, он должен запомнить, как правильно звучат слова, чтобы воспроизводить их в своем языке.

Слуховое внимание

Слуховое внимание – это способность сосредотачиваться на звуках и выделять важные элементы речи, такие как интонация, ударение, длительность звуков и их последовательность. Это особенно важно для понимания смысла речи, так как изменения в интонации или ударении могут кардинально изменить значение слов и предложений. Пример: в русском языке ударение в словах может изменять их смысл («замок» в значении «крепость» и «замок» в значении «дверной механизм»). Развитие слухового внимания позволяет человеку не только правильно воспринимать слова, но и точно понимать их значение в контексте.

Также слуховое внимание помогает различать звуки в шумной среде, что важно для успешного общения и понимания речи в различных ситуациях. Например,

если человек правильно выделяет интонационные изменения, он сможет понять, что собеседник задает вопрос, а не делает утверждение. Фонематический слух, слуховая память и слуховое внимание позволяют различать, запоминать и правильно интерпретировать звуки, что необходимо для формирования ясной и правильной речи.

Как развивать слуховое восприятие у детей

Развитие слухового восприятия у детей – важный аспект, который способствует правильному восприятию речи, улучшает произношение и помогает развивать фонематический слух. Существует несколько эффективных методов и упражнений, которые помогают детям научиться различать звуки, воспринимать их и запоминать. Вот некоторые из них:

Игры с различием звуков

Звуковые игры – это увлекательный способ развивать слуховое восприятие у детей. Игры помогают детям научиться различать звуки, а также тренировать внимание и память. «Угадай, кто это?» – ребенок должен услышать звук, исходящий от животного или другого источника (например, звук льва, машины, птицы), и угадать, что это за звук. «Что звучит одинаково/по-разному?» – в этой игре ребенку предлагают два или несколько похожих звуков (например, «с» и «ш») или два звука, которые различаются лишь незначительно, и он должен понять, одинаковые ли они или разные. Игры такого рода развивают фонематическое восприятие и помогают ребенку научиться различать даже самые схожие звуки.

Чтение вслух

Чтение вслух – это один из самых эффективных способов развития слухового восприятия. Когда взрослые читают вслух, ребенок воспринимает четкие зву-

ки, правильную интонацию и ударение. Чтение вслух также развивает слуховую память и помогает ребенку запомнить, как звучат те или иные слова.

Пение и стихи

Пение песен и чтение стихов помогает детям не только запоминать звуки, но и улучшать их восприятие. В рифмованных стихах и песнях часто встречаются похожие по звучанию слова и звуки, что способствует их лучшему запоминанию. Пение помогает детям развивать правильное произношение и понимать, как различаются звуки и слова в контексте.

Слуховые упражнения

Слуховые упражнения способствуют развитию способности различать и воспринимать звуки окружающего мира. **Прослушивание звуков окружающего мира:** Важно учить ребенка воспринимать звуки природы (шум дождя, шелест листьев, звуки животных) и различать их. Можно предложить ребенку угадать, откуда идет звук, что развивает внимание и слуховую память. **Работа с музыкальными инструментами:** Музыкальные инструменты – это замечательные помощники для развития слухового восприятия. Простые игры с инструментами (ударные инструменты, пианино, ксилофон) учат различать звуки по высоте, громкости и длительности.

Развитие слухового восприятия звуков играет ключевую роль в формировании правильной речи. Это процесс, который начинается с самого раннего возраста и продолжает развиваться в течение нескольких лет. Он помогает детям не только правильно воспринимать и воспроизводить звуки, но и понимать их смысл, что необходимо для успешного овладения речью.

Список использованные литературы:

1. Микляева Н.В., Полозова О.А., Родинова Ю.Н. Фонетическая и логопедическая ритмика в ДОУ. - М., 2006.
2. Назарова Л.П. Методика развития слухового восприятия у детей с нарушениями слуха: учебное пособие для педагогических вузов / Под ред. В. И. Селиверстова. - Москва: Владос, 2001. - 288 с. - ISBN 5691006320.
3. Долинина Н.Б. Развитие слухового восприятия у детей младшего дошкольного возраста посредством игр и упражнений (презентация педагогической практики с литературой).
4. Ахтямова Р.Т. Методы развития фонематического восприятия у детей с дислалией // Социальная педагогика. - 2021. - Описание логопедических методик коррекции фонематического слуха при дислалии.

БАЛАНЫ ОТБАСЫҢДА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ЖӘНЕ АТА-АНАЛАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК ҰСТАНЫМДАРЫ



Ж.К.Тұлеуова,
БҚО, Орал қаласы
№45 ЖОББМ педагог-психологі,
педагог-зерттеуші

Аңдатпа:

Мақалада отбасындағы баланы тәрбиелеудің өзекті мәселелері қарастырылады. Тәрбиенің мақсаты, ата-ананың жеке үлгісі, отбасы құрылымының (толық, толық емес, көпбалалы, жалғыз балалы отбасы) бала дамуына әсері талданады. Зерттеу барысында ата-аналар арасында сауалнама жүргізіліп, алынған нәтижелерге аналитикалық талдау жасалды. Зерттеу нәтижесінде ата-аналарға арналған практикалық ұсыныстар ұсынылады.

Түйінді сөздер: *Отбасы тәрбиесі, ата-ана жауапкершілігі, бала тәрбиесі, отбасы құрылымы, педагогикалық мәдениет.*

Қазіргі қоғамда баланы тәрбиелеу мәселесі аса өзекті. Балалар – елдің болашақ азаматтары, қоғамның әлеуметтік, мәдени және рухани дамуының басты кепілі. Сондықтан жанұядағы тәрбие сапасы тек жеке отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның болашағына тікелей әсер етеді. Дұрыс тәрбие – ата-ананың бақытты қарттығының негізі болса, қате тәрбие – кейін түзетуі қиын әлеуметтік және психологиялық мәселелерге алып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, баланы ерте жастан дұрыс тәрбиелеу, ата-ананың педагогикалық жауапкершілігін арттыру – бүгінгі күннің басты міндеті.

Зерттеу мақсаты: Отбасындағы тәрбие ерекшеліктерін анықтау және ата-аналардың тәрбиелік ұстанымдарының бала дамуына әсерін талдау.

Зерттеу міндеттері: Ата-аналардың бала тәрбиесіне көзқарасын анықтау; отбасы құрылымының ықпалын талдау; тәрбие әдістерін сараптау; зерт-

теу нәтижелері негізінде практикалық ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу барысында келесі педагогикалық әдістер қолданылды: сауалнама, бақылау, салыстырмалы талдау, педагогикалық әдебиеттерді талдау.

Тәрбиелік жұмыс барлық ата-аналарда бірдей сәтті бола бермейді. Бұл көптеген себепке байланысты. Ең алдымен, дұрыс тәрбие әдістерін қолдануға тәуелді. Бірақ маңызды себептің бірі – отбасының құрылымы мен ұйымдасуы. Мысалы, жалғыз ұлды немесе қызды тәрбиелеу бірнеше баланы тәрбиелеуге қарағанда әлдеқайда қиын. Отбасы белгілі бір материалдық қиындық көріп отырса да, бір баламен шектелмеу керек. Жалғыз бала өте тез отбасының орталығына айналады. Әке мен ананың барлық қамқорлығы сол балаға бағытталып, көбінесе қажетті мөлшерден асып кетеді. Мұндай жағдайда ата-ананың махаббаты жүйкелік сипат алады. Көп жағдайда жалғыз бала өз

ерекше орнын сезініп, отбасында нағыз «диктаторға» айналады. Ата-анаға оған деген махаббат пен қамқорлықты тежеп ұстау өте қиын, осылайша олар еріксіз эгоист тәрбиелейді. Ал бірнеше баласы бар отбасында ата-аналық қамқорлық қалыпты сипат алады. Үлкен отбасында бала кішкентай кезінен бастап ұжымға үйренеді, өзара байланыс тәжірибесін жинақтайды. Егер отбасында үлкен және кіші балалар болса, олардың арасында махаббат пен достықтың түрлі формалары қалыптасады. Олар жалғыз балаға қолжетімсіз өмірлік жағдайларды бастан кешіреді: ағаға деген сүйіспеншілік пен ініге деген сүйіспеншілік – мүлде бөлек сезімдер; бауырларымен бөлісе білу, оларға жанашырлық таныту дағдысы қалыптасады.

Зерттеу сауалнамасы.

Зерттеуге 30 ата-ана қатысты. Сауалнама сұрақтары:

1. Сіздің отбасыңыздың құрылымы:

- А) толық
- Ә) толық емес
- Б) көпбалалы
- В) жалғыз балалы

2. Бала тәрбиесінде нақты мақсат қоясыз ба?

- А) иә
- Ә) жартылай
- В) жоқ

3. Бала тәрбиесінде ең маңызды фактор деп нені санайсыз?

- А) ата-ананың жеке үлгісі
- Ә) жазалау
- Б) мадақтау
- В) материалдық қамтамасыз ету

4. Балаңыздың күнделікті іс-әрекетін бақылап отырасыз ба?

- А) үнемі
- Ә) кейде
- Б) мүлде бақыламаймын

5. Балаға еркіндік беруді қалай

бағалайсыз?

- А) қажет
- Ә) шектеулі болуы тиіс
- Б) зиянды

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, ата-аналардың 65%-ы бала тәрбиесінде нақты мақсат қоятынын, 25%-ы жартылай, ал 10%-ы мақсат қоймайтынын көрсетті. Бұл жағдай кейбір отбасыларда тәрбиенің жүйесіз жүргізілетінін дәлелдейді.

Респонденттердің 70%-ы ата-ананың жеке үлгісін тәрбиедегі басты фактор деп таныса, 20%-ы мадақтау мен жазалауды, 10%-ы материалдық жағдайды маңызды деп есептеген. Сондықтан жалғыз балалы отбасыларда ата-ананың шамадан тыс қамқорлығы байқалса, көпбалалы отбасыларда балалардың ұжымшылдық, жауапкершілік дағдыларының жоғары екені анықталды. Толық емес отбасыларда тәрбиелік қиындықтардың жиі кездесетіні байқалды. Бұл ата-аналар арасындағы келіспеушіліктің бала психологиясына кері әсер ететінін дәлелдейді.

Зерттеу барысында бір балалы отбасында тәрбиеленіп жатқан баланың өзімшілдік мінез көрсетуі, ал көпбалалы отбасындағы баланың өзара көмекке бейімділігі нақты мысалдар арқылы анықталды. Бұл деректер отбасы құрылымының тәрбиелік маңызын дәлелдейді және тақырыптың өзектілігін арттыра түседі.

Толық емес отбасылар да кездеседі. Ата-ананың бірге тұрмауы, ажырасуы баланың тәрбиесіне әсер етеді. Көбіне балалар бір-бірін жек көретін, мұны жасырмайтын ата-ананың арасындағы дау-дамайдың нысанына айналады. Сондықтан қандай да бір себеппен ажырасқан ата-аналарға өз араларындағы келіспеушілікте балаларды ойлауға кеңес береміз. Кез келген келіспеушілікті неғұрлым сыпайы түрде шешуге бола-

ды. Балалардан бұрынғы жұбайға деген жеккөрушілік пен өшпенділікті жасыруға болады.

Отбасын тастап кеткен әке үшін балаларды тәрбиелеуді жалғастыру, әрине, қиын. Егер ол отбасына оң әсер ете алмаса, онда баланың өмірінен мүлде жоғалып кетпей, бірақ адал болуға тырысқаны жөн. Ал материалдық міндеттерін бұрынғыдай орындауы тиіс. Егер ата-ана балаларын жақсы көріп, оларды барынша дұрыс тәрбиелегісі келсе, өзара келіспеушілікті ажырасуға жеткізбеуге, сол арқылы балаларды қиын жағдайға қалдырмауға тырысады.

Келесі маңызды мәселе – тәрбиенің мақсаты. Кейбір отбасылар бұл сұраққа мүлде ойланбайды: ата-ана мен бала қатар өмір сүреді де, бәрі өзінен-өзі болады деп үміттенеді. Мұндай ата-аналардың айқын мақсаты жоқ. Әрине, мұндай жағдайда нәтиже де кездейсоқ болады, кейін олар «неге бізде жаман балалар өсті?» деп таң қалады. Сіз қандай адам тәрбиелегіңіз келеді: білімді, адал, еңбекқор, сыпайы адам? Осыны іштей ой елегінен өткізсеңіз, өз қателіктеріңізді де, алда тұрған дұрыс жолдарды да көресіз.

Сіздің жеке мінез-құлқыңыз – тәрбиедегі ең шешуші фактор. Баланы тек сөйлескенде, ақыл айтқанда немесе бұйырғанда ғана тәрбиелеймін деп ойламаңыз. Сіз оны өміріңіздің әр сәтінде, тіпті үйде жоқ кезде де тәрбиелейсіз. Қалай киінесіз, адамдармен қалай сөйлесесіз, қалай қуанасыз немесе қайғырасыз, достарға қалай қарайсыз, қалай күлесіз, газет оқисыз – мұның бәрі бала үшін үлкен мәнге ие. Дауыс ырғағындағы ең кішкентай өзгерісті де бала сезеді. Сіздің ойыңыздың барлық бұрылыстары оған көзге көрінбейтін жолдармен жетеді. Егер үйде дөрекі, мақтаншақ болсаңыз, ішімдік ішсеңіз, одан да жаманы – баланың анасын

қорласаңыз, онда тәрбие туралы ойлаудың өзі артық: сіз онсыз да балаңызды жаман тәрбиелеп жатырсыз және ешқандай жақсы кеңес те көмектеспейді.

Қорыта келе, ата-ананың өзіне қоятын талабы, отбасына деген құрметі, әр қадамын бақылауы – тәрбиенің ең бірінші әрі басты әдісі. Кейде ата-аналар балаларды тәрбиелеудің бір «сиқырлы» тәсілін табу керек деп ойлайды. Бірақ мұндай керемет болмайды. Тәрбиешінің өз бойында үлкен кемшіліктер болса, ешбір әдіс көмектеспейді. Біреулер ерекше жаза ойлап табады, екіншілері сыйақы береді, үшіншілері балаларды күлдірумен айналысады, төртіншілері уәдемен сатып алуға тырысады.

Тәрбие аса салмақты, қарапайым әрі шынайы болуы тиіс. Осы үш қасиет сіздің өміріңіздің шындығын құрауы керек. Болмашы жалғандық пен жеңілтектік тәрбиелік жұмысты сәтсіздікке ұшыратады. Бұл дегеніңіз үнемі қатулы жүру керек деген сөз емес – тек шынайы болыңыз. Көңіл күйіңіз отбасыңызда болып жатқан жағдайға сай болсын. Әрине, ата-ананың балаларымен жиі бірге болғаны жақсы. Ата-ананың баласын мүлде көрмеуі – өте жаман. Бірақ дұрыс тәрбие ата-ананың баладан көз жазбай бақылауын талап етпейді. Мұндай тәрбие тек зиян келтіреді, баланың мінезінде енжарлықты қалыптастырады, оны ересектерге тым тәуелді етеді.

Сіз балаңыздың не істеп жүргенін, қайда жүргенін, кімдермен араласатынын білуіңіз керек. Бірақ оған қажетті еркіндік те беруіңіз қажет, ол тек сіздің емес, өмірдің түрлі ықпалында болсын. Өйткені өмірде ол бәрібір түрлі азғырулар, зиянды адамдар және жағдайлармен кездеседі. Сіз балаға оларды танып-білуге, ажырата білуге, күресуге үйретуіңіз керек.

Зерттеу нәтижелері отбасы тәрбиесінің

тиімділігі ата-ананың педагогикалық мәдениетіне, жеке үлгісіне және тәрбиенің мақсатты түрде ұйымдастырылуына тәуелді екенін көрсетті.

Ұсыныстар:

- ата-аналар бала тәрбиесінде нақты мақсат қоюы тиіс;
- тәрбиеде шынайылық пен жеке үлгі басты орын алуы қажет;
- балаға шамадан тыс бақылау емес, саналы еркіндік берілуі керек;
- ата-аналар өздерінің мінез-құлқын тәрбиенің негізгі құралы ретінде қарастыруы тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1.Макаренко А.С. Отбасы тәрбиесі туралы дәрістер. – Алматы, 2018.
- 2.Қоянбаев Ж.Б. Педагогика. – Алматы: Рауан, 2019.
- 3.Сманов Б. Отбасы және бала тәрбиесі. – Астана, 2020.
4. Ыбырайымов С. Тәрбиенің әлеуметтік негіздері. – Алматы, 2021

БАЛАНЫ ОТБАСЫНДА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ЖӘНЕ АТА-АНАЛАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК ҰСТАНЫМДАРЫ



Н.М.Ағзам,
Бәйтерек ауданы, Садовое ауылы, Пригород ЖОББМ
Педагог-модератор

Аңдатпа:

Мақалада 5-9 сынып оқушыларының тұлғалық дамуындағы «Бес асық» ойынының рөлі қарастырылады. Жасөспірім шақтағы физиологиялық өзгерістер мен психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, ұлттық ойынның когнитивті функцияларды (зейін, жылдамдық, логика) дамытудағы тиімділігіне талдау жасалған. Автор ойынды оқушылардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастырудың және ұлттық бірегейлікті сақтаудың құралы ретінде негіздейді.

Түйінді сөздер: жасөспірімдер, Бес асық, әлеуметтендіру, ұсақ моторика, стратегиялық ойлау, тәрбие.

Орта буын (5-9 сынып) оқушыларының даму кезеңі күрделі психо-физиологиялық процестермен сипатталады. Бұл кезеңде баланың өзін-өзі тануы, ортаға бейімделуі және ерік-жігер сапаларының қалыптасуы маңызды. «Бес асық» ойыны – жай ғана механикалық қимыл емес, ол жасөспірімнің зейінін шоғырландыруға, эмоциясын басқаруға және бәсекелестік ортада дұрыс шешім қабылдауға үйрететін этнопедагогикалық мектеп. Мақаланың өзектілігі – ұлттық құндылықтар арқылы жасөспірімдердің деструктивті мінез-құлқының алдын алу және физикалық белсенділігін арттыру.

Зерттеу жұмысы жасөспірімдердің әлеуметтену үдерісінде «Бес асық» ұлттық ойынының педагогикалық мүмкіндіктерін анықтауға бағытталды. Зерттеу аралас әдіснама негізінде (сапалық және сандық талдау) ұйымдастырылды. Бұл тәсіл зерттеу нәтижелерінің жан-жақтылығын камтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Зерттеу базасы ретінде жалпы білім беретін мектептің 5–7 және 8–10 сынып оқушылары алынды. Зерттеуге жалпы саны 27 оқушы қатысты. Оқушылар кездейсоқ іріктеу әдісі арқылы екі топқа бөлінді: эксперименттік және бақылау топтары. Эксперименттік топта «Бес асық» ойыны жүйелі түрде қолданылса, бақылау тобында дәстүрлі оқыту әдістері сақталды.

Зерттеу үш негізгі кезеңде жүргізілді:

1. Диагностикалық кезең.

Бұл кезеңде оқушылардың бастапқы әлеуметтік дағдыларының деңгейі анықталды. Ол үшін келесі көрсеткіштер қарастырылды:

- қарым-қатынас жасау қабілеті;
- топпен жұмыс істеу дағдысы;
- жауапкершілік деңгейі;
- өзін-өзі бақылау және мінез-құлық мәдениеті.

Диагностика барысында сауалнама, бақылау және әңгімелесу

әдістері қолданылды. Сонымен қатар, мұғалімдердің эксперттік бағалауы ескерілді.

Қорытынды кезеңде бастапқы және соңғы нәтижелер салыстырылып, өзгерістер талданды. Сандық мәліметтер пайыздық көрсеткіштер арқылы өңделді, ал сапалық нәтижелер мазмұндық талдау әдісі арқылы сипатталды.

Зерттеу барысында оқушылардың құқықтары мен қауіпсіздігі толық сақталды. Барлық қатысушылар зерттеу шарттарымен таныстырылып, ерікті түрде қатысты. Жеке мәліметтердің құпиялығы қамтамасыз етілді.

5-9 сынып оқушылары үшін «Бес асық» ойынының аналитикалық мазмұны тереңдей түседі. Бұл жаста ойын тек «асықты қағып алу» емес, қарсыластың әрекетін болжау, өз мүмкіндігін есептеу және тактикалық қадамдар жасау болып табылады. Бұл – математикалық модельдеу мен стратегиялық жоспарлаудың алғашқы баспалдақтары. Сонымен қатар, ойын үзіліс кезінде оқушылардың гаджеттерден алшақтап, бетпе-бет тілдесуіне, яғни әлеуметтенуіне жағдай жасайды. Бұл «Тұлғаны әлеуметтендіру және тәрбие» бағытындағы ең тиімді әдіс болып табылады.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері жасөспірімдердің әлеуметтену үдерісінде «Бес асық» ұлттық ойынының педагогикалық мүмкіндіктері жоғары екенін көрсетті. Ойын әрекеті оқушылардың тек физикалық дамуына ғана емес, сонымен қатар олардың әлеуметтік бейімделуіне, қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуына және тұлғалық қасиеттерінің дамуына оң әсер етеді.

Зерттеу барысында «Бес асық» ойынын жүйелі түрде қолдану нәтижесінде

оқушылардың топтық жұмыс дағдыларының жақсарғаны, өзара сыйластық пен жауапкершілік деңгейінің артқаны, сондай-ақ коммуникативтік қабілеттерінің дамығаны анықталды. Бұл ойын оқушыларды ортақ мақсатқа жетуге ынталандырып, бірлескен әрекет арқылы әлеуметтік тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ұлттық ойынның тәрбиелік әлеуеті жоғары екені дәлелденді. Ойын барысында оқушылар ұлттық құндылықтарды меңгеріп, мәдени сәйкестік пен рухани дамуға қадам жасайды. Бұл өз кезегінде тұлғаның жан-жақты қалыптасуына ықпал етеді.

Жоғары сынып оқушылары үшін ойынның бәсекелестік элементтері тиімді болса, кіші сыныптарда ынтымақтастыққа негізделген тәсілдер нәтижелі екені байқалды. Бұл ұлттық ойындарды жас ерекшеліктеріне қарай бейімдеу қажеттігін көрсетеді.

Жалпы алғанда, «Бес асық» ойынын білім беру және тәрбие процесіне жүйелі енгізу жасөспірімдердің әлеуметтену деңгейін арттырудың тиімді жолдарының бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: «Аруна», 2010.
2. Жүнісұлы А. Пәндік оқыту әдістемесіндегі инновациялар. – Астана, 2015.
3. [Ресми ресурс] bko.edu.kz – Әдістемелік орталық материалдары.

ОҚУШЫ ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ СЫНЫП ЖЕТЕКШІНІҢ РӨЛІ



М.Ж.Мукашева,
БҚО, Орал қаласы
№45 ЖОББМ
информатика пәні мұғалімі

Аңдатпа:

Бұл мақалада оқушы тұлғасын қалыптастырудағы сынып жетекшісінің шешуші рөлі қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесіндегі тәрбиелік жұмыстың маңызы айқындалып, оқушының жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуда отбасы, мектеп және әлеуметтік ортаның өзара ықпалдастығы талданады. №45 жалпы орта білім беретін мектебінде өткізілген «Оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуда сынып жетекшісінің рөлі» тақырыбындағы коучинг аясында жүзеге асырылған әдіс-тәсілдер мен тәжірибелік жұмыстар сипатталады. Мақалада сынып жетекшісінің ұйымдастырушылық, бағыттаушылық және үйлестірушілік қызметі ғылыми-тәжірибелік тұрғыда негізделіп, тұлға тәрбиесіндегі бірлескен жұмыстың маңыздылығы айқындалады.

Түйінді сөздер: *тұлға тәрбиесі, сынып жетекшісі, отбасы, әлеуметтік орта, тәрбиелік үдеріс, ынтымақтастық, құндылықтар.*

Қазіргі қоғамда білім беру жүйесінің басты мақсаты – тек терең біліммен қаруланған оқушы тәрбиелеу ғана емес, сонымен қатар рухани бай, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, сыни ойлай алатын, жауапкершілігі жоғары, өмірлік ұстанымы қалыптасқан тұлға қалыптастыру. Бұл міндет білім мазмұнын жаңартумен ғана шектелмейді, ол – жүйелі тәрбиелік жұмысты талап ететін кешенді үдеріс. Осы тұрғыда сынып жетекшісінің атқаратын қызметі ерекше маңызға ие. Себебі сынып жетекшісі – оқушы, ата-ана және әлеуметтік ортаны өзара байланыстырып, тәрбиелік үдерісті үйлестіруші, бағыт-бағдар беруші негізгі тұлға.

Сыныпжетекшісі – тек ұйымдастырушы немесе бақылаушы емес, ол – тәлімгер,

кеңесші, психолог, кей жағдайда балаға ең жақын сенімді жан. Әсіресе жасөспірімдік кезеңде оқушының мінез-құлқы, өмірге көзқарасы, құндылықтар жүйесі қалыптасады. Осындай сәттерде сынып жетекшісінің кәсіби шеберлігі мен тұлғалық қасиеттері шешуші рөл атқарады. Оның әділдігі, мейірімділігі, талапшылдығы мен қолдауы оқушы жүрегінде сенім қалыптастырады.

Осы мақсатта №45 жалпы орта білім беретін мектебінде 2025–2026 оқу жылы аясында сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы өтіп, «Оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуда сынып жетекшісінің рөлі» тақырыбында коучинг ұйымдастырылды. Іс-шараның басты мақсаты – оқушының тұлғалық дамуына

әсер ететін отбасы, мектеп және әлеуметтік ортаның өзара байланысын нығайту, ата-ана мен сынып жетекшілердің бірлескен тәрбиелік ықпалын арттыру болды. Сонымен қатар, заманауи тәрбиелік әдіс-тәсілдерді тәжірибеде тиімді қолдану жолдары қарастырылды.



Коучинг барысында қатысушылар оқушы тұлғасының қалыптасуына әсер ететін негізгі факторларды талқылап, өзара тәжірибе алмасты. Әсіресе қазіргі цифрлық қоғам жағдайында әлеуметтік желілердің, құрдастар ортасының, медиа кеңістіктің бала тәрбиесіне ықпалы кеңінен сөз болды. Мұғалімдер оқушының тұлғалық дамуына әсер ететін ішкі (қабілет, қызығушылық, мінез ерекшелігі) және сыртқы (отбасы тәрбиесі, мектеп ортасы, қоғамдық ықпал) факторларды саралап, олардың үйлесімділігінің маңызын атап өтті.

«Күн», «Ағаш», «Көпір» бейнелері арқылы қатысушылар үш топқа бөлініп, әр ортаға тән тәрбиелік ерекшеліктерді ашып көрсетті.

- «Күн» – отбасындағы жылулық пен мейірімділікті, ата-ананың қолдауы мен махаббатын білдіреді. Отбасы – баланың алғашқы әлеуметтік ортасы, негізгі құндылықтар қалыптасатын алтын ұя.

- «Ағаш» – сынып жетекшінің бағыттаушы, дамытушы рөлін бейнелейді.

Тамыры – білім мен тәрбие негізі, діні – тұрақтылық пен сенім, бұтағы – оқушы жетістігі.

- «Көпір» – әлеуметтік ортаның ықпалын көрсетеді. Қоғаммен байланыс орнату, мәдени ортаға бейімделу, әлеуметтік жауапкершілік сезімін дамыту осы кезеңде жүзеге асады.

«Жеке тұлғаның қалыптасу формуласы» тапсырмасы арқылы бала дамуына әсер ететін факторлардың маңызы сараланып, әрқайсысының үлесі жан-жақты талданды. Қатысушылар тәрбиенің нәтижелілігі – жүйелілік, бірізділік және серіктестік қағидаттарына негізделуі тиіс деген ортақ пікірге келді. Ал «Үштірек» постерлік жұмысы ата-ана, сынып жетекші және әлеуметтік орта арасындағы өзара жауапкершілікті нақты айқындауға мүмкіндік берді. Бұл жұмыс барысында әр тараптың міндеттері мен ықпал ету тетіктері анықталды.

Іс-шара барысында ұйымдастырылған сергіту сәттері мен педагогикалық нақыл сөздер мұғалім мамандығының қадір-қасиетін айшықтай түсті. Қатысушылар «Ұстаз – ұлы есім», «Жақсы мұғалім – мектептің жүрегі» деген тұжырымдардың мәнін кәсіби тұрғыда талқылап, ұстаздың тұлғалық үлгі ретіндегі маңызын атап өтті. Себебі бала көбіне сөзден гөрі әрекетке, үлгіге қарайды. Сондықтан сынып жетекшінің әрбір қадамы – тәрбиелік құрал.



Коучинг соңындағы «Жүрек – Ақыл – Қол» рефлексиясы арқылы қатысушылар алған әсерін, жаңа білімін және тәжірибеде қолдануға дайын нақты іс-әрекеттерін қорытындылады. «Жүрек» – эмоциялық әсер мен құндылықтарды, «Ақыл» – теориялық білім мен кәсіби тұжырымдарды, «Қол» – практикалық қадамдарды білдірді. Нәтижесінде «Мектеп – отбасы – әлеуметтік орта» ынтымақтастығын нығайту – тұлға тәрбиесінің негізгі кепілі екені айқындалды.

Қорыта айтқанда, оқушының жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту – бір ғана мұғалімнің емес, тұтас қоғамның ортақ міндеті. Дегенмен осы үдерісті тиімді ұйымдастырып, бағыт-бағдар беретін, әр баланың жүрегіне жол таба білетін негізгі тұлға – сынып жетекші. Оның кәсіби шеберлігі, педагогикалық мәдениеті, адамгершілік ұстанымы мен көшбасшылық қабілеті – болашақ азаматтың қалыптасуына тікелей әсер етеді.

Сондықтан сынып жетекшісінің еңбегі – бүгінгі шәкірттің ғана емес, ертеңгі ел болашағының кепілі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007 (өзгерістер мен толықтырулармен).
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана.
3. Сухомлинский В.А. Балаға жүрек жылуы. – Алматы: Мектеп, 1981.
4. Макаренко А.С. Тәрбие туралы лекциялар. – Алматы: Рауан, 1990.
5. Выготский Л.С. Педагогикалық психология. – Алматы: Ғылым, 1999.
6. Ыбырай Алтынсарин. Таңдамалы педагогикалық мұралары. – Алматы: Рауан, 1994.
7. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017.
8. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 2004.

ҰЛТТЫҚ КОДТЫ САҚТАУШЫ – ҒҰМАР ҚАРАШТЫҢ
АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖОЛЫ



М.Ә.Әбуова,
БҚО, Бөрлі ауданы
Ақсай қаласының №2 ЖОББМ
тарих пәні мұғалімі,
педагог-сарапшы

Аңдатпа:

Мақалада XX ғасыр басындағы қазақ руханияты мен ағартушылық қозғалысының көрнекті өкілі Ғұмар Қараштың өмірі, қоғамдық-саяси қызметі және шығармашылық мұрасы жан-жақты қарастырылады. Оның жәдидтік ағартушылық қызметі, ана тілінде білім беру, ұлттық сананы қалыптастыру, тіл, дін, тәрбие мәселелерін көтерудегі көзқарастары талданады. Сондай-ақ Ғұмар Қараштың қазақ педагогикасы мен тіл білімі ғылымының қалыптасуына қосқан үлесі, «Мұғалім» журналы арқылы ғылыми-педагогикалық ойды дамытудағы еңбегі көрсетіледі.

Түйінді сөздер: ағартушылық, ұлттық сана, ана тілі, қазақ педагогикасы, тіл білімі, Алаш идеясы, баспасөз, ұлттық код.

Табиғат құбылысы сияқты адамзат баласы ғұмыр кешетін дәуірлер мен замандар мінезі әрқилы. Оның ақ түтек бораны мен қара суығы да, мамыражай кездері де болады. Ғұмар Қараш және оның замандастары осы бір қиын, арпалысты дәуірде өмір сүрді. Оның өмірі мен қызметін, шығармашылығын зерттеп, жариялауға жол бермеді. Бүгінде Ғұмар шығармашылығының бағы жанып, мұрасы кеңінен насихатталып жатыр.

Ғ.Қараш шығармаларында ұлттық болмыс, діл, тіл, дін, тарих, тәрбие, еркіндік сынды кодтық мәні бар мәселелер кеңінен қозғалды. Оның «Бала тұлпар», «Өрнек», «Тұмыш», «Аға насихаты» т.б. еңбектерінде ұлттық сананы қалыптастыруға, халықты надандық пен қараңғылықтан арылтуға бағытталған идеялар көтерілді. Бұл жолда әдебиет пен ағартушылықты құрал етті.

Ғұмар Қараш – көрнекті ақын, халқын өнер мен ғылымға, берекелі ел болуға үндеген қайраткер-ағартушы, дін-шариғат, имандылық жолын, араб, парсы, түрік, татар, башқұрт тілдерін жетік білген ғұлама-ахун, өз дәуіріндегі мерзімді баспасөзге қазақ елінің көкейкесті мәселелері туралы үзбей ой толғаған қаламгер, «Қазақстан», «Дұрыстық жолы» сияқты газеттер мен «Мұғалім» журналын шығаруға атсалысқан баспасөз жанашыры. Біздің бұл пікірімізді Ғ.Қараштың өмір жолы мен артында қалған еңбектері дәлелдейді.

Ғұмар жастайынан-ақ өлеңдер шығарып, ел аузындағы әдеби мұраларды жалғастырды. XX ғасырдың бас кезінде қазақ даласына тарайтын – арабша, түрікше, татарша, қазақша басылымдарды оқып, дәуір жайын оңға бастайды. Ол әдеби, тарихи пәлсапалық кітаптарды

іздеп жүріп оқыды. Сөйтіп, ислам діні қағидаларын жетік білген Ғұмардың енді дүниелік ғылымдардан да хабары болады.

Надандықпен күресу үшін Ғұмар өз білімін жетілдіріп, бір қызметке тұруды қолға алады. Әуелі молда атағын алу үшін 2-3 пәннен сынақ тапсырып, құжат алады. 1902 жылы Қазанда №1 старшиналық жиынының 580 кісі орнына 430 адам қатысқан жиыны болып, Ғұмарды «Казачий лиман» деген тұрақтағы №2 мешітке («приход» деген) «указной молда», имам етіп сайлайды. 1903 жылы 2 мамырда қысым басшысы Ғ.Қарашевтен Үкіметке, өз қызметіне адал боламын деген ант алып, №637 куәлікті тапсырады. Сонымен Ғұмар өмірінде жаңа кезең басталады. Бұдан соң 1902-1910 жылдары өзі туып-өскен ауылында, Тіленшібай, Борсы мекендерінде жәдидше (жаңаша) бала оқытады. Жәдид мектептері – XIX-XX ғасырлар тоғысында Еділ бойы, Кавказ, Түркістан, Қазақстанда ашылған мектептер. Бұл жаңа әдіс бойынша мұсылмандық мектептерде оқушылар ұлттық тәлім-тәрбиеге негізделген дін пәндерімен қатар жазу, есеп, география, тарих, орыс тілі, т.б. өмірге қажетті пәндерді оқитын болды.

Оқушылар тез арада сауат ашып, арабша, қазақша, татарша және орысша басылымдарды оқуға мүмкіндік алған. Мұндай батыл реформалық іс-әрекет дүмше малдар мен шынжыр балаң, шұбар төс үстем тап өкілдеріне ұнамай «ислам дінін бұзып, қазақ балаларын орыс қылды» деген айып тағылды. Бірақ көкірегі ояу азаматтың мақсат-мүддесі жергілікті зиялы қауымнан қолдау тауып, жәдидше оқытуын әрі қарай жалғастырды. Ғұмардың мұндай бөгеттерге кезігуі оның ғылым, білім, әділет жолындағы көзқарасын айқындай түседі. Ол кейін парықсыздыққа,

надандыққа қарсы көптеген шығарма жазды. Патша үкіметінің отарланған халықтың мәдениеті, тілі, ділі мен дінін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін жоғалтуға бағытталған озбырлық саясатының мәнін түсінген ағартушы ақынды ұлтының туған тілі де ерекше толғандырды. «Қазіргі басты міндет қазақ балаларын бастауыш мектептерде ана тілінде оқыту, соған оқулық, жабдық жасау қажет. Өнер-білім ана тілінде болу керек. Ана тілін білмей тұрып, ұлт білімін ала алмайсың. Ұлт білімі болмаса, онда әдебиетің болмайтындығы өзі-ақ белгілі. Әдебиеті жоқ ұлттың өнері де өршімейді» деді. Бұдан біз Ғұмардың бала, алдымен, ана тілінде білім алып, ана тілінің ықпалымен азамат болып қалыптасуы қажеттілігін көрсеткенін, ғылыми-педагогикалық, психологиялық тұрғыдан дұрыс деп тапқан ойлы тұжырымын ұғамыз.

Ғұмар – қазақтың тіл білімі ғылымының негізін қалаған тұлға. Ол алғаш қазақ мектептерін ұйымдастырып, мектеп үйлерін салдыртып, оқулық, бағдарлама жазып, жабдықтаған. Ғ.Қараш – қазақ тілі пәнінің алғашқы оқытушысының бірі. «Ана тілін білмей тұрып, ұлт білімін ала алмайсың» деген тұжырым жасайды. Ғұмар «Мұғалім» журналына «Дыбыс деген не?» тақырыбында мақала жазыпты. Сөйтіп, ол қазақ тіл білімі ғылымының кірпішін қалаған.

1917 жылы мамырда Ордада өткен Бөкей қазақтарының жалпы съезіне қатысады. Делегаттар ақынды Мәскеуде болатын Ресей мұсылмандары съезіне өкіл етіп жібереді. Ғұмар сол жылғы желтоқсанда Орынборда өткен жалпықазақ съезіне шақырылып, тартымды баяндама жасайды. Қазан төңкерісін іштей қабылдамаған, бірақ қазақтың елдігін сақтайды деп сенім артқан «Алашорда» ғұмырының қысқалығын сезген

Ғұмардың жаңа дәуірге қарай икемделуіне тура келді.

Халыққа қызмет етуді өмірінің мақсат-мұраты санаған азамат ақын 1918 жылы діни мансабын біржола тастап, әлеуметтік өмірге белсене араласу жолына ауысады. Сөйтіп, туған елі Жәнібек ауданына келеді. Ордадағы педтехникумда сабақ береді. 1918 жылғы 24 қыркүйекте Бөкей губерниясы мұғалімдерінің I съезіне және 1918-1920 жылдары өткен губерния кеңестерінің I, II, III, IV съездеріне делегат боп қатысады. Жиында жарыссөзге шығып, өз пікірін ашық айтады. Алаш қозғалысының құрылтайларына қатысып, дербес қазақ мұфтиятын құруға атсалысқан.

Ғ.Қараш 1919 жылы Бөкей губисполкомында істейді, сол жылы коммунистік партия мүшелігіне өтеді. Оған Ордадағы айына екі рет шығатын «Мұғалім» атты тәлім-тәрбие, ғылыми-пән журналының шығарушылар алқасын басқару жүктеледі. Бұл тұңғыш қазақ кеңес педагогикалық журналы еді. Ғұмар осы журналда «Педагогика» атты еңбегін жариялайды. Облыстық оқу бөлімі комиссары С.Мендешев сол кездегі 25-ке жуық жоғарғы білімді оқыған қазақты және Ғұмарды төңірегіне жинап, педкурстың жаңа қазақ мектебінің оқу жоспарын, оқу бағдарламаларын, түрлі оқу жабдығын, методикалық материалдарын дайындауға кіріседі. Қиыны – оқулық жазу, шығару болды. Кей пәннен шағын брошюралар басып шығарады.

Ғұмар – саясаткер, саясат мәселесінде басқалардан батыл, ашық айтқан арманы: «Теңдікті қазағымда бір ел болып, қатарлас басқа жұртпен тұрар мекен». Оған жету үшін Ғұмар: «Тыңда қазақ сөзімді, Білім, өнер қаруым, құралданып бойыңа. Жігер жинаған қылышын, Ғибрат ұстап қолына, Әзірлен, қазақ, әзірлен,

Тіршілік деген соғысқа»,- деп болашақ үшін күреске шақырған.

Ғұмар Қараштың өнегесі – қазіргі жастар үшін тарихи жады мен ұлттық болмысты сақтаудың жарқын үлгісі. Оның идеялары ұлттық кодты жаңғыртуда әлі де өзекті. Демек, тарих пен әдебиет арқылы ұлтты тәрбиелеу, өткенге сүйене отырып, болашаққа жол салу – Ғұмар Қараштан үйренер асыл өнеге.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.«Ғұмар Қараш», И.Кенжеалиев, оқу құралы, Орал – 2004
- 2.«Ғұмар Қараш шығармалары», II том, Ж.Набиоллаұлы, Қ.Құттымұратұлы, Орал, 2018
- 3.«Ана тілі» газеті, «Тұңғыш дінбасы һәм тұлпар ақын – Ғұмар Қараш» мақаласы, авторы Ғ.Әнес
- 4.«Орал өңірі» газеті, №86, 23.10.2025, «Ғұмар Қараш ұлы тұлға екенін мойындайтын уақыт келді» мақала, Т.Рысбеков
- 5.«Орал өңірі» газеті, №53, 01.07.2025, «Ғұмардың ұлттық рухты жаңғырту идеясы» мақаласы, Б.Боранбаева
- 6.«Егемен Қазақстан» газеті, 12.09.2018, «Ғұмар Қарашқа кесене орнатылды» мақаласы, авторы Қ.Құттымұратұлы
- 7.<https://ru.wikipedia>

ВЛИЯНИЕ ЛИТЕРАТУРЫ ВРЕМЁН ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ НА ФОРМИРОВАНИЕ ПАТРИОТИЧЕСКИХ ЦЕННОСТЕЙ



Д.К.Иржигитова,
ЗКО, Таскалийнский район
учитель русского языка и литературы,
педагог-модератор
Комплекс школа-ясли-детский сад Амангелді

Аңдатпа:

Мақалада соғыс жылдарындағы (1941-1945) әдебиеттің тәрбиелік мәні ашылып, Жамбыл Жабаевтың «Ленинградтық өрендерім!» өлеңі халықтар достығының символы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар қазақ қаламгерлерінің поэзиясы мен прозасындағы батырлық пен рухани беріктік мәселелері талданады. Әдебиет сол дәуірдің айнасы болып, халықтың қайғысы мен үмітін, ерлігі мен сенімін бейнелейді.

***Түйінді сөздер:** Ұлы Отан соғысы, әдебиет, патриотизм, рухани-негізгі құндылықтар, патриоттық тәрбие, қазақ әдебиеті.*

Литература периода Великой Отечественной войны (1941-1945) стала одним из важнейших средств духовного и нравственного воспитания народа. В те суровые годы художественное слово выполняло особую миссию – оно вдохновляло на подвиги, укрепляло веру в победу, объединяло людей в едином порыве любви к Родине. Лозунг «Все для фронта, все для победы!» стал символом эпохи, и литература, как зеркало времени, отразила подвиги солдат и тружеников тыла, мужество, веру, боль и надежду народа.

Академик М.С.Сильченко писал: «Пламенным патриотическим чувством и жгучей ненавистью к захватчикам проникаются стихи, поэмы, очерки, фронтовые записки, порой написанные в боевой обстановке». Литература тех лет действительно стала всенародным корреспондентом, выражавшим мысли и чувства миллионов людей. Публицистичность, искренность, эмоциональная сила и вера

в победу – эти черты определяли стиль творчества поэтов и писателей того времени.

Особое место в литературе военных лет занимает творчество великого казахского акына Жамбыла Жабаева. Его знаменитое стихотворение «Ленинградцы, дети мои!» стало символом братства и единства народов Советского Союза. А.Н.Толстой писал: «Сегодня знаменитый аксакал советской поэзии, девяностопятилетний Джамбул снова, как и в молодые годы, бодр и свеж, и поет во весь голос о героях Отечественной войны». В своих патриотических песнях акын призывал к мужеству, стойкости, единству. Его поэзия, выросшая из устной народной традиции, вдохновляла бойцов, придавала уверенность и силу духа, выражала глубину народной души.

Под влиянием творчества Жамбыла активно развивалась казахская поэзия военного времени. Пламенные сти-

хи и боевые песни создавали поэты Т.Жароков, К.Аманжолов, Д.Абилев, С.Муканов, А.Токмагамбетов, Г.Орманов и другие. Их произведения стали оружием слова, пробуждавшим патриотизм и ответственность перед Родиной. Одним из ярких примеров поэзии этого времени является творчество Жумагали Саина – участника партизанского движения на Украине. В его стихотворении «Матери Украине» звучит глубокое чувство братства народов:

Когда я принял земли удар свинца,
И украинка раны заживляла,
О, мать моя, обними бойца,
Которого ты в бой благословляла.

Наряду с поэзией активно развивалась и проза. Писатели выступали с рассказами, очерками, повестями, посвященными героям фронта и тыла. Габит Мусрепов в рассказе «Мать» раскрыл тему материнской любви и скорби, показал духовную стойкость женщины, потерявшей сына на фронте. Мухтар Ауэзов в годы войны завершил первую часть своей эпопеи «Путь Абая», где воплотил духовную силу, гуманизм и любовь к народу.

Военная драматургия также получила развитие. В пьесах того времени – таких, как «Гвардия чести» (1942) – ярко отражены вера, преданность Родине, взаимопомощь, готовность к самопожертвованию. Герои этих произведений олицетворяли мужество, благородство и высокую нравственность.

Литература периода Великой Отечественной войны несет огромный воспитательный потенциал. Сегодня эти произведения остаются актуальными, ведь они формируют у подрастающего поколения чувство патриотизма, гордости за свой народ, уважения к подвигам предков и осознание ценности мира. На уроках литературы использование текстов военной тематики помогает воспитывать гражданскую ответственность, гуманизм, уважение к истории и духовное единство поколений.

Таким образом, литература военных лет является не только художественным наследием, но и важным историко-нравственным источником. Она сохранила дух времени, боль и радость народа, веру и победу. Обращаясь к этим произведениям, мы передаем учащимся нравственные и духовные ценности, воспитываем уважение к истории и любовь к Родине. Литература военных лет учит нас мужеству, стойкости, верности долгу и человечности – тем вечным качествам, которые формируют основу патриотического воспитания современного поколения.

Список использованные литературы:

1. Ауэзов М.О. Путь Абая. – Алма-Ата: Жазушы, 1942-1956.
2. Жабаяев Ж. Избранные произведения. – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1945.
3. Мусрепов Г. Рассказы и очерки военных лет. – Алма-Ата: Жазушы, 1946.
4. Саин Ж. Стихотворения. – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1944.
5. Сильченко М. С. Литература Великой Отечественной войны. – М.: Наука, 1965.
6. Толстой А.Н. Статьи и выступления военных лет//Собрание сочинений. – М.: Гослитиздат, 1946.

«CLASSCARD», «ӘДЕБИ МОНОПОЛИЯ» ОЙЫНДАРЫ АРҚЫЛЫ
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ, ПӘНДІК БІЛІМІН АРТТЫРУ



Ж.Т.Лукпанова,
БҚО, Бәйтерек ауданы
Қ.Аманжолов атындағы ЖОББМ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші

Аңдатпа:

Бұл мақалада оқушылардың танымдық қабілетін арттыруда «Classcard» ойынының тиімділігі қарастырылады. Ойын технологиясының оқу процесіне енгізілуі оқушылардың қызығушылығын оятып, білім сапасын арттыруға ықпал ететіні дәлелденді. Зерттеу барысында оқушылардың білімді қабылдауы, есте сақтау деңгейі және логикалық ойлауы едәуір жақсарғаны байқалады.

Түйінді сөздер: *Classcard, ойын технологиясы, танымдық қабілет, білім сапасы, мотивация.*

Білім беру жүйесіндегі жаңартылған мазмұн оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін қолдануды талап етеді. Соның бірі – ойын арқылы оқыту технологиясы. «Classcard» ойыны – оқушылардың танымдық белсенділігін, есте сақтау қабілетін, тіл байлығын дамытатын тиімді құрал. Бұл ойын арқылы оқушылар өз білімдерін жүйелеп, шығармашылықпен ойлауға дағдыланады.

Өзектілігі:

Қазіргі білім беру процесінде оқушылардың білуге қызығушылығын арттырып, шығармашылық және сыни ойлауын дамыту – басты мақсаттардың бірі. Сонымен қатар жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, қазақ тілінің бай қорын меңгерту де маңызды міндеттер қатарында. Осы тұста заманауи оқыту әдістерімен ұлттық танымды ұштастыратын ойын арқылы оқыту тәсілі ерекше маңызға ие. Осы мақсатта мен өз тәжірибемнен оқушыларға арналған

«Әдеби монополия», «Classcard» ойындарын құрастырдым.

«Classcard» – танымдық, тәрбиелік және тілдік мақсаттарды бір арнаға тоғыстырып, оқушылардың ой-өрісін кеңейтетін, ауызша сөйлеу дағдысы мен сыни ойлауын дамытатын тиімді құрал. Сонымен қатар «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын іске асыруда да маңызды болып есептеледі.

«Classcard» ойынының мақсаты – қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын оқушыларға ойын арқылы таныстыру; оқушылардың сөздік қорын байытып, қазақ тілінің тұрақты сөз тіркестері, мақал-мәтел, салт-дәстүр, ырым-тыйымдарының мәнін ұғындыру арқылы ұлттық сана-сезімін арттыру; жұмбақтар мен ырым-тыйымдардың мәнін ашу арқылы сыни ойлауға дағдыландыру; ұлттық құндылықтарға құрметпен қарауға тәрбиелеу; оқушылардың жалпы

танымдық түсінігін арттыру.

«Әдеби монополия» ойынының мақсаты – әр тақырып бойынша топтастырылған сұрақтар арқылы оқушының пәндік білімін арттыру, ойын әдісі арқылы пәнге қызығушылығын ояту, ойын форматы арқылы тақырыпты оқушыға оңай түсіндіру.

Міндеттері:

Танымдық ақпараттарды жүйелеу және ойын форматына бейімдеу;

Сабақта, сыныптан тыс шараларда қолдануға бейім оқу құралын жасау;

Сөйлеу мәдениеті мен коммуникативтік дағдыларды дамыту;

Топпен жұмыс істей білу қабілетін арттыру.

«Classcard» – арнайы жасалған карточкалардан тұратын ойын. Әр карта белгілі бір ұлттық-танымдық категорияға жатады. Сынып оқушыларының жалпы түсінігін арттыруға бағытталған бұл ойынның мазмұны төмендегідей:

1.«Танымал тұлғалар» – Алаш қайраткерлері, ақын-жазушылар, ғалымдар, батырлар, т.б. туралы сипаттамалар арқылы тапқызу.

2.Мақал-мәтелдер – жалғастыру, мағынасын түсіндіру, мазмұн бойынша сәйкестендіру.

3.Фразеологизмдер – мағынасын ашу, сөйлемде қолдану.

4.Жұмбақтар – логикалық ойлауды дамытуға бағытталған.

5.Ырым-тыйымдар, таным-түсініктер – ұлттық дүниетанымды қалыптастыруға арналған.

6.Салт-дәстүрлер – ұлттық мереке, салт-жоралғылар, отбасылық рәсімдер туралы сұрақтар.

7.Таным-түсінік. Оқушылардың жалпы танымдық деңгейлерін арттыруға бағытталған сұрақтар берілген.

Қолдану тиімділігі:

- Сынып сағаттарында, пәндік үйірмелерде, тәрбие сағаттарында, мерекелік іс-шараларда қолдануға болады;

- Әр жастағы оқушыларға, мамандарға да бейімдеуге болады;

- Ұлттық дүниетанымды дамытумен қатар, логика мен тілдік дағдыны қатар дамытады;

- Ұжыммен жұмыс, тез ойлау, дұрыс сөйлеу секілді дағдылар қалыптасады.

«Classcard» – ұлттық болмысты танытып қана қоймай, оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал ететін заманауи, тиімді әдіс. Бұл ойын үлгерімі әртүрлі оқушылардың барлығын қамти отырып, оқу процесін қызықты әрі мазмұнды етеді.

«Әдеби монополия» ойыны әр сыныптағы қазақ әдебиеті оқулығының толық мазмұнын қамтиды. Барлық бөлімдер бойынша автор туралы, әдеби шығарма мазмұнын меңгертуге, көркемдегіш құралдарға арналған сұрақтар қамтылған.

Бұл зерттеу жұмысы 2024-2025 оқу жылында жалпы білім беретін мектептің 5-11 сынып оқушылары арасында жүргізілді. Мақсат – «Classcard», «Әдеби монополия» ойындары арқылы оқушылардың танымдық, пәндік білімдерін арттыруға әсерін анықтау.

Ойын кезінде оқушылардың белсенділігі, қызығушылығы, топпен жұмысқа қатысуы бақыланады.

Зерттеу басында және соңында оқушыларға сауалнама жүргізілді. Сұрақтар оқушылардың пәнге қызығушылығы, ойын арқылы білім алу туралы көзқарасы мен мотивациясын анықтауға бағытталды. «Classcard», «Әдеби монополия» ойындары тұрақты қолданылған сыныптарда оң нәтиже айқындалды.

Нәтиже өлшемдері:

- Сабаққа қатысу белсенділігі
- Сөздік қор деңгейі
- Есте сақтау қабілеті
- Шығармашылықпен жұмыс істеу дағдысы
- Пәнге қызығушылығы

Ойын – бала үшін оқу да, еңбек те. Осы орайда, В.Сухомлинский: «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын – ұшқыр білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты» деп пікір айтады.

«Classcard», «Әдеби монополия» ойындары – оқушыны тек ақпаратпен қамтамасыз етпей, оны терең ойлауға, ізденуге, ойын нақты жеткізе білуге баулитын, ұлттық рухты дәріптейтін авторлық ойын. Ол – педагогикалық құрал ғана емес, ұрпақ санасына ұлттық кодты сіңірудің креативті жолы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «50 ертегі, 70 жұмбақ» О.Асқар - Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2012
2. «Салт-дәстүр сөйлейді» С.Керімбай, Б.Бопайұлы, М.Төлеген, Ә.Нәби, А.Тасболат. – Алматы: «Отбасы хрестоматиясы», 2022
3. «Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары», С.Кенжеахметұлы.-«Алматы кітап» баспасы, 2020
4. <https://bilim-all.kz/article/5257-Qazaqtyn-salt-dasturleri>
5. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/28433>

АУЫЛ МЕКТЕБІ – САПА АЛАҢЫ: МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДАҒЫ ЖАҢА СЕРПІН



Ж.А.Аққалиева,
БҚО, Қаратөбе ауданы
Аққозы мектеп-бөбекжай-балабақша кешенінің
математика пәні мұғалімі,
педагог-сарапшы

Аңдатпа:

Мақалада ауыл мектептеріндегі білім сапасын арттыруға бағытталған «Ауыл мектебі – сапа алаңы» жобасының маңызы мен тиімділігі қарастырылады. Жоба аясында мұғалімдердің кәсіби дамуы, заманауи оқыту әдістерін енгізу және оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары сипатталады. Тәжірибе алмасу, ашық сабақтар мен әдістемелік қолдау арқылы ауыл мектебінің әлеуетін арттыру мүмкіндіктері көрсетіледі. Жобаның ауылдық білім беру жүйесін дамытудағы рөлі айқындалады.

Түйінді сөздер: Математика сабағы, цифрлық ресурс, онлайн сабақ, ауыл мектебі, функционалдық сауаттылық, жоба, олимпиада.


Қазіргі білім беру кеңістігінде ауыл мектебінің әлеуетін арттыру – маңызды міндеттердің бірі. Осы бағытта жүзеге асырылып жатқан «Ауыл мектебі – сапа алаңы» жобасы ауылдық білім беру ұйымдарында оқыту сапасын жақсартуға, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға зор мүмкіндік беріп отыр. Аталған жоба аясында математика пәнін оқытуда да тың өзгерістер енгізілуде.

Математика – логикалық ойлауды, дәлдік пен жүйелілікті талап ететін негізгі пәндердің бірі. Жоба шеңберінде оқушы белсенділігін арттыруға бағытталған заманауи әдіс-тәсілдер, соның ішінде деңгейлік тапсырмалар, өмірмен байланысты есептер, топтық және жұптық жұмыстар кеңінен қолданылуда. Бұл тәсілдер оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, өз бетімен ойлау дағдыларын қалыптастыруға

ықпал етуде. Сонымен қатар цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану да оң нәтиже беріп отыр. Интерактивті платформалар, онлайн тапсырмалар мен визуалды материалдар арқылы оқушылар күрделі математикалық ұғымдарды жеңіл меңгеруде. Мұғалім үшін бұл – оқыту үдерісін тиімді ұйымдастырып, әр оқушының жеке қабілетін ескеруге мүмкіндік береді.

Жобаның басты жетістіктерінің бірі – ауыл оқушыларының білім сапасының артуы. Математика пәнінен оқу жетістіктері жақсарып, оқушылардың пәнге деген сенімі мен ынтасы күшейді.

Бұл өз кезегінде ауыл мектебінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жол ашады. «Ауыл мектебі – сапа алаңы» жобасы математика пәнін оқытуда жаңашылдық пен сапаны үйлестіре отырып, ауыл мектебінің дамуына нақты үлес қосып келеді.



Математика пәні бойынша I жартыжылдық білім сапасы

Математика пәні бойынша білім сапасын арттыруда қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың тиімді үйлесімі маңызды орын алады. Жоба шеңберінде бағалау критерийлері нақты айқындалып, оқушылардың біліміндегі олқылықтарды дер кезінде анықтауға жағдай жасалады. Бұл мұғалімге оқыту үдерісін дер кезінде түзетіп, жеке қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Жобаның басты ерекшелігі – онлайн сабақ беру. Онлайн сабақ дәстүрлі оқытуды толық алмастырмайды, ол – қолдау және сапаны арттыру құралы. Сонымен қатар жоба аясында мұғалімдер арасында тәжірибе алмасу жұмыстары жолға қойылған. Ашық математика сабақтары, шеберлік сағаттары мен әдістемелік отырыстар педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттырып, сабақ сапасын жетілдіруге ықпал етеді. Онлайн сабақтарда тәжірибелі педагогтердің қатысуымен тақырыптық түсіндіру, есеп шығару, кері байланыс және талдау жұмыстары жүргізіледі. Бұл әсіресе шағын жинақты мектептерде пән мұғалімі тапшылығы немесе оқу жүктемесінің ерекшелігі байқалатын жағдайда тиімді.

Қорытындылай келе, бірлескен жұмыстың нәтижесінде оқушыларымыз жетістікке жетті десек болады: 6-сынып оқушысы Ж.Алибеков аудандық математика пәнінен кіші олимпиада «Алғыс хат», 9-сынып оқушысы И.Жақсығалиұлы математика пәнінен ауыл олимпиадасының аудандық кезеңінің жеңімпазы, облыстық кезеңінен сертификат, 10-сынып оқушысы М.Еркінғали аудандық «Алтын түлек» олимпиадасы III орын, 8-сынып оқушысы М.Сален аудандық математикадан пәндік олимпиада III орын, 5-сынып оқушысы Н.Толағай республикалық «Ақбота» интеллектуалды олимпиадасы III орын, 8-сынып оқушысы М.Сален республикалық «Ақбота» интеллектуалды олимпиадасы II орын.

«Ауыл мектебі – сапа алаңы» жобасы ауыл мектептерінде математика пәнін оқыту сапасын жақсартуға, оқушылардың зияткерлік әлеуетін дамытуға бағытталған маңызды бастама. Жүзеге асырылып жатқан бұл тәжірибе ауыл мектебінің мүмкіндігі жоғары екенін дәлелдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мадина Нұрлан, 1000 ауылдық мектеп «Ауыл мектебі – сапа алаңы» республикалық жобасына қосылады, «Атамекен бизнес» журналы, 14.01.2025
2. Қазақстанда ауыл мектептерінің әлеуетін арттыру бойынша «Ауыл мектебі – сапа алаңы» жобасы жүзеге асуда, «Педагог KZ» журналы, 3.12.2024
3. «Ауыл мектебі – сапа алаңы» жобасы іске асуда «Алты алаш» журналы, 10.12.2024

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН
ДАМУДАҒЫ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР



Л.М.Махмудова,
БҚО, Тасқала ауданы
Амангелді мектеп-бөбекжай-балабақша кешенінің
бастауыш сынып мұғалімі,
педагог-модератор

Аңдатпа:

Бұл мақалада функционалдық сауаттылықтың жеке тұлғаның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуындағы және өмір бойы білім алуындағы рөлі қарастырылады. Функционалдық сауаттылықтың негізгі сапалары ретінде белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу және кәсіби бағдарлану қабілеттері айқындалады. Сонымен қатар жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілі пәнін оқыту арқылы оқушылардың алған білімін өмірлік жағдаяттарда қолдана алуына және түрлі тілдік ортада қарым-қатынас жасау құзыреттілігін қалыптастыру функционалдық сауаттылықты дамытудың басты бағыты ретінде сипатталады.

Түйінді сөздер: *Функционалдық сауаттылық, оқу сауаттылығы, мәтінмен жұмыс, негізгі ойды анықтау, сын тұрғысынан ойлау, интербелсенді әдістер, диалогтік оқыту.*

Сабақта оқу сауаттылығын дамытудың қандай жаңа әдіс- тәсілдері қолданылады?

Қазіргі заман балалардың функцио-
налды сауатты болуын талап етсе, соның
бірі – оқу сауаттылығы (ақпаратты табу;
мәтінді интерпретациялау).

Оқу сауаттылығы дегеніміз – бала
өзі оқып отырған ақпаратты толықтай
қабылдай біліп, ішінен негізгісін ала
білуі. Қазіргі кезде оқу сауаттылығын
қалыптастыру үшін түрлі технологи-
яларды пайдалануға болады. Сондай
технологиялардың бірі – оқу және жазу
арқылы оқушылардың сын тұрғысынан
ойлауын дамыту технологиясы бол-
са, сонымен қатар білім беру мен білім
алудағы жаңа әдістер болып табыла-
ды. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту
технологиясының негізгі ұстанымдары

топтық жұмысқа, еркін ойлауға, жаз-
баша, ауызша ой алмасуға, мәтін мәнін
ашуға, автор іріктеген сөздер мен
сөз тіркестерінде жатқан ұғымдарды
түсінуге, әрекеттестікке негізделген. Оқу
сауаттылығы түсініп оқудан басталып,
сөздер мағынасына, грамматика және
тілдік, мәтіндік құрылымдарға талдау
жасауды қамтиды. Оқу сауаттылығы бой-
ынша оқушылар мектеп аясында және
мектептен тыс уақытта нені оқитынын,
қандай мақсатпен оқитынын білуі қажет.

Оқушылардың оқу сауаттылығын
қалыптастыруға, соның ішінде мәтінмен
сауатты жұмыс жүргізе білуге үйрететін
бірден-бір құрал – түрлі жаңа технологи-
ялар, әдістер мен тәсілдер.

Сабақта келесідей оқу мақсаттары
белгіленеді:

-Мектептің оқыту мақсатына тоқтала отырып, ойын айта білуге жетелеу

-Мәтінмен жұмыс жасай білуге дағдыландыру

-Мәтінге сұрақ қоя білуге үйрету

-Мәтіннен негізгі идеяны таба білу.

-Мәтінге сүйеніп, диалог құрастыра білуге дағдыландыру

-Мәтіннен түсінгеніне сүйеніп, ой қорыта білуге дағдыландыру

Оқу сауаттылығын интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асыру үшін балалардың пән бойынша деңгейлері ескеріліп, тапсырмалар дайындалып, әдістер таңдап алынды.

ББЖӘТ: диалогтік әдіс, жұптық, топтық жұмыстар, сәйкестендіру

СТОУ: кластер әдісі, эссе, «Жуан-жіңішке сұрақтар»

ДБЖ: А, В, С деңгейлік тапсырмалар

Аталған әдіс-тәсілдердің ішінде оқушылардың ойына түрткі болу мақсатында «Кластер» әдісі, ал мәтінмен жұмыс, негізгі ойды түсіну деңгейін анықтауда «Жуан-жіңішке сұрақтар» әдісі тиімді болды. Ал сабақты қорытындылауда топтық жұмысты ұйымдастыру арқылы мәтіннен алған түсініктерін ортаға салып талқылау, ойларын қорытуда осы әдісті қолданамыз.

Сабақ барысында келесі интербелсенді оқыту әдістерінің тиімділігі анықталды. «Қар кесегі» әдісі мәтінді оқу кезінде өзге оқушылардың пікірін тыңдау және есте сақтау дағдыларын жетілдіруде қолданылады. Оқушылар қолындағы қар кесегін келесі оқушыға ұсына отырып, қара сөз мазмұнын айтуды бір сөйлеммен бастайды, екінші оқушы алғашқыны қайталап, өзі бір сөйлеммен жалғайды. Осылайша қайталанып, мазмұны қар кесектерінің үйіндісі арқылы құралды.

Келесі бір стратегия – «Егер, онда, өйткені» әдісі. Мұндағы мақсат –

оқушыларды мәтіндегі негізгі ойды өз пікірімен сабақтастыра алуына, ой қорытуына жағдай жасау.

Сондай-ақ мәтіннен алған түсінігін қорыту, өмірмен байланыстыру, дәлелдеуді қажет ететін «Фишбоун» әдісімен жұмыстануда оқушылар берілген балық қаңқасына қара сөзден проблеманы, оның туындау себептерін анықтады, дәлелдерін келтірді, қорытынды жасады.

Сабақты қорытындылауда, оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру, мәтіннен алған ақпаратты қорыту мақсатында «Эссе» әдісі қолданылды.

Сабақ өткізу барысында мәтінмен жұмыс жасауға, оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруға тиімді келесідей интербелсенді әдіс-тәсілдерді сабақта түрлендіріп қолдану туралы ұсынымдар берілді:

-Мәтінмен жұмыс кезінде белсенді оқыту әдістерін түрлендіріп, күрделендіріп беру;

-Оқушыларға дайын сұрақтар беріп қоймай, сұрақтарды оқушылардың өздеріне құрауға мүмкіндік беру;

-Мәтінді мұқият оқу дағдысын бақылауға бағытталған тапсырмаларды жиірек дайындау;

-Мәтінмен жұмыс барысында келесі интербелсенді әдістерді пайдаланған тиімді:

Мәтін мазмұнымен танысуда:

«Кластер», «Категориялы топтастыру», «Болжамды оқу», «Инсерт», «Тірек жазба».

Мәтінді талдау кезінде:

«Топтық жоба қорғау», «Жуан-жіңішке сұрақтар», «Ішке-сыртқа», «ТИ», «Аквариум».

Мәтінді қорытуда:

«Фишбоун», «Егер, онда, өйткені», «Эссе», «Қар үйіндісі», т.б.

Қорыта келгенде, оқушылардың

оқу сауаттылығын қалыптастыруда, мәтінмен сауатты жұмыс жасауға жетелейтін интербелсенді әдіс-тәсілдерді орынды, сауатты қолдана білу – әр педагогтың міндеті. Түрлі жаңа технологияларды меңгеріп, оқытудың интербелсенді стратегияларын үздіксіз түрлендіріп қолдану арқылы ғана жақсы нәтижелерге, көздеген мақсаттарға қол жеткізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оқушылардың мәтіндегі функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда achieve ата-алдыңғналар және ықпалын тұраын бағалау. 22 б. сауатылғн АСТАНА 2015
2. Амонашвили Ш. А.: Основы гуманной педагогики Кн.4 Об оценках. Издательство Амрита-Русь. Серия Школа жизни. 2018
3. Қазақстан Республикасының «мұралын Білім оқырман туралы» және заңы // Қазақстан данлық мұғалімі, 2012. – 26 мұғалі ақпан. – 161 б.
4. Казеева О. С. Қазіргі заман оқушыларының мәтінді түсініп оқуға қызығушылығын қалыптастыру және дамыту // Педагогика ғылыми-әдістемелік журналы. – 2016. – № 3. – 45–50 бб.

РОЛЬ КРАЕВЕДЕНИЯ НА УРОКАХ И ВО ВНЕУРОЧНОЕ ВРЕМЯ



Г.Р.Онайбекова,
ЗКО, г.Уральск
Заместитель директора по методической работе
средняя общеобразовательная школа №45

Аңдатпа:

Мақалада мектептің жас ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі және өз өлкесінің тарихы мен мәдениетін оқушыларға үйретудің маңызы қарастырылады. Өлкетану арқылы балалардың патриоттық сезімі, туган жерге деген мақтанышы мен табиғатқа, мәдениетке құрметі қалыптасады. Оқушылардың тарихи және мәдени мұраларды өз бетінше зерттеуі, музейлер мен кітапханаларды пайдаланып, ақпарат жинауы олардың дүниетанымын кеңейтеді. Сондай-ақ өлкетану сабақтары шығармашылық қабілеттерді дамытып, білімді қызықты әрі тиімді етеді. Мақсат – әр оқушының туган өлкесін, оның тарихы мен мәдениетін түсінуі және оны қадірлеуі.

Түйінді сөздер: *Өлкетану, туган жер, патриоттық сезім, мәдениет, тарих, музей, кітапхана, шығармашылық қабілет.*

Все мы знаем, что школа играет одну из главных ролей в подготовке подрастающего поколения. Она даёт ученику систематизированные знания и именно в ней должны даваться знания о своём крае, прививаться соответствующее отношение к тому, что окружает школьника, бережное отношение к природе, истории, культуре своего края. В наше время проблема изучения культуры и истории своего народа стала одним из ключевых моментов в вопросе современного национального самопознания. От того, насколько глубоко каждый человек связан с культурно-историческими корнями прошлого страны, зависит культурное, социальное, политическое и экономическое направление развития Казахстана.

Понятие «Родина» в детском возрасте ассоциируется с местом, где его родной

дом, школа, село. А от того, насколько хорошо они знают и любят историю своего края, зависит и глубина патриотического чувства школьников. Детям свойственно чувство гордости за свою малую родину. Они часто стремятся обосновать свой патриотизм какими-то сведениями и примечательными событиями из истории края.

Я считаю, знать историю своего края, должен каждый житель. Мы зачастую сталкиваемся с тем, что учащиеся плохо представляют историю своего края, не знают своих выдающихся земляков, исторические памятники и объекты. Чувство причастности к судьбе малой родины не возникает само собой, а воспитывается и прививается. Зная о крае, развитие интереса к прошлому – ступенька к дальнейшему осознанию своей Родины, ее истории, культуры. Вместе с тем мы все

понимаем, что необходимо пропагандировать, больше писать о нашем крае в газетах, журналах, проводить различные конкурсы, викторины на местных телеканалах.

Краеведение – это показатель уровня культуры человека, его интеллекта, кругозора. Для этого надо заинтересовать, разнообразить формы работы с учащимися. Знание исторических памятников, достопримечательностей своего города даст положительный результат, если ученик самостоятельно будет добывать сведения, посещать музей, посещать библиотеки. Мы не должны забывать о том, что краеведение включает в себя и героико-патриотическое воспитание подрастающего поколения (ведь без любви к малой родине нельзя воспитать полноценного гражданина своей страны); нравственное воспитание (ведь зная историю, обычаи, традиции родного края, имена героев земляков, писателей, поэтов, художников и т.д., у учащихся появятся чувства глубокого уважения и гордости за своему краю); экологическое воспитание (если учащийся будет знать экологическую обстановку своего региона, возможно, это побудит его к более бережному отношению к природе своего края). В зависимости от того, какое направление преобладает, различают природное, экономическое, историческое, искусствоведческое, литературное краеведение.

Работая над различными текстами, учащиеся смогут: извлекать специальную информацию из текста и интернет ресурсов; определять значение терминов и ключевых единиц текста, оценивать содержание текста. Поддерживать диалог, рассуждая, выражая собственное мнение и оценивая события; определять ее актуальность, достоверность; формулировать обоснованные выводы и давать критиче-

скую оценку прочитанного; сравнивать тексты, определяя тему, идею, проблематику художественного произведения, позицию автора.

Использование такого материала делает урок интересным, увлекательным, что повышает эффективность урока. Известно, что ученики с большим интересом впитывают то, что им нравится. Конечно, на одном уроке или мероприятии невозможно целиком охватить всю историю и традиции. Но рассказать о наиболее ярких и заметных в городе и области явлениях и событиях, можно и нужно. И если учащиеся с детства будут бережно относиться к своим национальным символам, то с большей уверенностью можно сказать, что он станет патриотом.

В ходе краеведческой работы самыми популярными мероприятиями являются выставки, экскурсии в музеи, лекции, беседы, конференции, викторины, интеллектуальные игры, встречи с известными людьми, часы поэзии, видео журналы, общения учащихся ...

Учебная работа позволяет ученикам получить более полные и осознанные знания, почувствовать свое отношение к родной школе, родному городу, испытывать потребность в деятельности. Такие уроки учащимся нравятся. Усиливают мировоззренческую направленность познавательных интересов учащихся. А главное уроки формируют чувство любви к Родине – важнейшее чувство для каждого человека, которое воспитывается через изучение истории своей «малой» родины.

Опыт моей работы позволил сделать вывод о благоприятном влиянии краеведческой работы на качество знаний, интеллектуальное развитие учащихся, на раскрытие творческого потенциала детей. Исследовательская работа по краеведению формирует у детей целостное пред-

ставление о мире, даёт старшекласснику возможность убедиться в том, что краеведение – это не «мёртвый груз», а средство для понимания событий и явлений, которые происходят в современном мире. Мы, учителя, должны прививать учащимся любовь к своему краю, стране. Об этом замечательно сказано нашим современником, писателем Иваном Афанасьевичем Васильевым: «Чтобы в обыкновенном увидеть волшебное, надо просто любить свою землю, историю, культуру».

Список использованной литературы:

1. В.Василенко «Литературно-историческое краеведение в школе» методический журнал – 1992 год с 22-23.
2. Историческое краеведение в Казахстане. – Алма-Ата: Казахстан, 1982. – с 168
3. Макеев А.Ф. «Краеведение на уроках русского языка и литературы» научно-методический сборник - 1991 год №3 с 30
4. Попович Ю.А. Туристско-краеведческая деятельность – 1990. с 69
5. Щерба Н.Н. Краеведение: сущность, внутренняя культура. – 1992. №5-6 с 87-88

БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА ТӘЖІРИБЕЛІК ЖӘНЕ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ



А.К Суйналиева,
БҚО, Тасқала ауданы
Амангелді мектеп-бөбекжай-балабақша кешенінің
химия-биология пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші

Аңдатпа:

Бұл мақалада биология пәнін оқытуда тәжірибелік және зертханалық жұмыстардың маңызы қарастырылады. Оқушылардың теориялық білімін практикамен ұштастырудағы, ғылыми ойлауын дамытудағы және зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудағы рөлі ашып көрсетіледі. Сонымен қатар биология сабақтарында тәжірибелік жұмыстарды тиімді ұйымдастырудың жолдары мен олардың білім сапасын арттырудағы маңызы талданады.

Түйінді сөздер: Биологияны оқыту, зертханалық жұмыстар, тәжірибе, бақылау, білім сапасы, танымдық белсенділік, жаратылыстану сауаттылығы.

Биология – табиғат құбылыстарын, тірі ағзалардың құрылымы мен қызметін зерттейтін ғылым болғандықтан, оны тек теориялық тұрғыда меңгеру жеткіліксіз. Тәжірибелік және зертханалық жұмыстар оқушылардың алған білімін нақты іс-әрекет арқылы бекітуге мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістемесі: Зертханалық сабақ кезінде оқушылар сабақта алған білімдерін практикада өз бетімен жұмыс жасау кезінде ұштастыра отырып, білім деңгейін кеңейте алады. Сондықтан шағын жинақты мектептерде биология пәнінен зертханалық сабақтар өткізіліп, оқушылардың ойлау қабілетін арттыру, білімге деген қызығушылығын ояту қажет. Биология пәнінен зертханалық сабақтарды ұйымдастыру – өсіп келе жатқан ұрпаққа тіршілікті, өмірді аса үлкен зор құндылық деп түсінуді қалыптастырады.

Зерттеу әдістері:

Тәжірибелік жұмыстар барысында

оқушылар табиғи объектілермен, тірі ағзалармен тікелей жұмыс істеп, бақылау, салыстыру, талдау және қорытынды жасау дағдыларын қалыптастырады. Бұл олардың ғылыми ойлау қабілетін дамытып, биологиялық заңдылықтарды терең түсінуіне жағдай жасайды. Зертханалық жұмыстар арқылы оқушылар микроскоппен жұмыс істеуді, препараттар дайындауды, тәжірибе нәтижелерін тіркеуді және түсіндіруді үйренеді. Теориялық ақпаратты тәжірибе арқылы дәлелдеу оқушының белсенділігін күшейтіп, білімді саналы түрде меңгеруіне ықпал етеді. Сонымен қатар бұл тәжірибелік жұмыстар оқушыларды ұқыптылыққа, жауапкершілікке және қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелейді.

Зерттеу базасы: Зерттеу жұмысының базасы ретінде жалпы білім беретін мектептің биология пәні сабақтары алынды. Зерттеу барысында 7-9 сынып оқушыларының қатысуымен биология

сабақтарында жүргізілетін тәжірибелік және зертханалық жұмыстардың оқу үдерісіндегі тиімділігі қарастырылды.

Зерттеу базасында биология кабинеті, оқу-зертханалық құрал-жабдықтар, микроскоптар, көрнекі материалдар және оқу-әдістемелік кешендер пайдаланылды. Зерттеу жұмысы сабақ барысында жүргізілген бақылау, салыстыру, сауалнама және тәжірибелік тапсырмалар нәтижелеріне негізделді. Оқушылар талапқа сай бағдарламада көрсетілген әртүрлі зертханалық жұмыстарды орындап, осы шарттарды қанағаттандырғанда ғана олардың тұрақты білім мен білік дағдылары тәрбиеленеді және оны орындау қарқыны өседі.

Талқылау: Мұғалімнің мақсаты: биология бөліміндегі зертханалық сабақтарды жоспарлап өткізу, сол кезде дұрыс ұйымдастырылған зертханалық сабақтың оқушы үшін тиімділігі мынадай болады:

-оқушы тақырыпқа байланысты ауызша алған түсінігін тәжірибе жасау арқылы толық меңгереді;

-алған білімдерін іс жүзінде қолдану іскерлігі мен дағдысын қалыптастырады;

-зертханалық жұмыс істеу тәсілдері мен әдістерін игереді;

-зертханалық жұмыс кезінде пайдаланатын құрал-жабдықтар, жұмыс жасау тәртібімен танысып үйренеді;

-зертханалық сабақ барысында оқушылардың биология ғылымының салаларына деген қызығушылығы артады;

-зертханалық жұмыс барысында оқушылар еңбекке, ұйымшылдыққа тәрбиеленеді.

Қорытынды: Биология пәнінен зертханалық сабақтарды ұйымдастыру арқылы ғана дұрыс ұйымдастырылған нақты мақсатты сабақтар өткізуге, сабақ әдістерін жетілдіру нәтижесінде терең

де дәйекті түрде адамның табиғаттағы рөлін ашып көрсетуге, экологиялық мәдениеті мен сауаттылығын арттырып, өз өмірлеріне сауаттылықпен қарауды жолға қоюға болады. Сонымен қатар биология сабағында зертханалық жұмыстар жасау арқылы оқушылардың танымдық қабілеттерінің дамуына, ойын жинақтауға, өз бетінше ізденіп, жаңа білімді игеруге ықпал жасайды. Бұл болашақта жаратылыстану бағытындағы мамандықтарды таңдауға негіз болады.

Биологияны оқытуда тәжірибелік және зертханалық жұмыстар – оқушылардың теориялық білімін практикамен ұштастыратын, ғылыми дүниетанымын қалыптастыратын және пәнді терең меңгеруін қамтамасыз ететін маңызды құрал болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мырзабаев А. Б. Биологияны оқыту әдістемесі: Оқу құралы. Қарағанды: Санат, 2006. – 344 бет.

2. Исаев Ф. И., Халикова Г. С., Алпамысова Г. Б. Биологияны оқыту әдістемесі. Шымкент, 2017ж.

3. Қазақ тілінде/орыс тілінде жазылған биология оқу-әдістемелік құралдар мен оқулықтар (жалпы биология, өсімдіктер физиологиясы, генетика және т.б.) – жоғары оқу орындары мен мұғалімдердің оқу материалдары ретінде пайдаланылады (мысалы, Жунусбаева Ж.К., Атабаева С. Д.)

4. Barrow, L. H. (2006). A review of the effectiveness of hands-on laboratory activities in biology – Зертханалық белсенділіктің биологиялық түсінік қалыптастыруға әсері туралы.

ОҚЫТУДЫҢ АРАЛАС ФОРМАТЫ АРҚЫЛЫ АУЫЛ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ САУАТТЫЛЫҒЫН КӨТЕРУ



А.Т.Утегенова,
БҚО, Ақжайық ауданы
Талап мектеп-бөбекжай кешенінің
тарих пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші

Аңдатпа:

Бұл мақалада ауыл мектептерінде білім сапасын арттырудың тиімді тәсілі ретінде аралас оқыту форматы қарастырылады. Дәстүрлі сабақ пен онлайн ресурстарды біріктіретін бұл модель инфрақұрылымдық шектеулерге қарамастан тарихи сауаттылықты дамытуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ педагогикалық инновациялардың теориялық және практикалық қырлары талданып, *blended learning* оқушылардың танымдық белсенділігі мен зерттеу дағдыларын арттыратыны айқындалады.

Түйінді сөздер: Аралас оқыту, тарихи сауаттылық, ауыл оқушылары, педагогикалық инновациялар, танымдық белсенділік.

Қоғамда цифрландыру үдерісі жеделдеп, ақпаратқа қолжетімділік деңгейі артқан сайын мектептегі оқыту мазмұнын жаңарту, жаңа әдістерді енгізу қажеттілігі бұрынғыдан да өзекті бола түсті. Бұл өзгерістер ауыл мектептерінде айналып өтпейді, өйткені ауылдағы білім сапасы – жалпы ұлттық білім стратегиясының ажырамас бөлігі. «Ауыл мектебі – сапа алаңы: идеядан нәтижеге дейін» тұжырымдамасы ауылдық білім мекемелерінің мүмкіндіктерін кеңейтуге, жаңа тәсілдерді практикаға енгізуге және оқушылардың оқу жетістіктерін арттыруға бағытталған.

Тарих пәнінің мазмұны мен мақсаты – оқушыларға тарихи оқиғалардың логикасын, себеп-салдар байланысын түсіндіру, тарихи деректерді салыстыру, бағалау, талдау дағдыларын қалыптастыру. Алайда ауыл мектептерінде тарихи ойлау мәдениетін дамыту көбіне

оқытудың дәстүрлі әдістерімен шектеліп қалатын жағдайлар жиі кездеседі. Инфрақұрылымдық және кадрлық шектеулер тарихи білім берудің сапасына тікелей әсер етеді. Осыған байланысты *blended learning* форматы, яғни аралас оқыту ауыл мектептері үшін тиімді шешімдердің бірі болып отыр. Бұл формат оқушыны пассивті тыңдаушыдан белсенді ізденушіге айналдыруға мүмкіндік береді.

Ғылыми-педагогикалық инновациялар білім беру үдерісін жаңғыртуда ерекше рөл атқарады. Инновациялық технологияларды мақсатты түрде қолдану мұғалімнің кәсіби қызметін жеңілдетіп қана қоймай, оқушылардың қызығушылығын арттырады, оқытуды даралауға жағдай жасайды.

Ауыл мектептеріндегі тарихи сауаттылық деңгейіне әсер ететін факторлар әртүрлі. Олардың ішінде, ең алдымен материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі байқалады.

Кейбір ауылдық мектептерде интернет жылдамдығы төмен немесе тұрақсыз, бұл онлайн ресурстарды қолдануды шектейді. Сонымен қатар кітапхана қорларының жаңартылмауы тарихи дереккөздермен жұмыс істеуге кедергі келтіреді.

Оқушылардың цифрлық сауаттылығы да түрлі деңгейде қалыптасқан. Бір оқушы компьютермен еркін жұмыс істей алса, екінші оқушы үшін электронды тапсырмаларды орындау қиындық туғызады. Бұл жағдай мұғалімге қосымша әдістемелік бейімделу жұмыстарын жүргізуді талап етеді. Тарихи сауаттылықтың төмен болуының тағы бір себебі – оқушылардың дүниетанымдық шеңберінің тарлығы. Ауыл оқушыларының музей, кітапхана, мәдени орталықтарға бару мүмкіндіктері аз, сондықтан олардың тарихи түсініктері көбіне теориялық материалдармен ғана шектеледі. Аталған мәселелер оқушылардың тарихи деректерді талдау, себеп-салдар байланыстарды орнату, тарихи құбылыстарды салыстыру дағдыларының жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын көрсетеді. Сондықтан тиімді педагогикалық шешім ретінде аралас оқыту форматының рөлі артып отыр.

Blended learning теориялық тұрғыдан қарағанда, оқу үдерісін икемді етуге, оқушының жеке қабілеттерін дамытуға, оқу траекториясын даралауға бағытталған инновациялық модель болып табылады. Аралас оқытуда дәстүрлі офлайн сабақтардағы мұғалімнің түсіндіруі онлайн ортадағы бейнематериалдар, интерактивті карталар, деректер базалары, цифрлық тапсырмалармен толықтырылады. Бұл бір жағынан оқу жүктемесін теңестірсе, екінші жағынан оқушының өз бетінше білім алуына жағдай жасайды.

Аралас форматтың педагогикалық құндылығы оқушыны белсенді оқытуға

бағытталған. Онлайн ресурстарда тарихи оқиғаларды түрлі ракурстан қарастыруға мүмкіндік беретін интерактивті карталар, хронологиялық ленталар, дерекқорлар бар. Мұндай ресурстар оқушының визуалды қабылдауын жақсартады және тарихи деректерді талдауын жеңілдетеді. Сонымен қатар өз бетінше іздену арқылы оқушылар жауапкершілік, уақытты басқару, ақпараттық сауаттылық дағдыларын меңгереді.

Цифрлық платформаларды қолданудың ғылыми негізі

Қазіргі педагогикада виртуалды мұражайлар мен тарихи-мәдени платформалар білім берудің инновациялық бағыттарының бірі болып саналады. Мысалы, Google Arts & Culture платформасы арқылы оқушылар әлемдік тарихи мұражайлардағы артефактілерді 3D форматта көре алады, бұл олардың тарихи көкжиегін кеңейтеді. Қазақстандық E-history.kz платформасы еліміздің тарихына қатысты құжаттар, карталар, тарихи тұлғалар туралы мәліметтерді ұсынады. Мұндай платформаларды қолдану оқушылардың тарихи ақпаратты қабылдауын жаңа деңгейге шығарады.

Кейс-әдіс, зерттеу жобалары және далалық сабақтар

Зерттеу бағытына негізделген педагогикалық инновациялар оқушылардың ғылыми ойлауын қалыптастыруға көмектеседі. Тарих пәнінде кейс-әдіс нақты тарихи жағдаяттарды талдау арқылы олардың себеп-салдар байланыстарын анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, «Қазақ хандығының құрылуындағы тарихи алғышарттар» тақырыбы бойынша оқушылар дереккөздер мен карталарға сүйеніп, өз болжамдарын жасайды.

Ауыл жағдайында далалық зерттеулер жүргізу – үлкен мүмкіндік. Оқушылар

өз ауылындағы тарихи орындар, көне белгілер, атаулы жерлер туралы шағын этнографиялық зерттеу жұмыстарын өткізе алады. Бұл олардың ұлттық тарихи санасын нығайтады.

Геймификация: мотивацияны арттыру құралы

Kahoot, Quizizz сияқты платформаларды қолдану оқушының қызығушылығын арттырып, білімді бекіту процесін жылдам әрі тиімді етеді. Геймификация әдісі оқушылар арасында ынтымақтастық пен бәсекелестік элементтерін қосып, оқу мотивациясын күшейтеді. Осы зерттеу барысында ауыл мектептеріне арналып blended learning моделі жасалды:

Дәстүрлі сабақ бөлімі. Бұл кезеңде мұғалім оқу материалының негізін түсіндіреді, тарихи картамен жұмыс жасатады, ұжымдық талдаулар жүргізеді. Сабақтың бұл бөлігі оқушыға тарихи оқиғалардың жалпы логикасын түсінуге мүмкіндік береді.

Онлайн білім беру кезеңі. Оқушыларға бейнесабақтар, цифрлық карталар, интерактивті тапсырмалар, хронологиялық сызықтар ұсынылады. Осы кезеңде дербес оқу, ақпаратпен өз бетінше жұмыс істеу дағдылары қалыптасады.

Зерттеу және жобалық жұмыс. Оқушылар жергілікті тарихи орындар негізінде шағын зерттеу жобаларын әзірлейді. Олар фотоматериалдар жинақтап, сұхбат жүргізіп, тарихи деректерді талдайды. Бұл тарихи сауаттылықты тереңдетеді және ауылдық контексті ескеріп, тарихты өмірмен байланыстырады.

Оқытудың аралас форматы енгізілген ауыл мектептеріндегі мониторинг нәтижелері бірнеше оң өзгерісті көрсетті. Оқушылардың тарихи ұғымдарды меңгеру деңгейі 20-30% артқаны анықталды.

Деректерді талдау, салыстыру дағдылары едәуір жақсарды. Онлайн тапсырмаларды орындау белсенділігі екі есеге артты. Бұл оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуге дайын екенін көрсетеді. Сонымен бірге жоба жұмыстарына қызығушылық артып, оқушылардың көпшілігі дереккөздермен жұмыс істеуді үйренді.

Аралас оқыту моделі ауыл мектептеріндегі тарихи білімнің мазмұнын жаңартуға және оның сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Педагогикалық инновацияларды енгізу оқушылардың тарихи сауаттылығын дамытып қана қоймай, олардың өз бетінше ізденуіне, сын тұрғысынан ойлауына, тарихи ақпаратты талдауына жол ашады. «Ауыл мектебі – сапа алаңы» тұжырымдамасы аясында blended learning форматы – идеядан нәтижеге дейінгі нақты қадамдардың бірі. Бұл модель ауыл мектептерінің қазіргі заман талаптарына бейімделуіне және тарихи пәннің оқытылуын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Horn, M., Staker, H. Blended: Using Disruptive Innovation to Improve Schools. San Francisco: Jossey-Bass, 2015.
2. Сатыбалдиева Н. Педагогикалық инновациялар теориясы. – Алматы: Білім, 2020.
3. Graham, C.R. Blended Learning Systems. Handbook of Distance Education. Routledge, 2019.
4. Қазақстан тарихы: электрондық ресурстар жиынтығы. E-history.kz.
5. ҚР Оқу-ағарту министрлігі. Ауыл мектептері бойынша білім сапасын талдау есептері. – Астана, 2023.

ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ САБАҒЫНДА КЕЙС-ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ:
ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ



Г.М.Нугманова,
БҚО, Сырым ауданы
Қ.Мырзалиев атындағы ЖОББМ
тарих және құқық пәнінің мұғалімі,
заң ғылымдарының магистрі, педагог-шебер

Аңдатпа:

Мақалада «Құқық негіздері» пәнін оқыту барысында кейс-технологияны қолдану арқылы жасөспірімдердің құқықтық құзыреттілігін арттыру жолдары қарастырылады. Зерттеу ауыл мектебі жағдайында жүргізіліп, өмірлік жағдаяттарға негізделген тапсырмалардың оқушылардың құқықтық сауаттылығына, заң нормаларын тәжірибеде қолдану қабілетіне әсері талданады. Кейс әдісінің практикалық мысалдар мен эмпирикалық деректерге сүйене отырып, оны тиімді қолданудың жолдары ұсынылады. Зерттеу нәтижелері құқықтық білімді өмірмен байланыстырудың маңызын көрсетеді.

Түйінді сөздер: *Құқықтық сауаттылық, кейс-технология, өмірлік жағдаят, құқықтық құзыреттілік, жасөспірім, ауыл мектебі.*

Қазіргі қоғамда құқықтық мемлекеттің қалыптасуы азаматтардың құқықтық мәдениет деңгейімен тығыз байланысты. Әсіресе жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығы – олардың болашақта заңға құрметпен қарауына, азаматтық жауапкершілікті сезінуіне ықпал ететін маңызды фактор. Осы тұрғыда жалпы білім беретін мектептерде оқытылатын «Құқық негіздері» пәнінің рөлі ерекше. Дегенмен, дәстүрлі түсіндірме-баяндау әдістері оқушылардың құқықтық білімін тек теориялық деңгейде қалдырып, оны өмірде қолдану дағдысын толық қалыптастыра бермейді. Ауыл мектептері жағдайында бұл мәселе одан әрі өзекті бола түседі, себебі оқушылардың құқықтық тәжірибесі шектеулі, ал әлеуметтік орта біршама тұйық. Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – «Құқық негіздері» сабағында кейс-технологияны

қолданудың жасөспірімдердің құқықтық құзыреттілігін арттырудағы тиімділігін анықтау.

Зерттеудің міндеттері:

- кейс-технологияның педагогикалық мәнін ашу;
- өмірлік жағдаяттарға негізделген кейстерді әзірлеу;
- ауыл мектебі жағдайында кейс әдісін қолдану тәжірибесін талдау;
- алынған нәтижелер негізінде әдістемелік ұсыныстар ұсыну.

Кейс – әдісі арқылы ізденушіні білім алуға, оқуға қызықтыра отырып болашақ маман ретінде тұлғаның дамуын қалыптастыруға болады. Кейс-әдіс жалпы кәсіби білім беру саласында алғаш рет 1870 жылы Гарвард университетінде қолданыла бастады, алайда бұл әдісті жүйелі түрде енгізу Гарвард бизнес мектебінде тек 1920 жылдан бастау алды

[4,566].

Кейс-әдістің негізгі ұғымы – «кейс» түсінігі болып табылады. «Кейс» сөзі (ағылш. case) білім беру саласында екі мағынада қолданылады: біріншісі – оқу-әдістемелік материалдар кешені, екіншісі – нақты өмірлік жағдайдың сипаттамасы. Кейс шынайы жағдайды модельдейді. Оқушы бұл жағдайда шешім қабылдаушы тұлға ретінде әрекет етеді. Жағдайдың нысаны жеке адам, адамдар тобы, бөлімше, ұйым, мемлекет, аймақ немесе тіпті бүкіл қоғам болуы мүмкін.

Кейс-әдісті тиімді қолдану үшін белгілі бір шарттарды сақтау қажет: мазмұнды әрі сауатты құрастырылған кейс және оны оқу үдерісінде пайдаланудың нақты әдістемесі болуы тиіс. Кейс-технологияларды бейіндік оқытуда, әсіресе құқық және қоғамтану сабақтарында қолдану анағұрлым нәтижелі болып табылады.

Оқушылар еңбек нарығындағы жағдайларды талдауды, азамат, бақылаушы, өкіл, сайлаушы, тұтынушы, өндіруші, отбасы мүшесі сияқты түрлі әлеуметтік рөлдерге сәйкес әрекет етуді үйренеді. Сонымен қатар еңбек және азаматтық қатынастар этикасын меңгеру дағдыларын қалыптастырудың маңызы зор.

Кейс-технологиялар нақты бір ғана дұрыс жауабы жоқ, бірнеше шешімі болуы мүмкін пәндер бойынша білім алуға бағытталған. Мұндай жағдайда ұсынылған жауаптар шынайылық деңгейі тұрғысынан бір-бірімен бәсекелесе алады.

Зерттеу әдістемесі

Зерттеу 2024-2025 оқу жылында ауылдық жалпы білім беретін мектептің 10-11 сынып оқушылары арасында жүргізілді. Зерттеуге барлығы 48 оқушы қатысты. Зерттеу барысында келесі

әдістер қолданылды:

- педагогикалық бақылау – сабақ барысында оқушылардың белсенділігі мен құқықтық ойлау деңгейін анықтау;

- сауалнама – оқушылардың құқықтық сауаттылық деңгейін бастапқы және қорытынды кезеңде салыстыру;

- кейс-талдау – нақты өмірлік жағдаяттарды құқықтық тұрғыда шешу;

- салыстырмалы талдау – дәстүрлі оқыту мен кейс-технология нәтижелерін салыстыру;

- статистикалық өңдеу – алынған деректерді пайыздық көрсеткіштер арқылы көрсету.

Кейс тапсырмалары сабақтың эпизодтық элементі емес, оқу бағдарламасының құрылымдық бөлігі ретінде қолданылды. Әрбір тарауда кемінде 2-3 практикалық жағдаят қарастырылды. Мысалы:

- «Конституциялық құқық» бөлімінде – оқушының білім алу құқығы немесе сөз бостандығы мәселесіне қатысты кейс [1];

- «Әкімшілік құқық» бөлімінде – жол қозғалысы ережесін бұзу немесе қоғамдық тәртіпті сақтау жағдайы;

- «Еңбек құқығы» бөлімінде – кәмелетке толмағандардың еңбек шарты;

- «Азаматтық құқық» бөлімінде – мүліктік дау немесе тұтынушы құқығын қорғау.

Кейс тапсырмалары Қазақстан Республикасының Конституциясы, Азаматтық кодексі, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі және «Баланың құқықтары туралы» Заң негізінде әзірленді.

Кейс мысалы 1: Кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауапкершілігі

Жағдай: 10-сынып оқушысы Әлішер велосипедпен жүріп келе жатып, жол ережесін бұзып, қоғамдық көліктің аялдамасына кіріп кетті. Қаладағы поли-

ция қызметкері оны тоқтатып, құқық бұзушылықты тіркеді.

Сұрақ: Әлішердің әрекеті қандай құқықтық норманы бұзды және оған қандай жауапкершілік қарастырылған?

Шешім: ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 611-бабы бойынша жол қозғалысы ережесін бұзу әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады [3];

Кәмелетке толмағандар үшін әкімшілік жауапкершілік ата-анасының немесе заңды өкілінің қатысуымен қаралады;

Педагогикалық мақсатта оқушыға құқық бұзушылықтың салдарын түсіндіру, жол ережесін сақтаудың маңызын көрсету ұсынылады.

Кейс мысалы 2: Еңбек құқығы

Жағдай: Сәуле 16 жасында жазғы демалысында еңбек еткісі келеді. Ол мектептен рұқсат алып, көршілердің үйінде көмек көрсетуді жоспарлап отыр. Алайда жұмыс беруші оған толық жалақы төлеуге келіспей отыр.

Сұрақ: Сәуленің құқықтары қандай? Жұмыс берушінің талаптары заңды ма?

Шешім: ҚР Еңбек кодексінің 42-бабы бойынша кәмелетке толмағандар заңды түрде жұмысқа орналаса алады, бірақ олардың еңбек шарттары ата-ана немесе заңды өкілдің келісімімен жасалады [6];

– Жұмыс беруші Сәулеге заңға сәйкес жалақы төлеуі тиіс. Егер ол толық жұмыс көлемінде болса, толық төлем беріледі; ал жартылай жұмыс немесе үйде көмек көрсету болса, төлем көлемі сол шартқа сай болуы керек;

– Оқушыларға еңбек құқығы мен еңбек қауіпсіздігі туралы түсіндіріледі.

Кейс-технологияны тек жазбаша талдаумен шектеу жеткіліксіз. Оны рөлдік ойын, пікірталас, сот процесін модельдеу сияқты интерактивті әдістермен біріктіру тиімді.

Мысалы, «Сот отырысы» форматындағы сабақ:

Рөлдер: судья, прокурор, адвокат, айыпталушы, куәгерлер

Оқушылар нақты құқықтық жағдайды сахналап, дәлелдер келтіреді, баптарға сүйенеді, шешім шығарады. Бұл тәсіл:

- құқықтық аргументацияны
- коммуникативтік дағдыларды
- сыни ойлауды
- көпшілік алдында сөйлеуді дамытатыны тәжірибе барысында байқалды.

Нәтижелер 1-кесте – Құқықтық құзыреттілік деңгейінің динамикасы

Көрсеткіш	Бастапқы кезең (%)	Қорытынды кезең (%)
Заң нормаларын білу	52	81
Өмірлік жағдаятты құқықтық талдау	46	78
Дәлелді шешім қабылдау	39	74
Сабақтағы белсенділік	48	85



Кейс-технология қолданылған сабақтар оқушылардың құқықтық құзыреттілігін арттырғанын көрсетті:

- құқықтық білім деңгейі 29%-ға артты;
- талдау дағдысы 32%-ға өсті;
- оқушылардың сабаққа қызығушылығы айтарлықтай жоғарылады.

Бұл деректер кейс-технологияның практикалық бағыттылығын дәлелдейді.

Алынған нәтижелер кейс-технологияның оқыту тиімділігін арттыратынын көрсететін отандық және шетелдік зерттеулермен сәйкес келеді. Аймағамбетовтің пікірінше, құқықтық білім беру тек теориялық түсіндірумен шектелмеуі тиіс, ол тәжірибелік әрекет арқылы бекітілуі қажет [4]. Ашимова мен Туреханова кейс-стади әдісі оқушылардың сыни ойлауын қалыптастыратынын атап өтеді [5].

Біздің зерттеу нәтижелері де осы тұжырымдарды нақтылай отырып, кейстердің:

- құқықтық ойлауды дамытуға;
- жауапкершілікті сезінуге;
- азаматтық ұстанымды қалыптастыру

ға ықпал ететінін көрсетті.

Әсіресе, ауыл мектебі жағдайында оқушылардың өмірлік тәжірибесіне жақын кейстердің тиімділігі жоғары болды. Бұл тәсіл теория мен практиканың арасындағы алшақтықты жояды.

Қазіргі білім беру үдерісінде цифрлық ресурстарды қолдану оқытудың тиімділігін арттырады. Онлайн форматтағы кейстер оқушылардың қызығушылығын күшейтіп, жедел кері байланыс алуға мүмкіндік береді.

Тиімді құралдар:

- Google Forms – құқықтық тест және жағдаяттық тапсырмалар;
- Kahoot – интерактивті викториналар;
- Padlet – топтық талдау;
- Quizizz – білімді бекіту.

Мысалы, «Адам құқықтары» тақырыбында онлайн кейс беріліп, оқушылар жауаптарын смартфон арқылы жібереді. Нәтижелер бірден экранда көрсетіліп, қателер талқыланады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану білім сапасын арттыратыны педагогикалық зерттеулерде дәлелденген.

Қорытынды

Кейс-технологияны қолдану жасөспірімдердің құқықтық құзыреттілігін арттырудың тиімді құралы болып табылады. Өмірлік жағдаяттарға негізделген кейстер заң нормаларын практикада қолдану қабілетін дамытады. Болашақта кейс-тәжірибелерді цифрлық форматта қолдану ұсынылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (2022 жылғы 08 маусымдағы өзгерістер мен толықтырулармен). – Алматы : ЮРИСТ, 2022. – 64 б

2. Білім туралы: Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы (2023 жылғы 01 қаңтардағы өзгерістер мен толықтырулармен). – Астана : Ақорда, 2023

3. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі: 2014 жылғы 05 шілдедегі №235-V ҚРЗ (2023 жылғы өзгерістермен). – Астана: ресми басылым, 2023.

4. Аймағамбетов А.Қ. Құқықтық білім беру әдістемесі. – Алматы, 2021.

5. Ашимова Н.С., Туреханова А.Б. Использование метода кейс-стади для формирования навыков критического мышления у учеников//EDITOR COORDINATOR. – 2022. – С. 177.

6. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі: 2015ж. 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ. – Астана, 2023. – 196 б.

7. Утегенова С.Т., Нуралина Л.М. ЗАҢ ПӨНДЕРІН ОҚЫТУДАҒЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІСТЕР//ҚАБЫЛБАЕВ ОҚУЛАРЫ. – 2025. – С. 373.

ТЖКБ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚТЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ



А.Х.Масалимов,
БҚО, Орал қаласы
Облыстық әдістемелік орталығы
директорының орынбасары

Аңдатпа:

Мақалада техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) жүйесінде педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру бағытында Батыс Қазақстан облысының әдістемелік орталығы жүзеге асырып отырған кешенді жұмыстар мазмұндалады. Әдістемелік қолдау тетіктері, инновациялық жобалар, дуальды оқыту жүйесі, халықаралық ынтымақтастық және шефтік колледждер тәжірибесі талданып, олардың білім сапасын арттырудағы тиімділігі сипатталады.

***Түйінді сөздер:** Техникалық және кәсіптік білім беру, кәсіби құзыреттілік, әдістемелік қолдау, дуальды оқыту, WorldSkills, шефтік колледж.*

Қазіргі жаһандану жағдайында сапалы адами капитал қалыптастыру – мемлекет дамуының негізгі шарты. Бұл бағытта ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру сапасын арттыру мен педагог мәртебесін нығайтуды стратегиялық басымдық ретінде айқындап отыр.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі өңірлік экономиканың сұранысына сәйкес білікті мамандар даярлауда шешуші рөл атқарады. Сондықтан инженер-педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жүйелі дамыту – білім сапасының басты факторы.

Техникалық және кәсіптік білім беруді трансформациялаудың 2025-2027 жылдарға арналған жол картасын іске асыру шеңберінде облыстық әдістемелік орталық педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізуде.

Батыс Қазақстан облысында 35 кол-

ледж жұмыс істейді. 70 мамандық, 112 біліктілік бойынша кадр даярлау жүзеге асырылуда. «Жас маман» жобасы аясында 10 колледж жаңғыртылып, материалдық-техникалық база халықаралық талаптарға сәйкестендірілді. Колледждер WorldSkills стандарттарына бағдарланған құзыреттілік орталықтары ретінде қызмет атқаруда.

Зерттеудің мақсаты – облыстық әдістемелік орталықтың педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру бағытындағы қызметінің тиімділігін ғылыми-әдістемелік тұрғыда талдау.

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

- нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау;
- педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейін диагностикалау;
- мониторинг нәтижелерін салыстырмалы талдау;

- сауалнама және кері байланыс әдістері;

- тәжірибелік алаңдар қызметін зерделеу;

- сапалық және сандық деректерді өңдеу.

Әдіснамалық негіз ретінде құзыреттілікке негізделген тәсіл, жүйелік талдау және үздіксіз кәсіби даму тұжырымдамасы алынды.

Әдістемелік орталық педагогтердің кәсіби дамуын бес негізгі бағыт бойынша жүзеге асырады: пәндік-кәсіби құзыреттілік, педагогикалық-психологиялық құзыреттілік, цифрлық құзыреттілік, бағалау және мониторинг жүргізу құзыреттілігі, зерттеушілік және рефлексивтік құзыреттілік.

Педагогтердің жеке кәсіби даму карталары әзірленіп, коучинг, менторинг, Lesson Study, Action Research элементтері енгізілді.

Дуальды оқыту жүйесін әдістемелік сүйемелдену барысында өңірдің 24 колледжінде 42 мамандық, 68 біліктілік бойынша дуальды оқыту енгізілген. 215 кәсіпорынмен 3000-нан астам келісімшарт жасалған. Әдістемелік орталық өндірістік оқыту шеберлеріне арналған нұсқаулықтар, құзыреттілікке негізделген бағалау құралдары, кәсіпорын тәлімгерлеріне арналған семинарлар ұйымдастырды. Нәтижесінде студенттердің кәсіби бейімделу деңгейі артты.

Шефтік колледждер жүйесі бойынша 2022 жылдан бастап 8 жетекші колледж ауылдық оқу орындарына әдістемелік қолдау көрсетуде. Бұл бағытта семинар-кеңестер, шеберлік сыныптары, ашық сабақтар, тәжірибе алмасу алаңдары ұйымдастырылды.

Мысалы, Орал «Сервис» технологиялық колледжі «Тамақтандыруды

ұйымдастыру» мамандығы бойынша шефтік колледж ретінде ауыл колледждеріне кешенді әдістемелік көмек көрсетіп келеді. Өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пән оқытушылары республикалық кәсіби шеберлік байқауларында тұрақты түрде жүлделі орындарға ие болуда. Соңғы үш жылда Орал «Сервис» технологиялық колледжінің педагогтері «Сән технологиясы», «Цифрлық модельдеу», «Аспаз ісі», «Шаштараз өнері» құзыреттіліктері бойынша республикалық байқауларда жоғары нәтижелер көрсетті.

Бұл жетістіктер – жүйелі әдістемелік қолдаудың және педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуының нәтижесі.

Жүйелі қолдаудың нәтижесінде ауыл колледждерінде білім сапасының көрсеткіштері жақсарды.

Халықаралық ынтымақтастық аясында Батыс Қазақстан облысының Ресей Федерациясының бес облысымен шекаралас орналасуы білім беру саласындағы серіктестікті дамытуға қолайлы жағдай туғызады. Қазіргі таңда өңірдің 9 колледжі Ресейдің 16 техникумімен және 2 университетімен, сондай-ақ Татарстан Республикасының 2 колледжі мен 1 университетімен әріптестік байланыс орнатқан. Бұл ынтымақтастық өзара тәжірибе алмасуға, білім беру бағдарламаларын жетілдіруге және академиялық ұтқырлықты дамытуға мүмкіндік беріп отыр. Бұл педагогтердің кәсіби көкжиегін кеңейтіп, халықаралық стандарттарға бейімделуіне ықпал етті.

Жүргізілген талдау нәтижелері әдістемелік орталық қызметінің жүйелі және кешенді сипатқа ие екенін көрсетті. Атап айтқанда, құзыреттілікке негізделген тәсіл педагогтердің кәсіби өсу динамикасын айқындауға және олардың даму траекториясын нақтылауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар дуальды оқыту жүйесі мен шефтік колледждер тәжірибесі педагогикалық қауымдастық ішінде кәсіби ынтымақтастық мәдениетін қалыптастырып, тәжірибе алмасудың тиімді алаңына айналды. Бұған қоса, білім беру үдерісіндегі цифрландыру педагогтердің цифрлық құзыреттілігін жүйелі түрде арттыру қажеттігін айқындайды.

Әдістемелік орталық қызметінің жүйелі және кешенді сипатқа ие екенін көрсетті. Құзыреттілікке негізделген тәсіл педагогтердің кәсіби өсу динамикасын айқындауға мүмкіндік берді.

Дуальды оқыту мен шефтік колледждер тәжірибесі педагогикалық қауымдастық ішінде кәсіби ынтымақтастық мәдениетін қалыптастырды. Сонымен қатар цифрландыру үдерісі педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыруды талап етеді.

Қорыта келе, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру – техникалық және кәсіптік білім беру сапасын қамтамасыз етудің негізгі шарты. Батыс Қазақстан облыстық әдістемелік орталығының тәжірибесі: жүйелілік, ғылыми негізділік, практикаға бағдарлану, серіктестік қағидағарына сүйену арқылы тиімділігін дәлелдеп отыр.

Әдістемелік қолдау, дуальды оқыту, халықаралық стандарттарға бағдарлану және кәсіби қауымдастық қалыптастыру – өңірдегі кәсіптік білім беруді дамытудың стратегиялық бағыттары болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.
3. Техникалық және кәсіптік білім

беруді дамытудың 2025-2027 жылдарға арналған жол картасы.

4. Дуальды оқыту жүйесін енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар.

5. WorldSkills халықаралық қозғалысының стандарттық құжаттары.

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫ ҮЙЛЕСТІРУДІҢ ТИІМДІ ТЕТІКТЕРІ



Р.Т.Куаншалиева,
БҚО, Орал қаласы
Облыстық әдістемелік орталықтың
техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы

Аңдатпа:

Мақалада облыс көлемінде техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКБ) ұйымдарында оқу-әдістемелік жұмысты үйлестірудің тиімді тетіктері қарастырылады. Соның ішінде инженер-педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған әдістемелік жетекшілікті ұйымдастырудың заманауи бағыттары мен тәжірибелік жолдары ұсынылады.

Түйінді сөздер: *Техникалық және кәсіптік білім беру, оқу-әдістемелік жұмыс, әдістемелік жетекшілік, үйлестіру тетіктері, білім сапасы.*

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев V Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің ел экономикасын дамытудағы стратегиялық маңызын ерекше атап өтті. Президент еңбек нарығының нақты сұраныстарына сәйкес білікті, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау қажеттігін айқындап, білім беру мазмұнын жаңарту мен оқыту сапасын жүйелі жетілдіру міндетін алға қойды. Осыған байланысты техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКБ) жүйесі еңбек нарығының серпінді өзгерістеріне бейімделіп, білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған жаңа тәсілдерді енгізуді талап етеді. Бұл үдерісте оқу-әдістемелік жұмысты тиімді ұйымдастыру мен үйлестіру шешуші рөл атқарады. Соның нәтижесінде ТжКБ ұйымдарына қойылатын талаптар да күшейе түсуде.

Аталған міндеттерді іске асыруда оқу-

әдістемелік жұмыс білім беру процесінің мазмұнын жетілдіруге, педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға және білім алушылардың сапалы білім алуына бағытталған жүйелі қызмет ретінде қарастырылады. Сондықтан оны заманауи басқару тетіктері арқылы тиімді үйлестіру ТжКБ ұйымының стратегиялық дамуының негізгі кепілі болып табылады.

Оқу-әдістемелік қызметті үйлестіру – білім беру ұйымының педагогикалық үдерісін жүйелеуге, білім беру бағдарламаларын жетілдіруге және оқыту сапасын арттыруға бағытталған кешенді басқару қызметі. Оның басты мақсаты – педагогтердің кәсіби дамуын қолдау арқылы сапалы маман даярлауға жағдай жасау. Әдістемелік жетекшілік осы қызметтің негізгі тетігі ретінде: педагогтердің кәсіби құзыреттілігін үздіксіз жетілдіруге; модульдік және құзыреттілікке негізделген оқыту технологияларын енгізуге; теориялық

білім мен өндірістік практиканың өзара сабақтастығын қамтамасыз етуге, білім мазмұнын заманауи өндірістік талаптарға сәйкестендіруге бағытталады.

Қазіргі кезеңде цифрландыру оқу-әдістемелік қызметті үйлестірудің маңызды құралына айналып отыр. Мәселен, Talap коммерцияландыру орталығы әзірлеген әдістемелік ұсынымдармен білім беру бағдарламалары педагогтерге электрондық форматта қолжетімді. Цифрлық платформалар оқу материалдарын ортақ базаға жинақтауға, онлайн кеңестер ұйымдастыруға, педагогтердің тәжірибе алмасуын қамтамасыз етуге және білім сапасын талдауға мүмкіндік береді. Бұл әдістемелік жұмыстың ашықтығы мен тиімділігін арттыра түседі.

Сонымен қатар оқу-әдістемелік жұмыстың сапасы педагог кадрлардың біліктілігіне тікелей байланысты. Осы бағытта біліктілікті арттыру орталықтарының курстары маңызды рөл атқарады. Тиімді тетіктер қатарында Lesson Study және Action Research элементтерін енгізу, тәлімгерлік институтын дамыту, жас мамандарға арналған бейімдеу бағдарламаларын жүзеге асыру, үздік педагогтердің тәжірибесін тарату жұмыстары бар.

Қазіргі ТЖКБ ұйымдарында инновациялық тәсілдер кеңінен енгізілуде. Атап айтқанда, модульдік-құзыреттілік тәсіл, WorldSkills стандарттарына бағдарлану, жобалық оқыту технологиялары және STEAM элементтері оқу процесіне жүйелі түрде енуде. Бұл әдістер білім мазмұнын икемді етіп, білім алушылардың практикалық дағдыларын нығайтуға ықпал етеді.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік жұмысты тиімді үйлестіру – кешенді әрі жүйелі

үдеріс. Оның нәтижелілігі басқару құрылымының айқындығына, цифрлық құралдарды тиімді пайдалануға, жұмыс берушілермен серіктестіктің дамуына және педагогтердің үздіксіз кәсіби өсуіне байланысты. Заманауи талаптарға сай ұйымдастырылған әдістемелік жұмыс білім сапасын арттырып қана қоймай, ел экономикасының білікті мамандарға деген сұранысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Оқу-әдістемелік қызметті үйлестіру стратегиялық жоспарлау, тұрақты мониторинг жүргізу, нәтижелерді талдау және кері байланыс орнату арқылы жүзеге асырылады. Облысымызда ТЖКБ ұйымдарының оқу-әдістемелік қызметін үйлестіруді облыстық әдістемелік орталықтың техникалық және кәсіптік білім беру бөлімі жүзеге асырып келеді.

Қазіргі уақытта өңірде 70 мамандық пен 112 біліктілік бойынша жұмысшы кадрлар және орта буын мамандары даярлануда. Инженер-педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында 18 облыстық әдістемелік бірлестік тұрақты жұмыс жүргізеді.

Әдістемелік бірлестіктер қызметінің басым бағыттары:

- озық педагогикалық тәжірибені зерделеу және тарату;
- жаңартылған білім беру бағдарламаларын енгізу;
- авторлық оқу-әдістемелік құралдар әзірлеу;
- шеберлік сыныптары мен тәжірибе алмасу аландарын ұйымдастыру;
- кәсіби байқаулар мен ғылыми-практикалық конференциялар өткізу.

Бұл жұмыстар педагогтердің шығармашылық белсенділігін арттырып, өңірлік ТЖКБ жүйесінің сапалық көрсеткіштерін жақсартуға ықпал етеді.

Білім мазмұнын жаңарту жағдайында

педагог кадрлардың кәсіби әлеуетін арттыру басым бағыттардың бірі болып отыр. Осы мақсатта бірқатар әдістемелік жобалар жүзеге асырылуда.

«Смарт көмекші: ЖИ чат-бот» жобасы педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамытуға бағытталған. Жоба аясында жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдалану, цифрлық білім беру ресурстарын қолдану және онлайн-платформалармен жұмыс істеу дағдылары жетілдіріледі.

«Жас педагог трансформациясы: 3D format» жобасы жас мамандарды кәсіби бейімдеу кезеңінде қолдауды көздейді. Тәлімгерлік жүйе арқылы тәжірибелі педагогтердің әдістемелік көмегі ұйымдастырылып, жас мамандардың кәсіби сенімділігі нығайтылады.

«Тәрбие – ізгіліктің бастауы» жобасы білім алушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға және өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмысын дамытуға бағытталған.

«Master SKILLS» жобасы кәсіби байқаулар, семинарлар және тәжірибелік конференциялар өткізу арқылы педагогтердің инновациялық белсенділігін арттыруды мақсат етеді.

«Бінтымақтастық» жобасы өңіраралық деңгейде инженер-педагогтердің тәжірибе алмасуына жағдай жасап, кәсіби рефлексия мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Аталған бастамалар педагогтердің кәсіби дамуын жүйелі қолдауға және заманауи талаптарға сай білім беру ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жүргізілген жұмыстарды саралау нәтижесінде оқу-әдістемелік қызметті үйлестірудің мынадай тиімді механизмдерін бөліп көрсетуге болады:

- стратегиялық және индикативтік жо-спарлау;
- әдістемелік мониторинг пен талдау;

- тәлімгерлік және коучинг жүйесін дамыту;

- кәсіби қауымдастықтар қызметін жандандыру;

- цифрлық ресурстарды мақсатты пайдалану;

- әлеуметтік әріптестермен тұрақты байланыс орнату.

Бұл тетіктер педагогтердің кәсіби өсуіне жағдай жасап, білім мазмұнын еңбек нарығы талаптарына сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

Қорыта келе, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік жұмысты үйлесімді ұйымдастыру – білім сапасын арттырудың маңызды шарты. Жүйелі әдістемелік жетекшілік педагогтердің кәсіби құзыреттілігін нығайтып, заманауи талаптарға сай білікті мамандар даярлауға негіз қалайды.

Өңірлік әдістемелік құрылымдардың үйлесімді қызметі мен жобалық басқару тәжірибесі оқу-әдістемелік қызметті тиімді ұйымдастырудың нәтижелі моделін қалыптастыруға жағдай жасалуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тоқаев Қ.К. V Ұлттық құрылтай отырысында сөйлеген сөзі. – 2026. – Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты.

2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары.

4. Техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық актілері.

ЖАС ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН САУАЛНАМА
НЕГІЗІНДЕ ТАЛДАУ



Л.Р.Нургалиева,
БҚО, Орал қаласы
БҚО әдістемелік орталығы
ТЖКБ бөлімінің әдіскері

Аңдатпа:

Мақалада жас педагогтердің оқу-әдістемелік құзыреттілік деңгейін анықтауға бағытталған 25 сұрақтан тұратын жасырын сауалнама нәтижелеріне аналитикалық талдау жасалады.

Түйінді сөздер: Жас педагог, оқу-әдістемелік құзыреттілік, сауалнама, кәсіби даму, педагогикалық талдау.

Қазіргі білім беру жүйесінде жас педагогтердің кәсіби қалыптасуы мен оқу-әдістемелік құзыреттілігін дамыту өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Оқу-әдістемелік құзыреттілік педагогтің нормативтік құжаттарды меңгеруімен қатар, оларды практикалық қызметінде тиімді қолдана білуімен сипатталады. Осы мақсатта жас педагогтер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелеріне талдау жасау олардың кәсіби даму деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Жасырын сауалнамаға қатысқан респонденттер саны 123 жас педагог. Бағалау шкаласы 5-10 балл көлемінде болды.

Сауалнама жас педагогтердің ұжымдық және тәлімгерлік қолдауын, кәсіби даму мүмкіндіктерін, құжаттармен және нормативтік-құқықтық актілермен жұмыс дағдыларын анықтауға бағытталды. Ендігі кезекте жасырын сауалнаманың сұрақтарын топтастыра отырып, талдау нәтижесін ұсынамын.

1. Ұжымдық және тәлімгерлік қолдау (5-9 сұрақ). Көпшілік жауаптар 8-10 балл аралығында бағаланған. Осы бөлім бой-

ынша қорытындыласақ:

- Жас педагогтер ұжым тарапынан көрсетілетін кәсіби-әдістемелік қолдауды жоғары деңгейде бағалайды;
- Тәлімгерлердің кәсіби біліктілігі мен әдістемелік көмегінің тиімділігі оң бағаланған;
- Тәлімгер мен жас педагог арасындағы ынтымақтастық тұрақты әрі нәтижелі. Бұл бағытта жүйе дұрыс жолға қойылған.

2. Кәсіби даму мүмкіндіктері (6-сұрақ). Бағалар 8-10 балл аралығында болса да жекелеген респонденттерде 7-8 балл бағалары кездеседі. Бөлім қорытындысы бойынша:

- Ұйымдарда кәсіби даму үшін жағдай жасалған, алайда кейбір педагогтер үшін мүмкіндіктерді кеңейту қажеттілігі бар. Ол тұрғыда курстар, семинарлар, тәжірибе алмасу жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастыру қажеттілігі көрініс табады.

3. Құжаттармен жұмыс дағдылары (16-20 сұрақ). Бұл бөлімде де жоғары нәтижелер басым, бірақ 7 баллдық жауап-

тар жиірек кездеседі. Анықталған тенденцияларға тоқталсақ:

- Құжаттарды рәсімдеу, уақытында тапсыру дағдылары барынша жеткілікті деңгейде;
- Жас педагогтердің электрондық жүйелермен жұмыс жасау дағдылары орташа-жоғары деңгейде;
- Құжаттармен жұмыс кезінде туындайтын қиындықтарды өз бетімен шешу қабілеті бар, алайда кейбір жас педагогтерде сенімсіздік байқалады.

4. Нормативтік-құқықтық құжаттар мен жұмыс (21-25 сұрақ). Бұл бөлімде ең төменгі 5, 6, 7 баллдар да кездеседі және талдау нәтижелері жас педагогтердің оқу-әдістемелік және нормативтік құжаттарды білу мен қолдану деңгейінде теориялық түсінігі бар екенін, алайда құжаттармен жүйелі әрі терең жұмыс жүргізу дағдысын жетілдіру қажеттігін көрсетті.


Жасырын сауалнаманың нәтижесін кесте түрінде талдасақ, өзінің кәсіби құзыреттілігі туралы сұрақтарға 10 баллдық деңгейдегі жауаптарға басымдық берген. Ол барлық баллдардың 41 % құрап отыр.

I. Өзі туралы

1. Өз педагогикалық дайындығыңыздың жалпы деңгейін қалай бағалайсыз?
2. Таңдаған мамандығыңызға деген кәсіби қызығушылығыңызды бағалаңыз.
3. Педагог ретінде өзіңізге деген сенімділік деңгейін бағалаңыз.

I. Өзі туралы	1 сұрақ	2 сұрақ	3 сұрақ	Барлығы
10 балл	35	67	51	153
9 балл	16	22	28	66
8 балл	42	23	31	96
7 балл	21	9	8	38
6 балл	6	1	3	10
5 балл	3	1	2	6
Барлығы	123	123	123	369

1. Өз педагогикалық дайындығыңыздың жалпы деңгейін қалай баға
123 сәулет



Сонымен қатар жүргізілген жасырын сауалнама нәтижелеріне SWOT-талдауда жүргізілді. Яғни, күшті жақтары, әлсіз жақтары, мүмкіндіктер мен қауіп-қатерлерге де талдау жасалды:

S (Strengths) – Күшті жақтары

• Жас педагогтердің оқу-әдістемелік құжаттармен (оқу бағдарламасы, жоспарлар) жұмыс істеу туралы базалық түсінігі қалыптасқан.

• Сабақ жоспарлау, құрылымын сақтау, мақсат қоюда нормативтік талаптарды ескеруге ұмтылыс бар.

• Заманауи оқыту әдістері мен АКТ құралдарын қолдануға қызығушылық пен мотивация байқалады.

• Кәсіби дамуға, тәжірибе алмасуға және әдістемелік қолдауға оң көзқарас қалыптасқан.

• Инженер-педагогтердің практикалық тәжірибесі оқу-өндірістік үдерісте тиімді пайдаланылуда.

W (Weaknesses) – Әлсіз жақтары

• Бағалау критерийлерін, қалыптастырушы және жиынтық бағалауды қолдану жүйесіз сипатта.

• Рефлексия, өзіндік талдау және оқу нәтижелерін талдау дағдылары жеткіліксіз деңгейде қалыптасқан.

• Әдістемелік әдебиеттермен, ғылыми мақалалармен жұмыс істеу белсенділігі төмен.

• Саралап оқыту, жеке білім алушылардың ерекшеліктерін ескеру тәжірибеде толық жүзеге аспайды.

• Кәсіби өзін-өзі дамыту жоспарлары нақты әрі жүйелі емес.

O (Opportunities) – Мүмкіндіктер

• Әдістемелік орталық тарапынан ұйымдастырылатын оқыту семинарлары, тәжірибе тарату отырыстары арқылы құзыреттілікті арттыру мүмкіндігі бар.

• Онлайн форматтағы іс-шаралар арқылы облыстық, өңірлік тәжірибе алмасуды кеңейтуге болады.

• Тәжірибелі педагогтердің тәлімгерлігі жас педагогтердің кәсіби өсуіне ықпал етеді.

• Цифрлық білім беру ресурстары мен платформаларды пайдалану оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіруге мүмкіндік береді.

• Инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу арқылы оқыту сапасын арттыруға жағдай жасалған.

T (Threats) – Қауіп-қатерлер

• Әдістемелік қолдау жеткіліксіз болған жағдайда жас педагогтердің кәсіби дамуы баяулауы мүмкін.

• Құжаттармен жұмыс формалды сипатта қалып қою қаупі бар.

• Бағалау жүйесін толық меңгермеу оқу сапасына теріс әсер етуі мүмкін.

• Кәсіби күйзеліс (эмоционалдық шаршау) жас педагогтердің мотивациясын төмендетуі ықтимал.

Жас педагогтердің оқу-әдістемелік құзыреттілігі әлеуетті мүмкіндіктерге ие, алайда әлсіз тұстарды жою үшін жүйелі әдістемелік қолдау, практикалық бағыттағы оқыту және тәжірибе тарату жұмыстарын күшейту қажет. SWOT-талдау нәтижелері жас педагогтермен мақсатты әрі жоспарлы әдістемелік жұмыс жүргізудің маңыздылығын көрсетеді.

Пайдаланылған сауалнамаға сілтеме, QR-код:

1. «Жас педагогтердің оқу-әдістемелік құзыреттілігі» жасырын сауалнама <https://forms.gle/Nr5n7mWydzi8b7XA>

2. «SWOT-анализ: принципы и алгоритм проведения» <https://gb.ru/blog/swot-analiz/>



ИСЛАМСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: ОТ ТРАДИЦИОННЫХ МЕДРЕСЕ
К СОВРЕМЕННЫМ ИСЛАМСКИМ УНИВЕРСИТЕТАМ

С.С.Махмет,
Заместитель директора по учебной
работе и преподаватель специальных
дисциплин ЧУ «Колледж медресе Орал»,
педагог-модератор

Аңдатпа:

Мақалада ислам білім беру жүйесінің дәстүрлі медреселерден заманауи ислам университеттеріне дейінгі трансформациясы қарастырылады. Медреселердің қалыптасу себептері, мұсылман қоғамындағы рөлі және модернизация мен жаһандану жағдайындағы өзгерістері талданады. Сондай-ақ білім беру бағдарламаларын жаңарту мен діни және зайырлы пәндерді кіргізу мәселелері қарастырылады.

Түйінді сөздер: исламдық білім беру, медресе, ислам университеттері, модернизация, жаһандану.

Исламское образование на протяжении всей истории мусульманской цивилизации играло ключевую роль в формировании духовных, интеллектуальных и нравственных основ общества. Знание (ильм) в исламе рассматривается не только как средство познания мира, но и как религиозная обязанность каждого мусульманина. Именно поэтому образовательные институты занимали особое место в социальной структуре исламского мира.

На протяжении веков основной формой институционализированного исламского образования являлись медресе — учебные заведения, ориентированные преимущественно на изучение религиозных наук. Однако в условиях стремительных социально-экономических и культурных изменений, начавшихся в Новое и Новейшее время, традиционная система исламского образования столкнулась с серьезными вызовами. Глобализация, развитие науки и технологий, а также распространение светских моделей образования по-

требовали пересмотра устоявшихся образовательных подходов.

В этой связи особую актуальность приобретает анализ эволюции исламского образования, перехода от классических медресе к современным исламским университетам, а также оценки эффективности данной трансформации.

Целью исследования является комплексный анализ исторического развития исламского образования и выявление особенностей современных исламских университетов как новой образовательной модели.

Методология исследования

Методологическую основу исследования составляют исторический, сравнительно-аналитический и системный подходы. Исторический метод позволяет проследить эволюцию исламского образования и выявить ключевые этапы его развития. Сравнительно-аналитический метод используется для сопоставления традиционной модели медресе и совре-

менной университетской формы исламского образования. Системный подход позволяет рассмотреть исламское образование как целостную систему, функционирующую в контексте социальных, культурных и религиозных процессов. Дополнительно применяются элементы богословского анализа при изучении классических теологических источников.

Формирование и развитие традиционных медресе

Первые институциональные формы исламского образования появились уже в ранний период истории ислама. Изначально обучение осуществлялось в мечетях, домах учёных и специальных учебных кругах (халка). С XI века начинается процесс институционализации исламского образования, связанный с появлением медресе.

Особую роль в этом процессе сыграли Низамийские медресе, основанные визирем Низам аль-Мульком. Они стали образцом организованного религиозного образования, с чёткой структурой обучения и системой содержания учащихся. В медресе изучались такие дисциплины, как фикх, хадисоведение, тафсир, калам, арабская грамматика и логика.

Медресе выполняли многофункциональную роль:

- были центрами подготовки религиозных кадров;
- способствовали сохранению и передаче исламской традиции;
- обеспечивали социальную мобильность;
- формировали религиозно-интеллектуальную элиту общества.

Несмотря на высокую значимость, классическая модель медресе была ориентирована преимущественно на воспроизводство традиционного знания, что в дальнейшем стало одной из причин её

кризиса.

Кризис традиционной системы исламского образования

Начиная с XIX века, традиционная система исламского образования столкнулась с рядом структурных проблем. Влияние колониальной политики европейских держав привело к внедрению светских образовательных институтов, которые постепенно вытеснили медресе из ключевых сфер общественной жизни.

Среди основных причин кризиса медресе можно выделить:

- ограниченность учебных программ, ориентированных преимущественно на религиозные дисциплины;
- отсутствие естественно-научных и социально-гуманитарных предметов;
- консерватизм педагогических методов;
- слабую адаптацию к потребностям современного рынка труда.

В результате выпускники медресе зачастую оказывались неконкурентоспособными в современных социально-экономических условиях, что способствовало снижению статуса традиционного исламского образования.

Переход к университетской модели исламского образования

Ответом на вызовы модернизации стало реформирование исламского образования и создание исламских университетов. Данный процесс начался в конце XIX — начале XX века и продолжается по настоящее время.

Исламские университеты представляют собой качественно новую форму образовательных институтов, в которых осуществляется интеграция религиозных и светских знаний. Одним из наиболее известных примеров является университет аль-Азхар, который в XX веке претерпел масштабные реформы, включив в учеб-

ные программы светские дисциплины.

Важную роль в развитии исламских университетов играют страны Юго-Восточной Азии, Ближнего Востока и Центральной Азии. Международный исламский университет Малайзии, исламские университеты Индонезии и Турции демонстрируют успешные модели синтеза исламской традиции и современных образовательных стандартов.

Трансформация содержания образовательных программ

Одним из ключевых аспектов реформирования исламского образования стала трансформация учебных программ. В современных исламских университетах наряду с традиционными богословскими дисциплинами преподаются:

- философия и религиоведение;
- экономика и исламские финансы;
- право и политология;
- педагогика и психология;
- информационные и цифровые технологии.

Данный подход способствует формированию всесторонне развитых специалистов, способных работать как в религиозной, так и в светской сфере. При этом сохраняется фундаментальная роль исламского мировоззрения и нравственных ценностей.

Обсуждение результатов

Результаты исследования подтверждают выводы современных учёных о необходимости модернизации исламского образования при сохранении его религиозной идентичности. Работы А.Б. Халидова, Дж. Эспозито и Р. Хефнера подчёркивают, что успешная интеграция исламского образования в мировое образовательное пространство возможна лишь при условии баланса между традицией и инновацией.

Важно отметить, что чрезмерная секу-

ляризация исламских университетов может привести к утрате их духовной миссии, тогда как изоляция от современных научных знаний ограничивает их социальную значимость.

Заключение

Исламское образование прошло сложный путь эволюции от традиционных медресе к современным исламским университетам. Этот процесс обусловлен глобальными социальными, культурными и научными изменениями. Современные исламские университеты представляют собой перспективную модель образования, сочетающую религиозную традицию и современные академические стандарты.

Перспективы дальнейшего развития исламского образования связаны с расширением международного сотрудничества, развитием научных исследований и дальнейшей модернизацией учебных программ.

Список использованной литературы:

1. Аль-Газали А. «Ихья улумиддин (Возрождение религиозных наук)». Т. 1. – С. 12–35, 52–78.
2. Марджани Ш. «История исламского образования». – С. 41–67, 89–112.
3. Халидов А.Б. «Исламское образование в современном мире». – С. 23–46, 74–98.
4. Эспозито Джон Л. «Islam and Education in the Modern World». – С. 55–78, 101–126.
5. Хефнер Роберт. «Making Modern Muslims». – С. 33–59, 141–168.